

В.Б.
Үйге орал

В. Б.
Үйте
орал



05.399

© «ШЫҒЫС сәулесі» баспасы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	7
Үлкен жаңалық	9
Әкеден алыстау	15
Құдайдан алшақ кеткен кездегі өмір	21
Ояныш – бірінші бөлім	27
Ояныш – екінші бөлім	32
Аса маңызды шешім	37
Тәубеге келу	42
Бет бұру	48
Әкенің көзқарасы	53
Әкенің сүйіспеншілігі	58
Құдайдың мейірімі	62
Құтқаратын сөз	67
Айтылмаған ұсыныс	72
Нағыз мәсіхшінің рухани киімі	76
Той	81
Құдайға бет бұрудың салдары	86
Құдайға бет бұрудың кереметі	91
Үлкен қуаныш	96
Тұңғыш ұл	101
Құдай құндылықтарының өлшемі	107
Өзінің кінәратсыздығына сенімді адам	114
Әкенің шақыруы	118
Рухани туылмаған адамның сөзі	123
Жүректердің ашылуы	128
Таңдау еркі адамның өзінде	134
Қуанышқа шақыру	139
Дұрыс көзқараспен қарап үйрену	144
Нағыз бақытсыздық және нағыз көмек	150
Аяқталмаған оқиға	155

Біреудің екі ұлы болыпты. Кенжесі: – Әке, маған тиісті еншімді беріңіз! – дейді. Сонда әкесі мал-мүлкін оларға бөліп береді. Бірнеше күннен кейін кіші ұлы бәрін жинап алып, алыс бір елге кетеді де, сонда азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады. Бәрін жұмсап бітірген кезде сол елде қатты ашаршылық болып, жігіт мұқтаж-дық көре бастайды. Елдің бір тұрғынына барып, жармасып жүріп, жалшысы болады. Сол оны жайылымдық жеріне жіберіп, шошқасын баққызып қояды. Жігіт шошқа жейтін қабықтарды жеп тойсам деп аңсайды, бірақ оған соны да берменгі. Сонда ол ақылға келіп, ішінен былай дейді: Әкемнің соншама жалшылары нанға тойып жүргенде, мен бұл жерде аштан өлетін болдым. Қой, жолға шығайын, әкеме қайтып барып: Әке, мен көктегі Құдай алдында да сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылда-саңыз екен дейін. Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады. Ол әлі де алыста келе жатқанда әкесі баласын көріп, оған жүрегі елжіреп, алдынан жүгіріп шығады. Құшақтап бауырына басады да бетінен сүйеді. Баласы оған: – Әке, мен Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңыз деп аталуға лайық емес-пін, – дейді. Бірақ әкесі қызметшілеріне бұйырып: – Тезірек ең жақсы шапанды әкеліп, балама жабыңдар, қолына мөр-лі жүзік, аяғына кебіс кигізіңдер! Және бордақыланған өгізшені әкеліп, сойыңдар, ішіп-жеп, көңіл көтерейік! Өйткені менің мына ұлым өлген еді – тірілді, жоғалған еді – табылды! – дейді. Сөйтіп көңілді тойды бастап жібереді. Ал оның тұңғыш ұлы далада жүр екен. Қайтып келе жатып, үйіне жақындағанда ол қуана ән салып жатқан дауыстарды естиді. Қызметшілердің бірін шақырып алып: – Бұл не? – деп сұрайды. – Ініңіз қайтып келді! Әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойып, той жасап жатыр, – деп жауап береді ол. Үлкен ұл ашуланып, үйге кіргісі келмейді. Әкесінің өзі шығып, оны шақырады.

Бірақ ол әкесіне былай жауап қатады: – Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, еш уақытта сізге қарсы шыққан емеспін. Бірақ сіз маған достарыммен бірге отырып көңіл көтеруім үшін, тым болмаса лақта берген емессіз! Алайда бұзылған әйелдермен бірге болып, мал-мүлкіңізді шашып-төккен мына балаңыз қайтып келгенде, сіз оған арнап бордақыланған өгізшемізді сойып, той жасап жатырсыз!

– Ұлым, сен әрқашан менімен біргесің. Барлық меншігім сенікі ғой. Ал мына інің болса, өлген еді – тірілді, жоғалған еді – табылды. Сондықтан қуанып, көңіл көтеруіміз керек қой! – дейді әкесі.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:11-32

ҮЛКЕН ЖАҢАЛЫҚ

... тағы былай деді: „Біреудің екі ұлы болыпты“

Лұқа 15:11

Елші Пауыл бірде Інжілдің мәнісін мынадай бір ғажап сөздермен айтты: „Көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктер“ (1Қор. 2:9). Яғни, Інжіл Шіркеу ойлап тапқан және өзгелерден соны қабылдауын талап ететін қандай да бір қағиданы білдірмейді. Інжілде қызыққұмар адамның естіген жәйттері немесе адам баласының ойлап тапқан нәрселері туралы емес, керісінше құлақ естімеген тың, жаңа нәрселер туралы айтылады: Інжіл тіптен құлақ естімеген нәрселер: жаңалықтар, әшкерелеулер туралы айтады десе болады. Егер бір жерде бір іс әшкереленіп жатса, демек осы уақытқа дейін сол іс жасырын болып келген. Ал ысырапшылдыққа жол берілгендігі әшкереленіп жатса, демек басында сол жерде қымқырып қалып, жеп қоюшылық болған. Сол себептен әшкерелеулер жағымсыз болуы мүмкін. Менің ойымша адамдар Киелі кітапты нақ сол әшкерелейтіндігі үшін ұнатпайды.

Бүгін мен Киелі кітаптың бір ғана аятын оқыдым. Бірақ сол бір аятта қандай ұлағаттылық жатыр десеңізші!

Үлкен құпия

Киелі кітап, дүниеге күнә кіргеннен кейін, жалпы жаратылыста „жасыру, бүркемелеу“ туындады дейді. Күнәнің мәнісі барлық нәрсені жасырып, түнекпен бүркемелеуден тұрады. Алғашында барлығы жарық, ашық әрі айқын

болды. Бірақ кейін дүниеге күнә кірді. Сөйтіп барлық нәрсені түнек басты және ең қорқыныштысы, осының бәріне Құдайдың Өзі қатысты. Біз бастапқыда Құдайдың адамдар арасында ашықтан-ашық жүргенін оқимыз. Ал адамзат күнәға батқаннан кейін, Ол бізден жүзін жасырып, көрінбейтін болды. Иә, Ол көрінбейтін Құдай. Адамдар Оны түрлі бет перделердің астынан іздейді. „Құдай табиғатта!“ Бірақ Ол онда емес. „Бәлкім, Ол халықаралық үлкен оқиғаларда шығар!“ Алайда онда мүлдем басқа күштер. „Құдай менің өзімде!“ Жоқ, өзіңнен басқаның бәрін табарсың, бірақ Құдайды таба алмайсың.

Құдай адамзаттан жүзін жасырған. Көне Өсиетте Ол бізге көрінбей, бағана тәрізді бұлт ішінде келді. Ал кейін Ұлының кейпінде келгеннің өзінде, Құдай Ұлы құл бейнесіне еніп келді. Бұған біздің санамыз жетпейді.

Бірақ бізден тек Құдай ғана жасырын емес. Сондай-ақ шайтан да бізге көрінбейді. Ол Құдай сияқты жасырына алмайды, сондықтан өңін айналдырады. Киелі кітап: „Шайтанның өзі өңін айналдырып нұрлы періште болып көрінеді“ – дейді. Ол дін туралы айтады. Ол адамдарға шынайы бостандық пен абырой беремін деп сендіреді. Бірақ ол адамды соңғы тірегінен айырып, оны азғындық жолға түсіріп, нағыз имансызға айналдырады, сонда адам „Фаустың“ атақты кейіпкері сияқты: „О, Жаратушым, мені осыған итермелеген нәрсенің бәрі жақсы-ақ еді! Сондай жағымды еді!“ – деп айқайлайтын болады.

Бірақ „бет бүркемелеумен“ Құдай мен тозақ қана айналыспайды, бәрінен де бұрын онымен адам айналысады. Адам күнәға батқаннан кейін, бақтағы бұталардың арасына жасырынып қалды. Бұл жасырынудың қарапайым түрі еді. Қазір біз өң айналдырудың неше түрлі жақсы әдістерін үйреніп алдық. Құдайсыз адам ғылыми әрі діни жаңа танымдар туралы айтады. Сараң өзін үнемшілмін десе, жалқау: „Мансапқор болғым келмейді“ – дейді. Қайырымсыз, тас жүрек адам, мені ешкім

дұрыс түсінбейді десе, адамгершіліктен жұрдай болып, кері кеткен адам өзінің пендешілік қиялымен мақтанады. Жалақор өзін „шындықтың досымын“ десе, күнәһар өтірік айтады және оның ұраны: „Менің істеп жүргенімнің бәрі дұрыс және мен ешкімнен қорықпаймын“. Ал уайымшыл адам күнделікті тіршілігімде сенімді әрі адалмын дейді.

Қандай мүләйімсу! Қандай жасандылық! Осыны алғаш түсінгенде, жасандылық пен екі жүзділікке толы бұл әлемде тұншығып өлетін сияқтысың.

Шындық пен жарық қайда? Мен сіздерге айтайын: ол – Құдай Сөзінде. Құдай Сөзі үлкен-үлкен жаңалықтарды ашады. Онда Жаратушы Иенің, шайтанның және адамның кім екені анық ашылады. Оны оқыған адам: „Сенің Сөзің маған таным береді“ және „Сенің нұрыңда біз нұрды көреміз!“ – деп жар салады.

Құдай Өзін ашады

„Әкесінің екі ұлы болыпты“. Осы бір ауыз сөзде Құдай бізге Өзін ашып көрсетіп тұр. Құдай Кім? Құдай – бұл „жоғары деңгейдегі тіршілік иесі“ немесе „тағдыр“, „көріпкел“, „табиғаттың күші“ емес. Құдай – Ол „Әке“. Бұны ешбір адам өзі танып білген емес. Бұны бізге ашып көрсеткен Інжіл кітабы.

Құдай – Ол „Әке“. Осы сөздің мағынасын қалай түсіндіруге болады? Біз тек жердегі әкелерімізді ғана білеміз әрі Құдаймен салыстырғанда олар тек жаман әкелер.

Бірде түрмеде отырып, жан арпалысымды басқаным бар. Айнала да, жүрегім де тыныш болатын. Кенет, көшеден баланың жылаған дауысын естідім. Мен оны көрген жоқпын, тек дауысын ғана естідім. Қапыда, мен оны балаларымның бірі ме деп қалдым. Сонда ішкі дүниемдегі тыныштық бұзылып, жүрегім аласұрып кет-

ті. Дәл сол кезде мен „әкенің“ қандай болатынын түсіндім: бұл балаларыңды дүниедегі ең асылың ретінде жақсы көргендіктен, жүрегінде оларға деген сүйіспеншілік отының лаулауы.

Құдай – „Әке“. Ал біз – Оның балаларымыз. Оның зұлым балаларымыз. Одан қашып кеткен балаларымыз. Бірақ – Оның балаларымыз. Бұл қандай керемет жаңалық!

Балалар өз ата-аналарын тастап кете алады. Бұл өте өкінішті. Күйеулердің өз әйелдерін тастап кететіні де қайғылы жайт. Жолдасы досын тастап кетеді. Бірақ әке өз баласын тастай ала ма?

Киелі кітап өз әкесі Дәуітке қарсы шыққан Абессалом туралы таң қаларлық оқиғаны әңгімелейді. Дәуітке өз баласынан қашуға тура келді, сол екі арада соғыс басталып кетіп, Абессалом қаза болды. Осы жеңіс туралы хабарды естігенде Дәуіт қуанбақ тұрмақ, керісінше күңірене жылап: „О, ұлым Абессалом, сенің орныңа мен өлсем не етті!“ – деп жоқтау айтты.

Сол сияқты Құдай да – „Әке“, бірақ Ол біз ойлағаннан басқа „Әке“. Білесіздер ме, бұл жалған неге бақытсыз? Себебі ол Әкесіз өмір сүргісі келеді. Құдайдың адасқан пендесі, Фолғотаға, жан тапсырғалы жатқан Құтқарушының жүзіне назарыңды салшы! Сонда Құдайдың жүрегі сен үшін қалай сыздайтынын көресің. Құдайдың киелілерімен бірге: О, Әке жүрегі, па шіркін нұр мен өмір! О, адал бақташым Еммануил ... Бұдан былай мен өзімді өзім басқарғым келмейді. Енді өз баласын Әкесі Өзі жетелеп жүрсін“ – деп әндететін адам бақытты.

Адамның әшкереленуі

Иә, бұл оқиға кез келген адамды, соның ішінде мені де, сені де әшкерелейді. „Біреудің екі ұлы болыпты“. Осы екі ұл бүкіл адамзат баласын суреттейді. Әркім осы екі

ұлдың бірінен өз бейнесін табады. Адам дегеніміз не? Құдай – шынайы Әке. Ал біз шынайы балалар болып табыламыз ба? Жоқ. Екі ұл да қатал, мейірімсіз әрі Әкесінен безген ұлдар. Екеуінің де Әкесімен араларындағы байланыстары үзілген. Екеуі де Әкесін не жау, не маңдайының соры сияқты көреді. Біз сондаймыз. Құдай біз үшін ауыртпалық сияқты. Бізге дүниенің қызығын Онсыз татқан көбірек ұнайды.

Екі ғана ұл бар. Адамдар тек екі түрге ғана бөлінеді. Бірі үйден безіп, әкесіз жеңіл жүрісті өмір кешеді. Екіншісі үйде қалады. Бірақ оған әкесі емес, дүние-мүлік пен бақ-дәулет маңызды.

Біз сондаймыз! Киелі кітап бізді солай деп әшкерелейді. Бұл жерде бір мезгілде бүкіл әлем әшкереленеді. Әлем дегеніміз не? Бүлініп, тоз-тозы шыққан Құдайдың отбасы. Әрбір газет Құдайдың талқандалған отбасының дәлелі іспетті.

Мүмкін біреу: „Инжіл дегеніміз осы ма? Әкеміз жүзін жасырып, ал балалары күнәға батып, қайғы-қасірет шегіп жатқан Құдайдың талқандалған отбасы деген адам төзгісіз шындық па?“ – деп сұрайтын шығар.

Жоқ! Инжіл одан да зорын айтады. Ол: Жаратушы Ие бізге ашылды, Ол бізге жаны ашысын деп, Өзінің жалғыз Ұлын жіберді. Сондықтан Иса Құдайдың бүлінген отбасын қайтадан қалпына келтіру үшін, осы дүниеге келіп, өліп және қайта тірілді, – деп жариялайды.

Қиқарлыққа салынып, қарсыласуды қойыңыз! Үйге оралыңыз! Құдай Ұлына сеніңіз!

Оған сенетіндер туралы: енді ол Құдайдың отбасына жат немесе келімсек емес, керісінше сол шаңырақтың мүшесі деуге болады.

Сондықтан Исаның Қауымы осы әлемде үлкен маңызға ие, өйткені ол Құдайдың отбасының жаңа бастамасы. Ол әлемнің барлық қайғылары мен күйзелістеріне қарамастан, келешектің зор уәдесі болып табылады.

„Біреудің екі ұлы болыпты“. Шіркін, егерде біз Құдайдың: кішіпейіл – бірақ айыққан: күнәларымызға өкініп, опық жеген – бірақ үйге оралған: бір кездері адасқан – бірақ „енді өзімізді бағып жетелеп, жанымызды қорғап жүретін „Бағушымызға“ қайта оралған!“ шынайы ұлдары болсақ қой!

ӘКЕДЕН АЛЫСТАУ

Кенжесі: – Әке, маған тиісті еншімді беріңіз! – дейді. Сонда әкесі мал-мүлкін оларға бөліп береді. Бірнеше күн өткеннен кейін кіші ұлы бәрін жинап алып, алыс бір елге кетеді де, сонда азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады.

Лұқа жазан Ізгі хабар 15:12-13

Біздің өмірімізде себеп пен оның салдарының көбінесе бір-бірімен тікелей байланыстылығы соншалық, біріншісі болса, екіншісі міндетті түрде болмақ. Егер біреу қайтсем де күнге күйемін деп, күнге қыздырынып ұзақ уақыт жатып алса, ол міндетті түрде *қатты күйіп қалады*. Егер біреу ақшаны дұрыс жұмсай білмесе, айдың аяғында *аш қалады*.

Құдай Сөзі де, себеп пен салдардың сондай өзара байланыстылығы туралы айтатынын білетін бе едіңіз! Еремия пайғамбардың кітабынан біз: „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап, ойланып көр“, – дегенді оқимыз (2:19).

Бұл сөзді дүниедегі бүкіл адамзатқа қатысты қолдануға болады. Менен: „Құдай осы азаптар мен бақытсыздықтарға қалайша жол береді?“ – деп жиі сұрайды. Бұған тек бір ғана жауап бар: „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап, ойланып көр“.

Осы сөзді халқымызға қатысты да қолдануға болады. Сонда жанымыз түршігеді.

Бірақ осы сөзді өзімізге де қолданайық. Бұл Құдай Сөзін зерттеуде әрқашан жақсы нәтиже береді.

Осы әңгіме егер біз Жаратқан Иеден бет бұрып, Оны

тастап кетсек, не болатыны туралы үш бөлімге бөліп айтады.

Бірінші бөлім

„Кенжесі: – Әке маған тиісті еншімді беріңіз! – дейді“.

Бұл сөз бізге өзі әлі Құдайға сенетін әрі діндар тәни адамның қалпын көрсетеді. Бірақ ол Құдайдың Иса арқылы берген құтқарылу жолы туралы да, рухани туылу жөнінде де, Құдаймен бірге сүретін өмір жайлы да ештеңе білмейді. Осы кейіпкерден көпшілігіміз өзімізді көреміз деп сенемін.

Ұл әлі әкесінің қасында, тәни адам да дүниеге Құдайдың қатысуымен келеді. Киелі кітап: „Ол әрқайсымыздан алыс емес“ – дейді (Елш. іст. 17:27).

Ұлы тіптен әкесімен сөйлеседі де. Бірақ бұл қандай аянышты дұға! „Әке, маған тиісті еншімді беріңіз“. Біз бұл жерден ызғарлы салқындықты көреміз. Рухани туылмаған адамның өз Жаратушысының алдындағы кейпі – мұздай суық. Мен итін немесе тотықұсын жоғалтып алғанда қатты қайғырған адамдарды көргенім бар. Бірақ Құдайға бола олар дәл солай бір тамшы да жас төкпейді. Сондай-ақ жалақыларын көбейткенде, жүздері нұрланып, су жаңа алтын тиындай жалтыраған адамдарды да көрдім. Бірақ Құдай Әкенің сүйіспеншілігі олардың жүрегін дәл солай тебіrentпейді.

Достарым, өздеріңізді тексеріп көріңіздер, бәлкім сіздер де дәл сондай суық, салқынқанды шығарсыз! Олай болса, қанша діндар болсаңыз да адасқан ұл болып есептелесіз.

Оның дұғасына назар аударайық. „Әке маған ... беріңіз“. Иә, рухани туылмаған адам да сиынады. Бірақ оның дұғасы сондай аянышты! Бұл дұғада Әкенің мейірімділігіне деген титтей де алғыс жоқ. Бұл дұға адал сүйіс-

пеншілікті білдірмейді. Керісінше: „Әке маған ... беріңіз!“ дейді. Әке оған тек бір нәрсе қажет болғанда ғана керек.

Сен Құдайға даяшы сияқты қарайсың. Мейрамханадағы даяшыға сен немқұрайды қарайсың ғой, солай емес пе. Ең бастысы, ол саған жейтін бір дәмді тағам әкеп берсе болғаны. Құдайға да дәл солай қарайсың. Одан бір нәрсе алғың келеді, бірақ Оның Өзін танып-білуді жүрегің қаламайды.

Ұл: „Маған бер!“ – дейді. Осылайша ол өзінің ниетінің қандай екенін көрсетеді: бізге тек өзіміз ғана маңыздымыз. Әкемді немесе ағамды ойлап несін басымды қатырамын деп шешті ол. Мен өз еншімді алғым келеді. „Әке, маған беріңіз“.

Өз қалауын іске асырғысы келетін өзімшілдік ұлға қасірет алып келді. Басымызға түсіп жатқан бар қайғы-қасіреттеріміз, барша алаңдаушылықтарымыз бен бүкіл дау-жанжалымыз осыдан шығады. Біздің қасарысып қалған „Меніміз“ Мәсіхпен айқышқа керіліп, бізге құтқарылу сыйлаған сәт қандай тамаша еді!

„Әке, маған бер“. Қараңызшы, осы бір мысал – керемет оқиға. Жердегі әке ұлдың ондай тілегін әлбетте орындамаған болар еді. Бірақ Құдай ондай емес. Ол адамдарға өз жолымен жүруге рұқсат етеді. Сондықтан да Ол береді. Иә, Құдай: өмірді, денсаулықты, қаражатты, мал-мүлікті, тамақты, киім-кешекті, күннің жылуын, жаңбырды үздіксіз береді. Ол тіпті „біз шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы болсын“ деп Өзінің Жалғыз Ұлын да берді.

Сонымен ұлы еншісін алды. Мен осы әңгімеден оның „рақмет“ дегенін көрмедім. Міне, біздер қандаймыз.

Екінші бөлім

„ ... бәрін жинап алып, алыс бір елге кетеді“.

Адам біз жоғарыда айтып кеткендей күйде мәңгі-бақи қала алмайды. „Дін болу керек“ дейді адамдар. Олар: жұбаныш пен баспана болып табылатын Құдайды білген жаман емес деп ойлайды. Бірақ Әке бізден Оның өсиеттерін орындауымызды талап етеді: „Ата-анаңды сыйла!“, „Оны құрметтеу үшін жетінші күнді ұмытпа!“, „Неке адалдығын бұзба!“, „Ұрлық істеме!“, „Біреуге жала жаппа!“ Мұндай талаптар ұлдың еңсесін баса бастайды. Сәл ғана шектен шыққанның өзіне-ақ айыпты екенінді сезініп, үнемі қиналып жүргенді кім қалайды дейсің. Бірде: „Мен өз парызымды өтеп жатырмын. Ал егер Құдай одан да көп талап етсе, онда Оның ұсақшыл болғаны“ – деген екен біреу. Құдайдың қасында жүруді ауырсынатын тәни адам осылай дейді. Сонда ол шешім қабылдайды. Әрине, бірден емес. Басында ол үрейленіп, қорқады. Біз: „бірнеше күн өткеннен кейін“ дегенді оқимыз. Өз Жаратушы Иеңнен жалтару оңай нәрсе емес! Дегенмен, сосын ол бәрібір кетеді. „Алыс елге кетеді“. Иә, Құдайсыз дүние алыс әрі кең байтақ! Онда миллиондаған адамдар не қаласа, соны істеп, шат-шадыман өмір кешуде. Оларға бұдан басқа не керек? Өмірден артта қалып қойған әкенің үйіне жармасып не керек?! Заманға сай адымдау керек емес пе!

Иеміз Иса бұл оқиғаны иудей елінде айтып берген. Сондықтан біз мына бір ерекше жағдайға назар аударуымыз керек. Исаның елінде шошқалар лас деп саналған. Адасқан ұл кеткен алыс елде шошқалар асырайтын. Ол елде жануарларды таза, лас деп ажыратып жатпайтын еді. Жас жігітті еліктірген де дәл осы жағдай болатын. „Қандай керемет!“ деп ойлады ол. Шектеу қоймайтын ел!“ Онда жас жігіттердің „дос қыздары“

болды әрі ешкім оны ерсі көрмеді. Онда өтірік айтуға болады және өтірікшіні епті деп санайды. Ол жақта аузыңа не келсе, соны айтуға да, балағаттауға да, ұрсысуға да болатын. Сонымен, ол кетіп қалды. Жоқ, ол әкесінен елеусіз ғана аулақтап кетті.

Әкеден алыс – жыраққа кетті. Қаншама көп адамдар осылайша Құдайдан жырақтап кетеді! Егер араларыңызда дүние-мүлкін жинастырып, кеткелі жатқан адам бар болса, мен оған: жас жігіт дәл үйінен кеткен кезден бастап: „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап, ойланып көр“ деген сөздерді Жаратушымыз үнемі оның есіне салып отырды деп айтқым келеді.

Үшінші бөлім

„Сонда азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады“.

Иса осы оқиғаны таңқаларлықтай етіп әңгімелейді. Жас жігіттің өмірінің осы кезеңін бәріміз де егжей-тегжейлі білгіміз келеді, солай емес пе? Бірақ Киелі кітап күнә туралы айтқанда, тек бір ғана сөйлемді қолданады: „азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады“. Киелі кітапқа біздің Құдайсыз сүрген өміріміз туралы әңгімелеудің қажеті жоқ. Ол өмір бізге онсыз да жақсы таныс.

Сонымен, жас жігіт өмірі мәңгі-бақи солай өтетіндей өмір сүрді. Бірақ өмір осылайша мәңгі-бақи жалғаса бермейді. Бізбен де солай. „Құдай әр адамның бір рет өліп, содан соң қиямет сотының алдында тұратынын белгілеген“ (Евр. 9:27).

Адасқан ұлды қоя тұрып, тағы да әкеге оралайық. Әке не істеді? Ұлы кеткен сәттен бастап, ол адасқан ұл қайта оралмас па екен деп күте бастады. Ол ұлының

артынан сүйіспеншілігін молынан жаудырды. „Күні бойы қол созып шақырумен болдым“, – дейді Құдай Өз Сөзінде.

Бурнандтың жан тебіренерлік суреті бар. Онда әке өз үйінің төбесіне шығып алып, ұлым келе жатқан жоқ па екен деп қарап тұр. Ол көзін қолымен көлегейлеп, алысқа назар тігеді. Жүзінде сағыныш пен сүйіспеншіліктің және торығудың ізі байқалады. Құдай сені дәл осылай іздейді, соны білесің бе?

Ол одан да көп нәрсе жасайды: „Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады“ (Жохан 3:16).

ҚҰДАЙДАН АЛШАҚ КЕТКЕН КЕЗДЕГІ ӨМІР

Бәрін жұмсап бітірген кезде сол елде қатты ашаршылық болып, жігіт мұқтаждық көре бастайды. Елдің бір тұрғынына барып, жармасып жүріп, жалшысы болады. Сол оны даласына жіберіп, шошқасын баққызып қояды. Жігіт шошқа жейтін қабықтар жеп тойсам деп аңсайтын, бірақ оған соны да берменгі.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:14-16

Адам жанының құтқарылуы туралы көптеген сұхбаттарында қатерлі қауіппен жиі кездесемін. Рухани туылмаған адам: „Мен де Құдайға сенемін!“ – дейді. Ах, қадірменді ағайын, мәселе тек сонда ғана болса екен! Адасқан ұл да әкесіне сенді. Алыс бір жерде әкесінің бар екеніне ол бір мезет те шүбә келтірген жоқ. Бірақ оның бақытсыздықтарға душар болу себебі, ол өз әкесінен алшақ кеткендіктен туындады.

Біздің жағдайымыз да дәл солай. Құдайдың бар екеніне сенеміз бе, әлде сенбейміз бе – бұл тіптен маңызды емес. Біздің алдымызда: Құдаймен татуымыз ба? – деген сұрақ тұр. Біз Құдаймен бірге және Құдайдың күшіне кенеліп өмір сүрудеміз бе?

Осы әңгіме адамның Құдайдан жырақ кеткендегі өмірін көрсетеді. Анығырақ айтсақ, ол бізге Құдайсыз өмірдің бізді қайда алып баратынын көрсетеді. Құдайдан алыс кеткен кездегі өмірдің көңілді және қуанышты тұстары да бар. Ол туралы басында әңгімеленді: „...алыс бір елге кетеді. Сонда азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады“. Ол жерде өмір қыз-қыз қайнап жатқан және осы жалған дүниенің үш әміршісі: ашкөздік, тән құмарлығы және тәкаппарлық билігін жүргізіп тұрған.

Бірақ бұл ұзаққа созылмады. Біраздан кейін Құдайдан алыс сүрген өмірдің шындығында қандай екендігі белгілі болды.

Ашаршылықтағы өмір

„Бәрін жұмсап, бітірген кезде, жігіт мұқтаждық көре бастайды“. Сәл төменірек: „Жігіт шошқа жейтін қабықтарды жеп тойсам деп аңсайтын, бірақ оған соны да бермепті“ дегенді оқимыз.

Мен адасқан ұл басынан кешкенді өз бастарынан кешкен бір отбасы туралы естігенмін. Олар ештеңеден тапшылық көрмей, тамаша өмір сүріп жатыпты. Бір күні оларға Исаның бір адал шәкірті кездесіп, олар жүректеріне Исаны қабылдап, Оған үйінің төрінен орын беруге тиіс екендігін айтқанда, олар тәкаппарлана жымиды және отағасы: „О, біз Онсыз да күн көре аламыз. Біз білімді адамдармыз ғой“ – деді.

Арада бірнеше жыл өткеннен кейін ұлы олармен араздасып, үйден кетіп қалады. Әбден қиналған анасы ауырып, төсек тартып жатып қалады. Ол қасына қызын шақырады, бірақ ешқашан үйде отырмайтын ол сауықсайран іздеп кетіп қалды. Ал отағасы болса, кабинетіне кіріп алып, фирманы төніп тұрған күйреуден қалай құтқарудың жолын іздеп, басы қатып отырды. „Ал енді білімдарлықтарыңнан күш, жұбаныш, үміт тауып көріңдер!“ – деп мазақ қылды шайтан оларды. „Сонда олар мұқтаждық көре бастады“.

Бірақ бұл тек материалдық мұқтаждық емес. Жаны „ашығып“ тұт ағашының басында отырған Зақайды естеріңізге алыңыздаршы. Оның ақшасы да, мүлкі де жеткілікті болды. Бірақ ол бейшараның жаны күйзелді.

Әлемге танымал Рим шешені Цицеро бірде былай де-

ді: „Мен дәмін татып көрмеген ештеңе қалмады, бірақ жан тыныштығын беретін нәрсені таппадым“.

Ал өлім аузында жатқанда бұл мұқтаждықты қалай байқауға болады.

Айтшы, өлгелі жатқаныңда саған не нәрсе жұбаныш берер еді? Басыңнан өткен ләззаттар ма? Олар сені тек айыптайтын болады. Ақшаларың ба? Саған оларды осы дүниеге қалдырып кетуге тура келеді. Өтеген парыздарың ба? Ол сені жұмаққа апармайды. Англияның Құдайсыз королі Генрих VIII өлер алдында шарап тола бокалды ең соңғы рет құрғатып: „Міне, солай мырзалар, енді патшалық та, жан да, тән де, өмір де – бәрі бітті“, – деген екен. Ал адасқан ұл туралы: „мұқтаждық көре бастады“ делінген. Онда тұрған не бар? Ол бай, үлкен елде тұрып жатқан жоқ па еді? Бірақ ол жан-жағына қарап, кенет сол елге тіптен басқаша көзқараспен қарай бастады. Бұл елді ашаршылық жайлаған екен.

Иә, бұл солай болады. Бастапқыда жалған дүние тамаша сияқты болып көрінеді. Бірақ жан-дүниенді мұқтаждық жанап өткенде, бұл дүниені ашаршылық жайлағанын байқайсың! Айналаң ашығып, өліп жатқан жандарға толы! Жан-дүние тек Құдай Сөзімен және: „Шынайы өмір сыйлайтын „нан“ Менмін“ деген Құтқарушының Өзімен ғана қоректенеді. Бірақ адамзат бұл тамақтан бас тартты. Сондықтан қазір рухани ашаршылықтың болып жатқандығы таңқаларлық жәйт емес. „Сол елде қатты ашаршылық болыпты“. Аштық басталды. Біз ол туралы Амос пайғамбардың кітабынан оқимыз: „Міне, Мен нан мен су ашаршылығын емес, Құдай Сөзін естуді аңсайтын ашаршылықты жіберетін күндер тұмақ. Сонда адамдар Құдай Сөзін іздеп теңізден теңізге шарқ ұрып, солтүстіктен шығысқа жер кезіп, тентірейді, бірақ оны таппайды. Сол күні аштықтан сұлу жігіттер мен қыздардың өңі солғындайды“.

Аянышты дүние! Құдайдың балаларына қандай жақ-

сы. „Әділдер тойынғанша жейді“ (Нақыл сөздер 13:25). Оларда өмір наны – Иса бар. Сондай-ақ олар: „Тәңір менің – қамалым әрі қалқаным: жүрегім Содан үміттенетін, сонда Ол маған көмектесті, сонда жүрегім қатты қуанды: мен оны жырыммен мадақтаймын“ – дейді (Забур 27:7).

Қорлық өмір

„Елдің бір тұрғынына барып, жармасып жүріп, жалшысы болады. Сол оны даласына жіберіп, шошқасын баққызып қояды“. Бұл еркетотай болып өскен жас жігіт үшін оңай болған жоқ. Дегенмен, оның жағдайы солай болды. Әкесінің сүйіспеншілігінен бас тартқан әркім адамдардың тасжүрек екенін біле бастайды. Құдайға бет бұрғысы келмейтін адам басқалардан пана іздеп, солардың құлы болады.

„Сол оны даласына жіберіп, шошқасын баққызып қояды“. Ол жерде өтініштер жасап, сөз байласып жатпады. Онда тек қатал қажеттілік қана болды. Иә, оның досы осы жалған дүние болды. Сол досына бола ол өзінің әкесін және Құдайды тастап кетті. Енді осы дүние оған өз дегенін істетті. „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап, ойланып көр“.

Адасқан ұл жалданған, Құдайдан алыс сол елдің „тұрғыны“ жайлы бір-екі ауыз сөз айта кеткен жөн. Белгілі бір уағыздаушы ол туралы былай деді: „Мәсіх оны бізге әдейі беймәлім қалдырған, аштықтан қалжырататын мәңгі ашаршылық елінде тұратын, Құдайға істеп жүрген қызметін қалдырғандар барып жалданатын осы мырза, сол тұрғын – кім? Оның атын атамай-ақ қояйық. Алайда, күнәдан аулақ болайық, әйтпесе ол „тұрғын“ сол арқылы бізге билігін жүргізетін болады?

„Сол оны даласына жіберіп, шошқасын баққызып қояды“. Иса бұл оқиғаны шошқа лас жануар деп санайтын елде айтып берді. Оны естіген әркім мұның астарын түсінді: ұл толықтай ластыққа берілді. Енді ол соған қызмет етуі керек.

Күнәмен де солай болады. Алдымен біз оны ермек етеміз, онымен ойнаймыз. Кейін ол бізге билігін жүргізіп, бізді қорлайды. Алғашында күнәні біз өзіміз қалаймыз – кейін күнә жасауға міндетті боламыз. Шайтан алдымен бәріне бостандық беремін деп уәде етеді, сосын шынжырмен бұғаулап тастайды. Адамдық ұлдың өз қорлығына тісін қайрағанынан не пайда! Енді ол ластық жайлаған дүниеде тұруға тиіс.

Д. Хамберг бірде: „Тозақтың өзі ғана емес, бірақ соған апаратын сүрлеу де қайғыға толы. Әкенің үйінде тұрып, бір кезде Құдаймен жарастықты басынан кешкен қаншама адамдар өз өмірлерін өздері жердегі тозаққа айналдырып, итшілеп өмір кешуде. Басқа неке, бөтен отбасылық өмір, жұмыс орнындағы басқа қиыншылықтар тозақтың адам өміріне тигізіп жатқан ықпалын сезінуге мүмкіндік береді“ – деді.

Құдайсыз өмір – бұл қорлықтағы өмір. Ал, Құдаймен бірге, рақымшылыққа бөленіп сүрген өмір – асқақ та еркін өмір. Ханнаның мадақтау жырында: „Жарлыны сорлы халінен құтқарады, мүсәпірді мүшкіл күйінен көтереді, әміршілермен төрге отырғызады, сыйлы орынды иелікке береді, жердің негізі Тәңірдің меншігі, үстінен орнатқан бүкіл дүниені“ – делінген (Патшалықтар туралы 1-жазба 2:8).

Жалғыздықтағы өмір

Бұл жерде „ешкім“ деген таң қаларлық сөз жазылған. „Оған ешкім де бермепті“. Жігітім, сенің достарың

қайда? Қайда олар? Шын мәнінде, ешқандай да досыңның жоқ екенін енді ғана байқадың ба? Ал саған жақсылық тілеген адамды сен тастап кеттің. Көрдің бе, сен достарыңды мүлде қызықтырмайсың да? Олар сені тек *пайдаланып* қана қалғысы келді. Ал сенің жеке басың оларды қызықтырған емес. Енді сен мүлдем жалғызсың.

Жас Дюрердің адасқан ұл бейнесін мысқа бедерлеп салған суретін көріп пе едіңіз? Онда үлкен үй-жай мен жазық алқаптар бейнеленген. Бірақ, айналада жалғыз адасқан ұлдан басқа тірі жан жоқ. Ол тізерлеген күйі, шошқалардың ортасында бармағын тістеп, күңіреніп отыр.

Мүлдем жалғыз! Құдайсыз өмірде мүлдем жападан-жалғыз қаласың. Бұл шынымен де солай. Яһуданың өмірінің соңғы сәттерін есіңізге түсіріңіз!

Әкенің үйіндегі өмір мүлдем басқаша! Достарым, менің бірнеше күндер бойы бірде-бір жан кездестірмеген күндерім болған. Бірақ Исаның Өз сөзіне берік екеніне көзім анық жетті: „Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін, әр күні өздеріңмен бірге болып сендерге жар боламын“ (Матай 28:20). Салтанатты даңққа бөленген Қауыммен, жалған дүниемен күресіп жүрген Қауымдағы бауырластармен мен де Рухта байланыстым! „О, Ием, менің жаным Сені іздейтін, Сені сүйетін балаларыңды соншалықты сүйеді...“

Ояныш

Бірінші бөлім

Сонда ол ақылға келіп, ішінен былай деді: әкемнің соншама жалшылары нанға тойып жүргенде, мен бұл жерде аштан өлетін болдым!

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:17

Немістің мынадай бір балалар өлеңі бар: „Мен кішкентай баламын, менің күшім де аз. Менің құтқарылғым келеді, бірақ соны қалай істеуді білмеймін“.

Осыған ұқсас жағдайды көптеген адамдар басынан кешеді деп ойлаймын. Олар құтқарылғысы келеді, Жаратқанмен татуласып, жұмаққа барғысы келеді, бірақ оны қалай істеуді білмейді.

Ондай адамдар Құдай Сөзіне құлақ түріп, Оған жүректерін ашсын деймін, өйткені осы және келесі аяттарда Иеміз Иса мәңгі құтқарылуға апаратын жолды дәлме-дәл көрсетеді.

Хал үстінде жатқан әкем бірде: „Менің құтқарылғым келеді және оны қалай істеуді білемін“ – деді көңілдене күбірлеп. Бәріміздің сондай адам болғанымызды қалар едім, бәріміз де солай айта алсақ қой, шіркін!

Осы бағытта жасауға тиіс алғашқы қадам – ояныш.

Өзіңнің аянышты халіңді түсіне бастайсың

„Ал мен бұл жерде аштан өлетін болдым“, – дейді адасқан ұл. Өзінің Құтқарушынсыз адамның халі сондай аянышты. Өмірінің өзі аянышты жағдайда, ал өлім аузындағы халі тіптен мүшкіл және бәрінен де бұрын

Құдай Сотының алдына баратынын айтсаңызшы! Барлық жерде еститініміз: „Мен өліп барамын“.

Адасқан ұл мұндай күйге қалай түсті? Оның бар өмірі бір нәрсеге ғана бағытталды: „Қара басымның құмарлықтарын қанағаттандыру“. Оның алғашқы тілегі әлемді кезіп көру болды: „алыс бір елге кетеді“. Сосын опасыз құмарлықтар пайда болды. Біз жас жігіттің өмірі туралы тек үш сөйлемді ғана білеміз және олардың бәрі де оның тек бір нәрсеге ұмтылғанын: өз құмарлықтарын қанағаттандырғысы келгенін айтады: „Азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылды“. „Ол еншісін жезөкшелерге шашып ысырап қылды“. „Ол шошқа жейтін қабықтар жеп, тойсам деп аңсады“.

Құмарлықтар, құмарлықтар! Ал құмарлықтарды қанағаттандыруға деген ұмтылыстардың ақыры – „Мен аштан өлетін болдым“ деп бармақ тістеумен бітпек. Міне, Құдайдың күшінің көмегімен өмір сүруден бейхабар пенденің кейпі осындай.

Гректердің өлілер әлемі туралы қызық түсініктері болған. Бірақ сол түсініктерде титтей де болса шындықтың үлесі бар. Мәселен, олар Данаидтер туралы айтады. Олар тозақтағы бір бөшкені толтыруға тиіс. Бірақ бөшке түпсіз. Одан бәрі ағып кетеді. Ал олар болса азаннан қара кешке дейін жұмыс істеп, әбден қалжырайды. Бірақ олардың ыждағатпен істеген барлық істері бос әурешілік.

Өз құмарлықтарын қанағаттандыруға ұмтылатын адам да дәл солай. Бірақ, соған қарамастан, ол соны мәңгі құрдымға кеткенге дейін жалғастыра береді.

Сонда осы азаптарды ешкім тоқтата алмағаны ма? Әрине, тоқтата алады. Оны Киелі Рух тоқтата алады. Ол адамдардың бекер істерін тоқтатуына ықпалын тигізеді. Бұл ояныш деп аталады. Сенің жүрегіңе Киелі Рух әсерін тигізгенде, сен оянасың және өзіңнің аянышты халіңді көресің. „Ал мен аштан өлетін болдым“.

Әкеңді сағына бастайсың

Адамның Иса Мәсіхсіз сүріп жатқан өмірінің соншалықты аянышты екенін түсінгені қандай керемет. Бірақ „ояныш“ үшін бұл әлі жеткіліксіз.

Көптеген адамдар өздерінің аянышты халін түсінді, бірақ ілгері қарай қадам басқан жоқ. Ұлы Фридрихпен жиі араласқан имансыз Вольтерді еске салып кетейін, ол: „Мен ешқашан туылмасам деп едім“ деген. Ал жанына керектің бәріне: бақ пен дәулетке, атақ-даңққа, қадір-құрметке ие болған Гете ше, ол Экерманға: „Негізінде, менің өмірім тек еңбек пен әурешіліктен ғана тұрды. Өзімнің 75 жыл жасаған ғұмырымның ең болмағанда төрт аптасы да нағыз қанағаттанумен өткен жоқ. Ылғи қайта-қайта домалап кете беретін тасты қайтадан кері домалатумен болдым“. Бұл адасқан ұлдың: „Мен аштан өлетін болдым“ дегені сияқты. Соған қарамастан, бұл адамдар алдыға қарай ілгерілеген жоқ. Неліктен? Себебі олар өздеріне: „Неге мен сондай бақытсызбын?“ деген сұрақты қоймады.

О, тыныштық атаулыдан жұрдай, адамның мазасыз жүрегі! Сен бір рет те болса өзіңнен: „Неге мен сондай бақытсызбын?“ деп сұрап көрдің бе? Адасқан ұл оның жауабын білді: „Өйткені мен әкемнен алыс кеттім“. Ол: „Әкемнің соншама жалшылары нанға тойып жүргенде, мен аштан өлетін болдым“ – деді. Нағыз ояныш – бұл – адамның өз Құтқарушысын сағына бастауы.

Біреуді қатты сағынған кездеріңіз болды ма? Менің ойымша, біздің мейірімсіз заманымызға ондай сезім таңсық нәрсе. Менің әлі кішкентай бала кезім, әке-шешемнің достары маған каникулды біздің қала сыртындағы үйімізде өткіз деп шақырды. Мен оларға қуана-қуана ілестім. Бірақ, онда барған соң үйді сағына бастадым. Мені қуантып, көңілімді аулау үшін олар қолдарынан келгенін істеп бақты. Бірақ маған ештеңе көмектеспеді.

Бір күні қауымға барар жолда пошташы маған бір хат берді. Оны кіші қарындасым жазыпты. Ол әлі жақсы жаза алмайтын еді, сондықтан „и“ әрпі мен „е“ әрпінен ғана тұратын екі тіркес жазыпты. Бірақ осы хат менің жан-дүниемнің астаң-кестеңін шығарды. Мен қауымда отырып, көз жасымды көл қылып жыладым.

Оянған жүректермен де дәл осылай болады. Бәлкім, ол бұрын мәсіхшілік туралы көп сөз таластырып, данышпан сөздер айтқан шығар. Бірақ жүрегі мұз күйінде қала берді. Ал егер жүректегі мұз еріп, ояныш пайда болса, онда тек бір нәрсені ғана білесің: „Марал мөлдір суды қалай аңсаса, О, Құдай, жаным солай, сені аңсайды“ (Забур 41:2). Сонда Бақташының әр дауысы, мейірге толы әрбір қимылы жүрегіңді тебірентеді.

Ондай жүрек Исаға деген сағынышқа толғанда, бұл жалған дүние оны жұбатып, алдаусыратқысы келеді. Егер ол бұл ойын жүзеге асырса, онда бізге қасірет!

Исаға деген сағыныш қасиетті! Ондай оянышты басынан кешкен адам бақытты. Ол дұрыс жолда келе жатыр. Исаға деген сағынышқа толған жүректе шынайы өмір басталады. Ондай жүрекке үміт ұялайды.

Өзіңнің қас жауыңды танысың

Адасқан ұл оянышты басынан кешкеннен кейін, сұмдық бір жаңалық ашты. Ол осы уақытқа дейін өзінің қас жауымен бірге тату-тәтті өмір кешіп келіпті. Сол қас жау – оның өзі.

Бұған дейін ол түрлі адамдарды: әкесін, опасыз достарын, шошқалардың тасжүрек иесін жауларым деп санады. Ол рухани ұйқыда жүрген кезінде барлық осы дүниелік адамдар сияқты болды. Ол бәріне қарсы шықты. Енді бәрі басқаша болды. Енді ол өзінің көкірегі өзін ұрды. Енді оның ісі өзімен болды. Енді ол бәленің

бәрі қайдан басталғанын көрді: бәленің бәрі оның Құдайға бет бұрмаған, тәубе етуге даяр болмаған өз жүрегінде екен. Ол өз көкірегін өзі соққылады. Бұл соққылар өте қатты болып еді. Бұл соққылармен ол өзінің „Менін“ есеңгіретті.

Қымбатты достарым, ал біз өзімізге өзіміз қалай қараймыз? Өзімізді өзіміз ұнатуымызды қалдырмайынша, өзімізді ақтап, еркелетуді, өзімізді өзіміз сүюді тоқтатпайынша, бізге көмектесу мүмкін емес. Оянған адам өзінің көкірегін өзі ұрады. Ол Иса Мәсіхпен бірге жаңа өмір сүру үшін, өзін Онымен бірге өлімге кесудің не екенін білетін болады.

Ояныш

Екінші бөлім

...Сонда ол ақылға келіп ...

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:17а

Біз осыны соңғы соғыстың кезінде жиі бастан кешірдік: қараңғы қапас түн. Бәрі ұйқыға кеткен. Кенет алыстан гүріл естіледі – аспанға оқ ататын зеңбірек! Сосын тұс-тұстан шыққан сиренаның құлақ жарардай үні. Кейбіреулер ұйқысын жалғастыра беретін. Бірақ көпшілігі оянатын. Бұндай ояну мазаңды алғанмен, көп адамның өмірін аман сақтап қалды.

Рухани өмірде де ояну бар. Киелі кітап рухани туылмаған адамның жағдайын ұйқымен, керек десеңіз өліммен салыстырады. Тәни адам Құдай үшін өлі. Ол өзінің күнәларында және өзінің әділмін деген сенімділігінде өлі. Егер біз оянбасақ, онда мәңгі-бақи құрдымға кетпекпіз.

Бірақ, Құдайға шүкір! – Құдай Сөзінің үні әлі естіліп тұр. Көпшілігі оның үнін өшіріп тастағысы келеді, өйткені ол ұйықтауға кедергі жасайды. Дегенмен, егер ұйқымыз бөлінсе, онда біз бақыттымыз! Егер оянсақ, онда бақыттымыз! Бұл бізге ауыр тигенмен де, бәрібір өмірге жетелейді.

Бұл үзінді ояныш туралы әңгімелейді.

Ол „ақылға келді“

Мартин Лютер: „Ол өз көкірегін өзі соқты“, – деп аударды. Грек тілінен сөзбе-сөз аудармасы: „ол ақылға келді“ –

дейді. Осы жерде алдымен осы екі сөзге назар аударғым келеді: „ақылға келді немесе есін жиды“.

Адамның көзі әр нәрсеге ашылады. Бірақ өзін өзі көріп, ақылға келмейді. Басқа-басқа, бірақ өзіне көзі ашылмайды. Ол бәрі үшін уақыт табады. Бірақ жеке басы үшін уақыт таппайды. Сенде мамандығың үшін, қоғамдық жұмыс үшін, газет оқу үшін уақыт бар, сенің сыраhanaға, түрлі үйірмелерге, кинотеатрларға баруға, әңгіме айтуға уақытың бар, ал өзің үшін қашан уақытың болады? „О, менің өзіме де уақытым жетеді“, – дейсің. Ол рас! Өзің үшін де уақытың бар. Ал сол кезде, сен не істейсің? Әлбетте, көңілімді қайтіп көтерсем екен деп сауық-сайран іздейсің?

Осы аятты талқылауында Д. Хамберг былай дейді: „Көңіл көтеру“ немесе „шашырау“ деген сөз нені білдіретінін ойлап көрейікші. Бидайды шашқан сияқты, адамдар да жан-жаққа шашырауға тырысады. Ондай кезде өзің туралы ойлап, ой тоқтатуға уақыт қалмайды. Кейбір адамдардың бар пәрменімен шашылатыны сонша, жағаларынан өлім ала түскен кезге дейін естерін жия алмайды. Кейін олардың өздерін өздері іздеп, есін жинай алмай жүргендерін көресің. Оларда барлығы тоз-тоз болып шашылып кеткен. Осыдан кейін, күнәм үшін кешірім сұрап, тәубеге келермін деп ешкім ойламай-ақ қойсын“.

Осылайша адам түрлі-түрлі жерлерге барады, көп нәрсені көреді, көпті түсінеді. Тек „өзіне-өзі“ келмейді.

Егер адамдар ақылға келіп жатса, бұл тамаша жәйт! Бұл адасқан ұлдың басынан өтті: „Ол өзіне-өзі келді“. Ол өзінің ішкі дүниесіне үңілді. Бірақ оның жағдайы сондай аянышты еді! Оның ішкі дүниесі әбден жоқшылыққа ұшырап, онда тек күнәның қираған үйінділері ғана қалған. „Мен аштан өлетін болдым“.

Қымбатты оқырмандар, сіздер қашан ақылға келесіздер? Сіздердің көптеген нәрселерге уақыттарыңыз

болды. Ал ішкі дүниелеріңізді қашан „тәртіпке“ сала-сыздар? Бұның нәтижесі өте керемет болады. Сондықтан оны кейінге қалдыра бермеңіздер! Өзіңіз үшін қам жеуге қашан уақыт бөлесіз? Мен бұл жерде ішіп-жем мен киім-кешек туралы айтып тұрған жоқпын, керісінше жаныңыздың құтқарылуына, Құдаймен жарасуыңызға, өлген соң не болады деп ойлануға уақытты қашан бөлмексіз деп сұрап тұрмын.

Маңызсыз нәрселерді кейінге қалдыра тұрып, алдымен маңызды нәрселермен айналысу керек.

Ол ақылға келді

„Ақылға келді“ – деген сөзді түсіндірдік, енді сөйлемді тұтастай қарастырып көрейік. „Ол ақылға келді“. Тәтті ұйқыға батып жатқан адамды көпшілігіміз оятып көрген шығармыз. Онда біз „оянып, өзіне-өзі келудің“ қандай болатынын білеміз. Адамдардың көпшілігі ұйықтап жатыр. Олардың өмірі шым-шытырық түс сияқты. Мұса өз заманында: „Олардың өмірі бір көрініп, жоқ болар түс секілді“ – деп айтып кеткен болатын (Забур 89). Сарбаздардың ескі бір өлеңінде мынадай сөздер бар: „Ол былай деген: өмір дегеніміз – бар болғаны түс қана“.

Адасқан ұлды оятқан мұқтаждық. Бірде біреу: „Барлық бақытсыздықтар – адасып, ұйықтап қалған қойларды оятып, қайтадан Исаның отарына қосатын Құдайдың қара иті“ – деген екен. Егер солай болып жатса, онда мұқтаждықтың өз мақсатына жеткені.

Бірақ Жаратқанның адамдарды оятатын басқа да тәсілдері бар. Ең бастысы – қайткен күнде ояту.

„Ол өзіне-өзі келді“. Жақында мен, мөлшерден артық көп ішкен адам туралы оқыдым. Ол мас кезінде досымен төбелесіп қалады да, оны өлтіріп қояды. Сол кезде „ол өзіне-өзі келіп, есін жиды“.

Рухани туылмаған адам үнемі мас болып жүрген сияқты өмір сүреді. Оған сол қажет, онсыз ол шыдамайды. Адамда өзін мас қылудың құралдары өте көп. Біреуде бұл – ішімдік, біреуде – құмарлық пен әуесқойлық. Үшінші біреуі ақшаға мастанады, төртіншісі – билікке, бесіншісі – саяси оқиғаларға мастанса, алтыншысы – бірдеңені қолдан шығарып алмайын деп ылғи қам жеумен мас болады. Ал жетінші біреу болса әр түрлі фильмдермен және тағы да басқа нәрселермен мастанады.

Бірде мен Паоло Шварц деген есімді бір адамның өмірбаянын оқыдым. Француздар оны эльзацтық ретінде Кайеннаға өмір бойы тұратын етіп жер аударуға үкімдеді. Ол: „Алдымен Марсельдегі лагерьде болдық. Сосын бізді Шайтан аралына апаратын өлім кемесі деп аталған кеменің келгенін көрдік. Сол кезде бізді қорқынышты үрей баурап алды. Бәрі қалған-құтқандарын сатып, арақ алды. Сосын барлығы удай мас болып, естерінен айрылды“ – деп әңгімелейді.

Тозаққа барудан бұрын, осы дүние де дәл солай істейді.

„Сонда ол ақылға келді“. Сонда оның көкірек көзі ашылды. Сонда ғана ол есін жиып: „Мен өлгім келмейді! Мен үйге, әкеме оралғым келеді!“ – деп айғай салды.

Мәсіхшілер – оянған адамдар, сондықтан олар салауатты өмір сүреді. Дүниедегі мас адамдар біздің салауаттылығымызға ызаланады. Бірақ бұл жерде ешнәрсе істей алмайсың. Жаңа Өсиет бізді салауаттылыққа және сергектікке он мәрте шақырады. „Сергек те салауатты жүрейік!“ – дейді елші Пауыл. Петір де: „Сергек болып, Иса Мәсіх салтанатпен қайтып келгенде көрсететін рақымға толығынан үміт артыңдар!“ – десе, тағы басқа жерде: „... сиынып, дұға ете алу үшін байсалды да салауатты болыңдар!“ – дейді.

Ол өз көкірегін соқты

Лютер осылай аударды. Сондай-ақ бұл сөздің астарында терең мән жатыр, соған тағы бірер минөт көңіл бөлейік.

Тәни адам дау-жанжалдан арылмайды және ол өзін емес, өзгелерді соққыға жығады. Басына түскен қиыншылығын адамдардан, айналада болып жатқан жағдайлардан көріп, шағымданады. Құдайға қарсы шығады.

Ал адасқан ұл достарын, не әкесін, не қатал қожайынды емес, өзін айыптады. Құтқарылудың сәті түсіп тұр!

Ол „өз көкірегін соқты“. Жалпы біз өзімізге өте жұмсақ қараймыз. Біз өзімізді аяймыз, ақтаймыз. Адасқан ұл олай істеген жоқ. Ол өзінің көкірегін өзі ұрды. Бұл оның жеңілтектігін, жалпы ескі болмысын қиратып түскен ауыр соққы болды. Ол енді: „Жолға шығып, әкеме барайын“ – деп шешті. Осы соққы болмаса, ол қатты түңіліске ұшырар еді. Шайтан дәл соны тілейді, ол бізді сондай түңіліске ұшыратқысы келеді. Яһуданы есіңізге түсіріңізші!

Құтқаратын соққы! Бұл жаңа өмірдің бастауы болды.

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

Қой, жолға шығайын, әкеме барайын...

Лұқа 15:18а

Бұл оқиға Мәсіх туылғаннан кейін, алпысыншы жылдары болған. Кесариядағы үлкен сот залында әскерлер мен атақты азаматтар иін тіресіп тұр. Зор сән-салтанатпен Рим әкімі мен оның қонақтары – Агриппа патша мен оның жұбайы Вереника ханым кірді. Бірақ адамдардың назары осы атақты адамдарда емес-тұғын. Барлығының көздері сотқа, түрмеден алып келінген қарапайым адамға қадалған. Бұл адам – елші Пауыл еді.

Агриппа Пауылға: „Өзіңді ақтап сөйлеуге рұқсат“ – деді. Сонда Пауыл қолын жоғары көтеріп, сөйлей бастады. Ол Киелі Рухтың Өзі сөйлеп тұрғандай, беделмен сөйледі. Оның сөздері өткір әрі өте күшті болды. Тыңдап тұрғандардың бәрі қайран қалды. Таңқалған Агриппа: „Аз уақыттың ішінде мені мәсіхші болуға көндіре жаздадың“ – деді (Елш. іст. 26:28).

Тегінде бұл сұмдық сөз: „...аз уақыттың ішінде“. Мен Құдаймен жарасудың аз-ақ алдында қалдым. Мен күнә мен өлімнің бұғауынан босатыла жаздадым. Мен құтқарыла жаздадым.

Осы жерде отырғандардың арасында: „Ол рухани туылуды бастан кешуге сәл-ақ қалды“ деп айтуға болатындар қаншама көп. Бірақ сол „сәл“ кедергі жасайды.

Адасқан ұлда бәрі басқаша болды. Онда бұндай „сәл“ болмады. Оның бақытсыз өмірі реттелді. Неге? Өйткені ол дұрыс шешімді дер кезінде қабылдады: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын...“.

Қажетті шешім

Бірде мен балаларыммен бірге Зиген қаласынан 25 шақырым жердегі Хайгер деген қалашыққа велосипедпен бармақшы болдым. Бірақ Зигеннен көп ұзамай-ақ адасып кетіп, дұрыс жолды таба алсамшы. Себебі жол белгілері анық көрсетілмеген еді.

Мәңгілік өмірге барар жолда ешкімге ондай қиыншылықты басынан кешіруге тура келмейді. Онда баратын жол Киелі кітапта анық суреттеп, баяндалған. Сондықтан күнәның салдарынан мәңгі құрдымға кеткен әркім: „Бұған тек өзім ғана кінәлімін“ – деп мойындауға мәжбүр болады.

Осы жерде адасқан ұл туралы оқиға аса маңызды. Шынайы өмірге апаратын алғашқы қадам – бұл оянып екенін біз естіген болатынбыз. „Ол өз көкірегін өзі ұрды“. Оянған соң, өзіңнің бейшара халіңді түсініп, әкенді сағына бастайсың.

Егер адасқан ұл осымен тоқтап қалғанда, шошқалардың қасында мәңгі қалып қойған болар еді. Алайда ол бірден екінші қадамды жасады. Ол: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“ деген шешім қабылдады.

Құдай Сөзі арқылы адамдардың оянғанын көру маған үлкен қуаныш береді. Бірақ солардың біразы ғана орнынан тұрып, өзінің Құтқарушысына барады. Неліктен? Сіздер, мазасыз түнде сиренаның дабыл қаққан үнінен оянып, ұйқылы-ояу: „Тұрсам ба екен, әлде тұрмасам ба екен?“ деп ойланып жатқан адамға ұқсайсыздар.

Иә, егер сен өзіңнің өзгеру керек екеніңді сезсең, егер мейірімді Бақташы сені шақырып, Киелі Рух ескертсе, орныңнан тұруың керексің. Кейбіреулер, бәрі өздігінен түзеліп кетеді, тек ағыс ыңғайымен бірге жүзе беру керек. Сол ағыс әйтеуір бір уақытта бізді көздеген мақсатқа жеткізеді деп ойлайды.

Алайда көздеген мақсатқа жету үшін берік шешім қабылдау қажет. Бұны бір мысалмен түсіндіріп кетейін. Киелі кітап адамдарды көбінесе теңізбен салыстырады. Теңізде әр түрлі ағыстар бар. Адамзат теңізінде бір ғана қатты ағыс бар: Құдайдан алыстау! Адам күнәға батқаннан кейін Құдайдан жасырынып қалды. Қабыл Жаратқан Иенің көз алдынан кетіп қалды. Ал Забур жырының 2-тарауында: „Тәңір мен Оның қойған патшасына әлемнің патшалары қарсы тұрып, әкімдер кеңесіп жатыр былай деп: „Бізге салған шынжырларын сындырып, бұғауларынан құтылайық лақтырып!“ – деп жазылған. Иә, тіпті заманның ақырында да, адамдар Құдайға емес, таулар мен құздарға жалбарынып: „Үстімізге құлаңдаршы!“ дейтін болады. Осылай әлемнің ағысы Құдайдан алшақтап кете барады. Кім осы ағысқа берілсе, ол құрдымға кеткені. Сондықтан ағысқа қарсы жүзетін: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“ деген шешім қабылдау керек.

Қиын шешім

Бізге бірде, бір елшілік ұйымның инспекторы Хоффманн Жаңа Гвинеядағы шомылдыру рәсімі қалай өткені жайлы айтып берді. Аборигендер (сол жердің байырғы тұрғындары) рәсім өтетін жерге үлкен от жаққан және шомылдыру рәсімінен өткісі келгендер отқа жақындап, оған өздерінің пұт мүсіндерін және сиқыршылық заттарын лақтырған. Бірде осындай шомылдыру рәсімі мейрамында отқа жасқаншақтай кібіртіктеп бір әйел жақындады. Қолында өзінің бұрын табынған мүсіндері бар. Осы мүсіндермен ол әке-шешесінің үйінде туып-өсіп, тәрбиеленген екен. Оның жүрегі соларға көп мәрте сенім артып еді. Ал қазір сол мүсіндермен оттың қасында тұр. Оның жүзінен жан-дүниесінде бо-

лып жатқан арпалыс көрініп тұрды. Кенет ол мүсіндерді отқа лақтырып жіберді де, есінен танып құлады.

Адасқан ұл есінен танған жоқ. Бірақ ол соған ұқсас жағдайды басынан кешті. Ойланып көріңізші, ол үйінен қалай кеткен еді! Ал енді қалай оралып отыр: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“. Бұл: үлкен от жағып, оған осы жалған дүниеге еліктірген барлық құштарлықтарымды, мені туған үйімнен қуған өркөкіректігім мен менмендігімді, өз күшіме сенгіштігімді; иә, өткен өмірімді түгелдей, болашаққа деген қуыс кеуде жоспарларымды, бар жабайы құмарлығымды, достарыммен байланысымды – бәрін түгелдей отқа тастаймын, осымен бәрі бітті! Ал сосын әкемнің қайырымына берілейін дегенді білдіреді.

Ол: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“ деген шешім қабылдады.

Сонымен, Құдайға бет бұру – оңай шешім емес. Бұл шешім жеңілтек адамдар үшін емес. Бұл шешім аз-маз мәсіхшілікті қалайтын адамдар үшін емес. Бұл шешімді ойланып, байыппен қабылдау керек.

Соған қарамастан, мен сіздерге осы қиын шешімді қабылдауға кеңес беремін. Өйткені, мына бір өлеңде айтылғандай:

Тәңірге толық берілмей өмір сүргендер,
Бос тірлік кешер, түсінбес, бірақ, қатесін.
Қиын да болса, шешімге берік бел буғын,
Әйтпесе мәңгі тыныштық таппай өтесің.

Құтқаруға бағыттайтын шешім

„Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“. Осы сөйлемде, бұның неге құтқаруға бағыттайтын шешім екенін айтатын тек бір ғана сөз бар. Бұл – „әке“ деген сөз. Адасқан

ұл бір қатыгез билеушіге бағынуды қалаған жоқ. Ол өзінің жан-дүниесі үшін туған үй болып табылатын, аштық пен қорлық көрмейтін, жүрегі баласына деген сүйіспеншілікке толып тұрған әкесі бар өз үйіне – өз орнына барғысы келді.

Сізге осы шешімді қабылдаңыз деп өтінгенде, мен сізді қандай да бір ұжымға кіріңіз немесе менің көз-қарасымды қабылдаңыз деп тұрған жоқпын немесе сізге адамгершілік пен ізгілік туралы ілім бергім келіп тұрған жоқ. Ондайдан Құдай сақтасын! Біздің мысалға келтірген үзіндіміздегі Әке – Иеміз Иса Мәсіхтің бейнесі болып табылады. Соған бет бұру керек. Адамға ұл шошқаларды тастап, әкесіне кетіп қалды. Исаға бет бұрған адам, күнәға толы қорлық өмірін тастап, Құдайдың баласы болады. Түнек пен суықтан жарқын күннің нұрына шығып, бізді қара түнектің билігінен құтқарған сүйікті Ұлы Иса Мәсіхтің Патшалығына, өлімнен – өмірге, күнәның құлдығынан – бостандыққа, үмітсіздіктен – мәңгілік өмірге деген нық сенімге өтеді.

Исаның бізге деген сүйіспеншілігі жәй әшейін жел-өкпелік емес. Ол „күнәларымыздың құнын төлеу үшін құрбан болды және ақталғандығымызды дәлелдеу үшін қайта тірілді“ (Рим. 4:25).

Компастың тілі бағытты солтүстікке қарай көрсетпейінше тынышталмайды. Ал Исаның айқышы – барлық мазасыз жүректер үшін „тыныштықты“ көрсететін бағыт болып табылады.

Мен сені сол жерге шақырамын. Сен де ішіңнен: „Ием, маған Сенен басқа еш жерде жақсы болмайды. Мен бейшара үшін мыңдаған рақымды сыйлықтар Сенен әр кезде табылады“ деп ойлап тұрған боларсың.

Сондықтан: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“.

ТӘУБЕГЕ КЕЛУ

Әкеме барып, оған: Әке, мен көктегі Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылдасаңыз екен деймін.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:18-19

Елшілердің істерінде Эфиопиялық бір уәзір туралы оқиға айтылады. Ол Қандақия ханымның патшалығындағы ықпалды шенеуніктердің бірі болатын. Бірақ байлық та, билік те, осы дүниенің барлық қуанышы да оның жандүниесін қанағаттандыра алмады. Ол туралы: „Марал мөлдір суды қалай аңсаса, о, Құдай, жаным солай, Сені аңсайды“ деп айтуға болады. Оның жаны құтқарылуды аңсады. Сондықтан да ол Иерусалимге сапар шекті. Бірақ оның жүрегі ғибадатханада да тыныштық таппады. Сонда ол Ишая пайғамбардың кітабын сатып алды. Үйіне қайтар жолда, өзінің күймесінде отырып, сол кітапты оқыды. Дегенмен, Құдай оған елші Філіпті жібермейінше, ол ештеңе түсінбеді. Ол уәзірге құтқарылудың жолын түсіндіріп берді, сонда ол Иса Мәсікке сенді және жүрегіне тыныштық орнап, қуанышпен сапарын жалғастырды (Елш. іст. 8:26-40).

Бүгінде бұл әлемде жүректері құтқарылуды аңсайтын сондай адамдар көп-ақ. Олар үшін осы адасқан ұл туралы оқиға өте маңызды. Себебі онда Иеміз Иса құтқарылудың жолын көрнекті түрде суреттейді.

Біз ояныш туралы („Ол өз көкірегін өзі соқты“ немесе „өзіне-өзі келді, ақылға келді“) және құтқарылуға бағыттайтын шешім туралы („Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“) естідік. Бүгін құтқарылу жолындағы ең маңызды және ең қиын қадам – тәубе ету туралы әңгімелесеміз.

Тәубе – бұл мойындау

„Әке мен сенің алдыңда күнә жасап келдім“. Бұл адамның айтуына тура келетін ең қиын сөйлем.

Өткен жүзжылдықтың басында Штутгартта Данн деген бір Құдай жарылқаған дін қызметкері өмір сүрді. Бірде ол өз қауымының бір мүшесі, тігіншіні кездестіріп, одан: „Сіз неге нан ұзу рәсіміне ешқашан келмейсіз?“ – деп сұрады. Ол: „Иә, мен сол жерге өзімді қинап барамын, өйткені күнәнді мойындап: „мен бейшара күнәһармын“ деп айту керек“ – деп жауап беріпті. „Онда: мен тәкаппар тігіншімін“ деп айтыңыз“ – депті сонда дін қызметкері.

Біз тігіншіні өте жақсы түсінеміз! Адамға шындықты мойындатып: „Мен күнә жасап келдім“ деп айтқызу Киелі Рухтың жұмысының ең үлкен әрі ең қиын бөлігі деп ойлаймын.

Назар аударыңызшы, адасқан ұл: „Мен қателік жібердім. Кешірім өтінемін“ деген жоқ. Мойындаудың бұндай түріне біз келіскен болар едік. Бірақ бұл жерде ауыр да жек көрінішті „күнә“ – деген сөз мәселе болып тұр. „Мен күнә жасап келдім“.

Адасқан ұл сондай-ақ: „Мен жаңылысқан екенмін. Бірақ бұған адамдар мен айналада болып жатқан жағдайлар кінәлі“ деген жоқ. Күнәмызды бұлай мойындау бос әурешілік.

Ол: „Бәріміз де күнәһармыз“ деген жоқ. Жоқ, енді ол өзі туралы айтып тұр. „Мен күнә жасап келдім“. Осы жерде „Мен“ деген сөз өте маңызды. Бірде бір әжейге дін қызметкері келіпті. Ол Киелі кітаптан римдіктерге арналған хатты оқып отырып: „Бәрі күнә жасады“ деген жеріне жетті. Ол құптап, басын изеді. Дін қызметкері оған қарап: „Солай ма?“ – деп сұрады. „Иә, дәл солай“. „Онда күнәңызды мойындамайсыз ба?“ Сонда ол ашуға булығып: „Сізге мені жамандаған кім? Мен сыйлы

адаммын. Мен ешбір жамандық істеген емеспін“ – деді. Міне, көрдіңіз ғой. „Бәріміз де күнәһармыз“ десе, келісеміз. Бірақ адасқан ұл: „Мен күнә жасадым“ – дейді және осы „Мен“ деп жеке мойындау өте маңызды.

Осы сөзді айтпайынша, біз тыныштық таппаймыз. Дәуіт пайғамбар: „Күнәмды айтқым келмеп еді, сонда аяқ-қолым сырқырап, күні бойы жүрдім ыңқылдап, себебі күні-түні Сенің қолың зілдей болып үстімде жатты менің... Сонда Саған күнәмды ашық айттым“ – дейді (Забур 31:3-4). Өзінің ар-ұжданын жеңілдеткен адам бақытты.

Осы жерде тағы бір нәрсені айтып кетуім керек. „Мен күнә жасап келдім“. Күнәні мойындаудың бұндай түрі күнәмен қоштасуды білдіреді. Бірде мен жоғары дәрежелі бір шенеунікпен рухани тақырыпта әңгімелестім. Сонда ол: „Иә, иә, енді мен кей кездері қауымға барып тұрамын. Білесіз бе, кейде жұбаныш іздейтін кездер болады“ – деді. Сосын ол: „Менің жастық шағым өте қызықты өтті“ – деп, маған қарап жымың ете қалды. Әрине, мен оның арсыз жүзінен нені меңзеп тұрғанын түсіндім. Байқадыңыз ба, ол кішкене өзгерді. Бірақ ол күнәдан әлі де рахат табатын. Бұл тәубе емес.

Адасқан ұлда бәрі басқаша болды. „Мен күнә жасап келдім“. Бұл оның қорқып тұрғандығын көрсетеді. Бұл оның қайғырып тұрғандығын білдіреді. Бұл оның күнәдан жиіркеніп тұрғанын көрсетеді. Бұл оның күнәмен қоштасқысы келетінін білдіреді.

Тәубе ету – бұл өз-өзіңе үкім шығару

„Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін“. Біз адасқан ұлдың бұдан былай өзінің істеп жүрген әрекетінен қанағат таппағанын естідік. Бірақ оның жиіркеніші барған сайын үдей түсті: „Мен лайық емеспін“, бұл оның бұдан былай өз-өзіне разы еместігін білдіреді.

Әр адамның өміріндегі ең ықпалды күш – бұл оның өзіне деген ықыласы, өзін өзі жақсы көруі. Тек осы менмендікпен қоштасқанда ғана адам нағыз тәубеге келе алады. Адамның менмендігі басылып, өзіне өзі қанағаттануын тоқтату үшін Киелі Рухтың қандай күші керек десеңізші!

Осы жерде мен тағы бір нәрсені айта кетуге тиіспін. Егер адамның: „Мен лайық емеспін...“ дегенін естісе, осы дүние оны мазақ қылады және ойлау қабілеті дамымаған, төмен адам деп санайды. Бұған не дейміз? Мейлі, бізді қанша төмендетсе де, шындық өзін-өзі дәріптеуге қарағанда әрқашан артық. Бірақ осы дүниелік адамдар Құдай Рухының дауысын ести алмайды. Олар көзі көретін адамдардың алдында өзінің соқырлығымен мақтанатын зағипқа ұқсайды.

Адамда үш түрлі қасиет бар: ақыл-парасат, сезім және ерік-жігер. Көпшілік адамдар, тіпті кейбір мәсіхшілердің өздері де Құдайдың Сөзі осы үш қасиетпен байланысты дейді. Осылай, кейбіреулерде мәсіхшілік ақыл-парасатқа негізделеді. Олардың білімі жан-жақты, алайда өмірлері Құдай үшін өлі. Өзгелерде мәсіхшілік сезімдерге негізделген. Олар әрбір „тамаша“ уағыздан кейін, көтеріңкі көңіл-күйге енеді. Бірақ күнделікті өмірлерінде бәрі бұрынғы күйінде қала береді. Үшінші біреулерде мәсіхшілік ерік-жігерге негізделген. Олар бар күштерін салып, Иеміздің меншігінде болуға тырысады. Бірақ сәтсіздікке ұшырап жатады.

Алайда Құдайдың Сөзі ең алдымен ақыл-парасат пен ерік-жігерге немесе сезімдерге сөйлемейді. Ол одан әлдеқайда тереңге бағытталған. Иә, әлдеқайда тереңге бағытталған! Ол біздің ар-ұжданымызға, біздің ұйықтап жатқан, мың мәрте қорланған ар-ұжданымызға бағытталады. Тек ар-ұжданымыз оянып, қатты күйзеліске түскенде ғана біз шындық әлеміне аяқ басамыз. Сонда біз өзімізді шындығында Құдайдың нұрында көреміз.

Сонда біз өзімізге өзіміз қанағаттанған сезімнен айрылып, бәлкім жасқа булығып: „Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін“ деп мойындаймыз.

Бірде бір топ адам жиналды. Олардың әңгімелері басқа адамдардың қателіктері туралы болды. Сонда жиналғандар, әдетте еті тірі және сөзшең біреуінің үндемей, томаға-тұйық тұрып қалғанын байқады. Сонда одан: саған не болды деп сұрады. Ол: „Мен өзімді өтелмес шығынға ұшыраған адамдай сезінемін. Бейшаралар-ай, олар барлық әңгімеге араласа алады, бірақ шығынға ұшырағандар туралы сөз болғанда үндері өшеді. Сендер мәсіхшілердің бойынан тапқан барлық кемшіліктерді мен өзімнен таптым және осы нәрсе мені қатты абыр-жытты“ – деп жауап берді.

Шынайы тәубе: „Мен лайық емеспін“ – деп айтуға үйретеді.

Тәубе – бұл үйіңді сағыну

Адасқан ұлдың өзін-өзі ұстауы таңқаларлық. Егер ол: „Мен бұдан былай ұлыңыз деп аталуға лайық емеспін“ деп шешсе, онда оның ары қарай: „Сол себептен де әкемнің көзіне түскім келмейді, одан да осы жерден аулақ кетейін“ деп жалғастырғаны қисынды болар еді. Бірақ ол бұлай деген жоқ. Оның орнына ол: „Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ – деді.

Оның тек бір ғана *тілегі*, бір ғана *ұмтылысы* болды: әкесінің қасында болу. Шын тәубеге келген адам Петір сияқты істейді. Петір бір жағынан: „Ием, қасымнан кете көріңіз! Мен күнәһар адаммын!“ десе, екінші жағынан ол өз Құтқарушысының тізесін қапсыра құшақтай алды. Адасқан ұлдың: „Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ деген сөздері Забур жырындағы: „Әділетсіздіктің шатырларында тұрғаннан гөрі, Құдай үйінің

табалдырығында болуды қалаймын“ деген сөздерді еске түсіреді (83:11).

Шынайы тәубе бұл дүниені, оның құрметін, оның ләззаты мен әшекейлі жалтырағын жек көреді. Иә, шынайы тәубеге келген адам өзін өзі жек көріп, тек Құдайдың бостандық әперетін рақымын ғана қалайды. Бұл рақым оған Мәсіхте беріледі. Сондықтан тәубеге келу – шынайы өмірдің қақпасы болып табылады.

ҚҰДАЙҒА БЕТ БҰРУ

Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:20а

Біз Құдаймен жарасуға және мәңгі бақыттылыққа апаратын немесе басқа сөздермен айтқанда, құтқарылу жолын адасқан ұлды мысалға келтіре отырып, зерттеп көрдік. Біз „ояныш“ („Ол өзіне-өзі келді немесе ақылға келді“) туралы, „тәубеге келу“ („Мен күнә жасап келдім“) туралы естідік. Енді тағы да бір өте маңызды сәт келіп тұр, ол: бет бұру.

Мен осы сөздің көп адамдарға ұнамайтынын жақсы білемін. Құдай Патшалығына біртіндеп жетілу жолымен кіруге болады деп есептейтін мәсіхшілер жетіп жатыр. Бірақ олар адамзаттың қаншалықты тереңге құлдырағанын түсінбейді. Иеміз Исаға үзілді-кесілді бет бұрудан қашатын адам, көздеген мақсатына ешқашан да жете алмайды. Бұл адасқан ұлдың үлгісінде көрініп тұр. Ол сол бөтен елде өзінің діндар күйінде қалып, сол жерде-ақ қауымға барып немесе өзінің шошқаларының қасында-ақ сиыну мәжілісін өткізе беруіне болар еді. Бірақ, бұл қандай пайда әкелер еді? Ешқандай! Жоқ! Ол әкесіне оралуға тиіс болды.

Құдайға қарай бет бұрмайынша, біздің өз әрекетімізден ештеңе шықпайды.

Жолға шығады...

Шошқаларын тастап, үйіне қарай бет алған осы адамды жақынырақ қарастырайық.

Оның әкесіне және сол үйдегі мал-мүлікке деген

құқығы бар ма? Жоқ! Ол өзінің жеңіл жүрістілігінің салдарынан бәрінен айрылған еді. Сіз осы бейшараға қарап көріңізші! Әкесі оны молынан жарылқады. Бірақ ол ешқашан „рақмет“ айтқан емес. Ол әкесінің сүйіспеншілігін аяққа басты. Ол әкесінің сөздеріне құлақ аспады. Әкесінің нұсқаулары оған тым ауыр болды, сондықтан оларды лақтырып тастады. Ол жүзін әкесінен теріс бұрып, өз бетінше өмір сүрмек болды. Жоқ, оның әкесінде еш ақысы қалған жоқ еді.

Бірақ дәл осы жағдай менің де, сенің де өмірбаяныңа ұқсас емес пе?

Құдай бізді молынан жарылқады. Ол бізге денсаулық пен өмір, ас-су, ата-ана және достар, жаңбыр мен күн, жол бойындағы мыңдаған гүлдер мен басқа да көп толып жатқан жақсылықтар берді. Біздің жүрегіміз Оған деген алғысқа толып көрді ма? Біз Оның сүйіспеншілігін мың мәрте аяқ асты етпедік пе? Оның өсиеттері бізге тым ауыр болды емес пе? Біз олардың қаншамасын бұздық? Оның Сөзі бізді жалықтырды. Оны орындап, сол бойынша өмір сүрудің орнына, біз оны сынаққа алдық.

Кейбіреулер, егер адамдар ақыр соңында Құдайға келсе, Ол: әйтеуір келді-ау деп қуану керек деп ойлайды. Жоқ! Құдай тіптен *қуануға тиіс* емес! Біздің Құдайда қалған ешбір ақымыз жоқ. Егер біреу Оған бет бұрса, ол бұнысын тек Оның рақымына үміттенгендіктен ғана жасайды.

„Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады“. Оның үйге оралуға қақысы жоқ. Сонда да болса, ол үйіне орала алады. Өйткені ол – сол үйдің ұлы. Мейлі ол жаман болсын, адасқан ұл болсын, бірақ ол „ұл“. Бұл оған қайтадан оралуға батылдық береді. Әкесінен қаншалық ұзап, еншісін жезөкшелермен ысырап етсе де, ол ұл болып қала берді. Оның есіне осы түсті. Сондықтан да оның үйіне оралуға батылы барды.

Бізбен де жағдай дәл солай. Біздің әрқайсымыз бен Құдайдың арасында құпия байланыс бар. Адам қандай оңбаған, имансыз және зұлым болмасын, тіпті Құдай жоқ деп, Оны мазақ етсін, бәрібір ол Құдайдың жаратылысы болып қала береді және ол үшін де төгілген Иса Мәсіхтің қаны оны Жаратқан Иемен байланыстырады.

Сен Құдайдың жоспары бойынша жаратылған пендесің және Ол саған бола Исаны өлімге қиды. Сондықтан сенің Оған бет бұруға хұқығың бар.

Тұрып, жолға шықты

Бұл жерде біз бір маңызды нәрсеге назар аударуымыз керек. Адасқан ұл осыдан бұрын да жолға шыққан болатын, анығырақ айтсақ, ол сапарын әкесінің үйінен кеткен кезде-ақ бастаған. Және сол кезде шешім қабылдап, оны іске асырудың арасында қандай да бір уақыт өткенін көрдік.

Бұл жолы бәрі басқаша болды. Бұл жолы бәрі бір-ақ сәтте шешілді. „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын“ деп шешті де, дереу „Тұрып, жолға шықты“.

Осы жерде бұл да өте маңызды. Егер сен тірі Құдайға бет бұрғың келсе, онда оны бүгін істе. Құдайға бет бұру бірден болады, не ешқашан да болмайды.

Мен бұны бекерден-бекер айтып тұрғам жоқ. Оған салмақты себептер бар. Біз Құдайдың Киелі Рухы өзімізді шақырып, ескертсе ғана бет бұра аламыз. Егер осындай үндеу болса, оған тез еру керекпіз. Әйтпесе, сенімен Есаумен болғандай жағдай болады. Ол оңтайлы сәтті жіберіп алды. Кейін қайтадан тұңғыштықты қалаған кезде, Құдай онысын қабыл алмады.

Ұлы Александр туралы бір қызық әңгіме бар. Қандай да бір қаланы қоршағанда ол от тұтатады екен. Егер от

жанып жатқан мезгілде, қала берілсе, ол қалаға құрмет пен рақым көрсететін болған. Ал егер от өшіп біткенше, қала берілмесе, онда ешқандай рақым күтуге болмайтын, ол бәрін қиратып, қырып-жоятын.

Дәл солай Құдай да бізге рақымшылық отын тұтатты. Сол от жанып тұрғанда, біз орнымыздан тұрып, Құтқарушыға баруымыз керек. Кеш қалсақ, Құдайдың қаһарына ұшырап, қиямет күні сотталамыз.

„Тұрып, жолға шықты“. „Ал шошқалармен не болды?“ деген сұрақ мені талай мазалады. Иә, бірақ ол маңызды емес қой! Кім Құдайға бет бұрғысы келсе, алдымен шайтанға „өзінің кететінін“ хабарлап, онымен саудаласып жатуға тиіс емес. Әйтпесе, бұрынғы өміріңнен ешқашан азат болмайсың.

„Тұрып, жолға шықты“. Ол өзімен бірге не алды? Ол бет бұрған әркімнің өзімен бірге алатын нәрсесі: өзінің жалба-жұлба киімдерін алды. Ол сәнденіп киініп жатпады. Сәнді киімді оған кейінірек әкесі кигізді. Кім бет бұрғысы келсе, өзі қандай болса, сол күйінде: барлық күнәларымен, кемшіліктерімен, шүбәларымен, сенбеушілігімен келуі керек және солай істеуге тиіс. Саған жетіспейтінді кейін Әкең Өзі береді. Құдайдың рақымына берілуге батылы барған адам, толықтай батылдықпен күнәһарларды Құтқарушының құшағына өзі қандай болса сол күйінде енуі керек.

Ол Құтқарушының алдына күнәның салдарынан әбден ластанған ар-ұжданымен барды. Біздің ар-ұжданымыз Құдай бізді Исаға бола кешіргенде ғана тазарып, күнәдан азат болады.

Ол өзімен бірге әкесіне деген зор сенімін ала шықты. „Әкемнің сүйіспеншілігін аяққа бассам да, ол мені қумайды“. Осындай сенімсіз Исаға бет бұру мүмкін емес.

...әкесіне баруға...

Ең маңыздысы осы! Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мен көп шабуылдарға қатыстым. Бастапқыда бәрі керемет болды. Бірақ, Верден мен Парижді жаулап алу мақсатымызға қол жеткізе алмай-ақ кеттік.

Бұндай тұйыққа тірелген шабуылдар рухани өмірде де болады. Осыдан көп жылдар бұрын маған бір жас жігіт келіп: „Менің өмірім өзгеру керек“ – деді. Ол әлі сол жағдайда, оның өмірі өзгеруі тиіс. Ол тек бақташыға дейін ғана жетті. Бұл сәтсіз шабуыл. Кейбіреулер тек қауымға дейін ғана жетеді. Кейбіреулер шешім қабылдауға дейін жетеді. Кейбіреулердің тек жандары ғана тебіренеді. Кейбіреулер мәсіхшілердің қағидаларына дейін жетеді. Бұлардың бәрі де тұйыққа тірелген шабуылдар!

„Ол әкесіне келді“. Күнәһар – өліп, қайтадан тірілген тірі Құтқарушыға келуі керек. Франкфурт деген қалада бұл Штайнхаузен шебердің қолымен бейнеленген. Онда әкенің бейнесі Исаға ұқсайды. Адамның ұлы оның құшағына құлаған. Құтқарушы оның жалба-жұлба киімінің үстіне Өз сүйіспеншілігінің алқызыл шапанын жапқан. Осыны басынан кешкен адам бақытты!

ӘКЕНІҢ КӨЗҚАРАСЫ

Ол әлі де алыста келе жатқанда әкесі баласын көрді...

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:20

Адасқан ұл туралы оқиғаны бізбен бірге жүйелі түрде әрі мұқият зерттеп келе жатқан адам, әке туралы соншалық аз естігенімізді байқаған болар. Ұлы оның мүлкін иемденіп алғанда, ол үндеген жоқ. Ұлы алыс елге кеткенде тіс жармады. Ұлы оның мал-мүлкін жезөкшелермен ысырап қылып жүргенде де, үндемеді. Ұлы мұқтаждық көріп жүргенде де, бірде-бір сөз айтпады.

Құдай да солай. Жаратқаннан бас тартуға болады. Оның өсиеттерін бұзуға болады. Құдай бұған үндемейді! Бірақ ондай кезде, өміріміз адасқан ұлдықі сияқты болады. Мұндай өмірдің үстінде, Еремия пайғамбардың жолдан тайған халқына айтқан: „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап, ойланып көр“ деген қашып құтыла алмайтын заң сияқты сөзі тұрады (2:19).

Итальяндық ұлы ақын Данте өзінің „Діни комедиясында“ тозаққа сапар шегуді суреттейді. Онда ол тозақ қақпасының үстінде „Мұнда кіргендер барлық үмітінен айрылуы керек“ деген жазу барын айтады. Мен, тозақтың қақпаларының үстінде: „Тәңір Иең, Құдайыңды тастап кеткенің қандай жаман әрі қасіретке толы екенін біл және салмақтап ойланып көр“ деген сөздер тұр деп ойлаймын. Адасқан ұл мұны бастан кешірді. Бірақ ол әлі тозаққа түскен жоқ еді. Сондықтан оның теріс жолдан қайтуға мүмкіндігі болды және ол солай істеді де. Тек сонда ғана біз әке туралы естиміз.

Әңгіменің осы бөлігін егжей-тегжейлі қарастырайық, себебі бұл жерде әрбір сөз маңызды. Өйткені біз Үшбір-

ліктегі Құдайдың шынымен қандай екенін дәл осы жерден білеміз?

Әкенің сарыла күтуі

Адасқан ұл әлі алыста келе жатқанда, әкесі оны көрді. Ол оны кездейсоқ байқап қалған жоқ. Әйтпесе, ол оны сонау алыстан көрмеген болар еді. Жоқ, әке ұлын сарыла күткен еді.

Суретші Бюрнанның тамаша бір еңбегі бар. Онда жазық шатырлы, дәулетті үйдің суреті салынған. Шатыр үстінде әке тұр. Ол көздерін қолымен көлегейлей, алысқа қарап тұр. Айналасында болып жатқан жағдайлармен оның ісі жоқ. Оның бар болмысы баласын сарыла тосып тұрғанын көрсетіп тұр.

Байқайсыз ба, адасқан ұлдың өмірінің құпиясының өзі де осында жатыр. Ол әкесінен кетіп бара жатқанда, әкесі оның соңынан қарап тұрды. Күту сол кезде басталған еді. Әке күтті. Ұлы мұқтаждық көрді. Әке күтті.

Осы құпия сіздің өміріңізде де бар екенін білесіз бе? Жаратушың сені күтіп тұр. Ол Өзінің осы үнсіздігімен сені қоршап алған сияқты.

Тіптен ақымақтық сияқты болып көрінетін бір мысал қолдануға рұқсат етіңіз. Планермен ұшатын кезде старт үшін резина арқан қолданады. Оны өте үлкен қашықтыққа дейін созуға болады. Құдайдың бізді күтуі осы резина арқан сияқты. Ол сонымен біздің жүрегімізді матап байлап тастаған. Сен оны тым алысқа созып кете аласың, тіпті оның көмегімен қашып та кете аласың. Бірақ Құдайдың күтуі үнсіз әрі күшті тартылыс сияқты.

Осы жерде мен: осы резина арқанды үзіп тастауға да болатынын айтуым керек. Онда қайта оралуға мүмкіндік қалмайды. Ондай адам үшін үміт жоқ. Құдай күтіп тұрмаған адамдар да бар. „Алайда өлімге апаратын күнә

бар. Тәңірге сиынсын дегенде ондай күнә туралы айтып отырған жоқпын“ (1Жохан 5:16).

Күтуші Құдай! Киелі кітап бізге Оны солай бейнелейді. Киелі кітаптың екі жерінде мынандай керемет сөздер жазылған: „Өз беттерімен жүріп, теріс жолға түсіп, қасарысқан халықты күні бойы қол созып шақырумен болдым“ (Рим. 10:21 аятты Ишая 65:2 аятпен салыстыр).

Немесе Киелі кітап бізге Құдайды жүзім ағашы жеміс бермес пе екен деп күтетін жүзім бағбаны ретінде көрсетеді (Жохан жазған Ізгі хабар 15 тарауды қараңыз).

Елші Петір бізге Құдай заманның ақыры туралы жоспар дайындап қойған дейді. Бірақ Ол оның орындалуын баяулатып, бәлкім тағы бір адам оралып қалар деп шыдамдылықпен күтуде. Петір: „Иеміз төзімділік танытуда, себебі Ол адамдарды құтқарғысы келеді, мұны дұрыс ұғындар!“ – дейді (2Петір 3:15).

Әкенің біржақтылығы

Енді мен өте маңызды сұрақты қозғаймын, сондықтан Құдай бізге соны дұрыс түсінуге көмектессін деп Оған жалбарынамын.

„Ол әлі де алыста келе жатқанда әкесі баласын көрді“. Бұл біздің әке туралы алғаш естуіміз. Сонда оның ұлының жолын тосудан басқа жұмысы жоқ па? Оны басқа ешнәрсе қызықтырмайды, ол үшін ең маңыздысы – ұлын күту. Оның басқа ештеңемен ісі жоқ. Осы оқиғаның соңын оқыған адам, үлкен ұлдың: маған мүлдем көңіл аудармайсың деп шағымданатынын біледі. Иә, үлкен ұлдың айтқаны дұрыс. Әкесі соншалық біржақты, оны тек бір ғана нәрсе мазалайды: адасқан ұлым оралар ма екен?

Құдай шынымен сондай біржақты ма? Иә, Ол осындай біржақты!

Осы жерде өздерін „діндармыз“ деп санайтын адамдар отыр. Құдайды сол қызықтырады деп ойлайсың ба? Жоқ, Оны тек бір ғана нәрсе қызықтырады: сен Оған қайтып оралар ма екенсің?

Иерусалимде Ишая пайғамбардың кезінде халық көп діндерді ұстанған. Ғибадатханада мейрамдар өткізіліп, құрбандықтар шалынды. Қолдарын жайып, дұға қылды. Осындай діндарлық Әкені қуандыру керек емес пе? Бірақ Ол не дейді? „Сол себептен Жаңа туған ай мен өзге де мерекелеріңді жаным жек көреді. Олар Мен үшін ауыртпалыққа айналды, бос рәсімдеріңе төзуден мезі болдым! Сендер қолдарыңды жайып Маған сиыңғанда назар аудармаймын. Қаншама көп мінәжат етсеңдер де, Мен құлақ салмаймын“, „Күнеларыңнан арылып, тазарыңдар! Көз алдымда жасап келген зұлым істеріңді доғарыңдар, жамандық атаулыдан бас тартыңдар! Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар“ (Ишая 1:14-15, 19), „Өлеңдеріңнің шуылын Менен аулақ алып кет“ – дейді (Амос 5:23).

Осы жерде: „Мен жақсы, шыншыл адаммын. Мен ешбір жамандық істеп жүрген жоқпын“ дейтін адамдар бар. Бұл, әрине жақсы. Алайда, өзінің күшіне сенген пенде, Жаратқанның мына сөздеріне сен не айтасың: Құдай оған мүлдем назар аудармайды. Керісінше, Ол сен тәубеге келіп, қайта оралмас па екенсің деп күтеді.

Бұны толықтай түсіну үшін, біз мынаны білуіміз керек: осы мысалда Иеміз Иса әке деп, Өзі туралы астарлап айтып тұр. Әке – ол күнәһарлардың Құтқарушысы – Иса. Оның созған қолдарына Ғолғота айқышында шегелер қағылды. Сол жерде сені күтіп, алысқа тігіп тұрған көзінен ұрды. Ұлын сүйген еріндері: „Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?“ – деп күңірленді.

Әке – бұл „күнәмыздың құнын төлеу үшін құрбан бо-

лып және ақталғандығымызды дәлелдеу үшін қайта тірілген“ – Иса (Рим. 4:25). Шын сеніммен тәубеге келіп, Оған қайта оралмайынша, Оның бізді ақтау үшін көрген азаптары жеміссіз болмақ. Сондықтан да айқыштан: „Ей, жердің түкпір-түкпіріндегілер, Маған бұрылыңдар, сонда құтқарыласыңдар!“ (Ишая 45:22) деген үндеу естіледі.

Әкенің қырағы көзі

Осы мысалдағы әке – ол – Иеміз Иса. Құдай бізге осы Исада ашылады. Құтқарушымыздың көздері қандай қырағы екенін көрейік.

„Адасқан ұл әлі алыста келе жатқанда әкесі оны көрді“. Біздің Құтқарушымыз сондай. Ол жаралы жүректерді, мазасыз ар-ұжданды, құтқарылғысы келетін күнәһарларды көріп тұрады.

Қаптаған жұрт қаумалап, Иерихонға кірген Ол, жаны құтқарылуды аңсап, тұт ағашының басында отырған Зақайды көрді.

Бетезда деген шомылатын жердегі үлкен ауруханаға келгенде, Ол сол жерден ең алдымен бұрышта жатқан, 38 жыл бойы ауырған еркекті көрді.

Айқыш ағашқа ілініп, жан тапсырғалы тұрып, күнәға белшесінен батқан күйінде өлгісі келмеген қарақшыны көрді. Ал 1918 жылы Ол, соғыста мың-мыңдаған әскердің ішінен, ауырлаған ар-ұжданым құтқарылуды аңсаған мені байқады.

Арамызда Жаратқан Иемен жарасқысы келетін адасқан ұл бар ма? Сенің Құтқарушың осы үлкен жиында сені байқады. Уайымдамай үйіңе қайт, сөйтіп Онымен жаныңды мазалайтын сұрақтарыңды бөліс.

ӘКЕНІҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

... жүрегі елжіреп,

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:20

Егер қандай да бір халықтың халі мүшкіл болып, қасірет шегіп жатса, сол халықтың ақылды адамдарын: „Мүмкін бұл азаптар – Құдайдың соты шығар“. Мүмкін Оның қолы мен қаһары бізге қарсы бағытталған шығар? деген сұрақ мазалайды. Егер бұл халықтың ақылды адамдары осы сұраққа нанымды жауап берсе, онда олар өздеріне екінші сұрақты қояды: „Бізге Жаратқан рақым етіп, қайтадан мейірімді болуы үшін біз не істеуіміз керек?“

Иә, бұл сұрақ жайлы ойланған жөн: адам өзіне Құдайды қалай рақымды ете алады? Бұған Киелі Жазба жауап береді: Оған бет бұру арқылы. Бірде Тәңір Жүніс пайғамбарды Құдайдан безген Ниневи қаласына жіберді. Ол: „Қырық күннен кейін Ниневи күйреп, тас-талқан болады!“ – деп жариялады. Ал Ниневидің патшасы не істеді? Ол бұны келемеж етіп күлген жоқ. Жүністі қуып жіберуге бұйрық та берген жоқ немесе өзінің табынатын мүсіндеріне дұға ету рәсімдерін де өткізген жоқ. Керісінше, Ол: „Әркім Құдайға жалынып-жалбарынып сиынсын! Бәрі де жаман мінез-құлықтары мен сұрапыл іс-әрекеттерінен бас тартсын! Мүмкін, сонда Құдай райынан қайтып, қаһарын басып, біз пәледен аман қалармыз деп бұйрық берді“. Солай болды да: „Құдай олардың істегендерін көріп, жаман жолдарынан қайтқандарына көз жеткізді. Оларға мейірімділік танытып, бәрін құртамын деген райынан қайтты“ (Жүніс 3:8-10).

Біз адасқан ұлдан да соны көреміз. Ұлы қайта оралғанда, әкесінің жүрегі қатты елжіреп кетті. Күнәһардың бет бұрысы Құдайдың жүрегін тебірентеді.

Дегенмен біз: „...елжіреп кетті“ деген сөзді жақынырақ қарастырайық.

Әкенің қайғысы

Әкесі үйінің шатырында тұрып, қайтып келе жатқан ұлын көреді. Қандай аянышты жағдай! Оның есіне басқа жағдай: ұлының үйден кетіп бара жатқандағы сұлбасы түседі. Менмен, қырсық, жанып тұрған жас жігіт. Сондай-ақ оның кетіп бара жатқанда қандай екені көз алдына келеді – шымыр денелі, күші тасып тұрған, балғын жас жігіт. Ал енді ше! Қандай аянышты көрініс! О, құрдым дүние! О, күнә! О, сұм шайтан! Ұлымды оңдырмай мерткітіріпсіңдер!

„Оның жүрегі елжіреп кетті“. Оның жүрегі қайғы мен мұңға толды. Құдайдың да адамға дәл осылай жаны ашиды. Ол адамды кемелді етіп жаратты. „Осылайша Құдай адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас етіп жаратты“. Ол адамды жақсылық пен жамандықты ажырата алатындай етіп жаратты және оған толықтай еркіндік берді. Бірақ алғашқы адам жамандықты таңдады.

Сонымен, міне, „Тәңір, Құдайды іздеп, түсініп жүрген біреуі бар ма екен деп, көктен адам баласына көз салды. Бәрі тура жолдан тайып, азғындыққа салынды“ (Забур 13:2-3). Енді билікке күнә мен қайғы-қасірет және өлім келді. Сондықтан Құдайдың жүрегі қайғыға толы.

„Оның жүрегі елжіреп кетті“. Осы мысалда біз Исаның „әке“ деп Өзін меңзеп тұрғанын білдік. Осы мысалды айтып тұрып, Ол Өзіне келген салықшылар мен күнәһарларға қарады және оларды аяп кетті. Ол парызшылдар мен дін мұғалімдеріне қарады. Олар болса: „Ол күнәһарларды қабылдайды“ – деп күңкілдеді. Исаның оларға да жаны ашыды. Ол бізге де қарайды әрі аяйды. Иеміз Иса сондай!

Әкенің сүйіспеншілігі

Адасқан ұл туралы оқиға, егер ұлға қарайтын болсақ – өте қайғылы оқиға. Бірақ әкеге қарайтын болсақ, бұл өте қуанышты оқиға. Өмірде де әрқашан дәл солай емес пе? Егер адамдарға, олардың іс-әрекеттері мен жүріс-тұрысына, әсіресе өз-өзімізге қарасақ, жүрегіміз ауырлап, ұнжырғамыз түсіп кетеді. Алайда, егер Исаға қарайтын болсақ, онда тынысымыз жеңілдейді және жүрегіміз қуанышқа толады. Осы мысалда әкеге қарайық!

„Оның жүрегі елжіреп кетті“. Осы жерде адасқан ұл туралы мысал тіптен адам сенгісіз болып кеткенін байқайсыз ба? Мына жағдайды көз алдыңызға елестетіңіз: ұл әкесінің сүйіспеншілігін аяққа таптады. Оның өсиеттерін көзіне де ілген жоқ. Ақыр соңында, қоштаспастан кетіп қалды. Туған үйінен алыста жүріп, ол барып тұрған жаман әрі жеңілтек жолмен жүріп, өзінің бар еншісін ысырап қылды. Ал енді болса бейшара күйге түсіп, аш-жалаңаш, жалба-жұлба болып оралды.

Әкенің орнында бір шаруа адам болды деп елестетіңізші. Оның бет-жүзі қатуланып кетер еді. Ол итін шабалатып үргізіп, жұлым-жұлым қаңғыбасты ауласынан қуғызатын еді. Бұндай жағдайлар болады. Бұл адамға тән жағдай.

Бірақ осы жерде әңгімеленген жайт Құдайға тән. Иеміз Иса Ізгі хабарды қарапайым сөздермен жариялайды: Иса күнәһарларды жақсы көреді. Мен бұны сіздерге түсіндіре алмаймын. Сізге түсіндірмек түгілі, өзім де түсіне алмаймын. Мен тек сол туралы жариялай аламын: ар-ұждандарыңыз азаптап, еш жерде тыныштық таба алмайтын, мына сіздерді Иса сүйеді. Сен құтқарылып, Құдайдың отбасына қабыл алынған барлық бауырластармен бірге: „Мен тек Иемнің қаһарына ғана лайық едім, бірақ Ол маған рақым етті“ деп әндете аласың.

Жәрдемге келетін әкенің еркі

„Оның жүрегі елжіреп кетті“. Қайсыбір қайғылы жайттарды көрген кезде, біз де күңіренеміз. Біз ауруханада адамдардың төсек тартып, қиналып жатқанын талай рет көрдік. Оларға жанымыз ашыды, бірақ көмектесе алмадық.

Біздің Құтқарушымыз болса мүлдем басқа. Егер Оның жаны тебіреніп, жүрегі сүйіспеншілікпен жалындаса, онда Оның көмектесуге еркі де, күші де бар.

Адасқан ұлға көмек көрсетілді. Бет бұрған кезімде маған да көмек көрсетілді. Сондай-ақ: бет бұрған кезімде маған да көмек көрсетілді деп мақұлдай алатын адамдар осы жерде көптеп саналады.

Жаратқан күнәға тек қайғырып қана қойған жоқ. Ол бұл дерттен құтылудың жолын да қарастырды. „Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады“ (Жохан 3:16).

Исаның күнәһарға жаны ашып қана қойған жоқ. Осы жанашырлығының арқасында, Ол бізді құтқаруға әрекет жасады: бізді Құдаймен жарастыру үшін, Ол өмірін қиды.

Бізге бұдан былай шындықты мойындап, Құдайдың алдында күнәһар кейпімізде келуге қорқудың қажеті жоқ. Оның құтқару еркі тозаққа баруға лайықты күнәһарларға бағытталған. Тек күнәһарлар ғана Исаның өлімімен ақталады. Иса тек күнәһарлар үшін ғана өлді. Демек, Ол біздер үшін де өлді. Біздің құтқарылуымыз осыған байланысты.

ҚҰДАЙДЫҢ РАҚЫМЫ

... алдынан жүгіріп шығады. Құшақтап бауырына басады да, бетінен сүйеді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:20

Жақында мен бір ауру қарт адамның халін сұрап бардым. Оған Ізгі хабар айттым. Ол өзінің жұмсақ орындығында, бір нүктеге тесіліп қараған күйі отырды да қойды. Мен оған тағы да айта бастағанымда, ол: „Ау, шырағым, доғарсаңшы! Қауым Құдайдың сүйіспеншілігі туралы айтады. Кәні, қайда сол сүйіспеншілік? Барлық жерде кісі өлімі мен қан төгіс! Қайдағы Құдайдың сүйіспеншілігі?!“ Осыны айтып, ызғарлы кекесінмен күлгенде, менің жаным қатты ауырды.

Иә, „Кәні, қайда Құдайдың сүйіспеншілігі?“ деген бұл сұрақ әлі талай рет қойылады және бүкіл елді кезетін болады.

Бір таңқаларлығы, қайғы жоқ, көйлек көк болғанда біз: „Қуанып, шаттаныңдар!“ дейміз және Құдайдың сүйіспеншілігі ешкімнің қаперіне де кіріп шықпайды. Бірақ кейін жарқын күндерімізді ала бұлттар торлайды. Сол кезде, тек сондай кездері Құдайдың сүйіспеншілігін іздеп, таппайсың.

Алайда Құдай біздің айналамызды Өзінің сүйіспеншілігімен қоршап тұрады. Егіс алқабындағы әрбір дән мен әрбір картоп түбі және әрбір атқан таң – Оның қорғағыш сүйіспеншілігінің куәсі. Сондай-ақ басымызға түсетін барлық бақытсыздықтар да, Оның сүйіспеншілігінің куәлігі болып табылады. Бірақ адамдар соны байқамайды да, көрмейді де.

Сонымен біз қайта-қайта: „Кәні, қайда Құдайдың сүйіспеншілігі?“ деген сұрақты естиміз.

Осы тақырып бізге былай деп анық айтады: Құдай

рақымын білудің тек бір ғана жолы бар – ол бет бұру немесе Құдайға қайта оралу. Адасқан ұл үйіне қайта оралғанда, әкесінің сүйіспеншілігін білді.

Ол ұлының алдынан жүгіріп шықты

Киелі кітап бізге құлақ естімеген нәрселерді айтады: Құдай адамның алдынан жүгіріп шығады. Бірақ ерекше назар салып қараңыз: Ол басқаның емес, өзінің күнәһар жолын тастап, кері бұрылған күнәһардың ғана алдынан жүгіріп шығады!

Құдайды жұмыр жердің халықтарын жұдырығында ұстаған патша ретінде көрсете отырып, – ал Ол бүгін де дәл сондай! – Киелі кітап: „Құдай халықтарға патша болды, Құдай Өзінің киелі тағына отырды“ – дейді (Забур 46:9). Киелі кітап, Құдай бір күні тағынан тұрады дейді, бірақ тек сот жүргізу үшін тұрады: „Лайым, Құдай қарсы шықсын, сонда Оның жаулары шашылып кетсін“ (Забур 67:2). Иә, Құдай қуанышпен қарсы алады, бірақ кімдерге бола Ол сөйтеді екен? Осы әлемнің данышпандарына бола ма? Немесе жақсы адамдарға бола ма? Мүмкін өздерін әділмін деп есептейтіндер үшін шығар? Әлде, әулиелер үшін бе? Жоқ! Ол бұны Өзіне бет бұрған күнәһарларға бола істейді. Құдайдың рақымы қандай керемет!

Оның өте маңызды себебі бар ғой. Егер Құдай бұлай істемесе, ешкім де үйге оралмаған болар еді. Біздің бәріміз білетінді Құдай да біледі ғой: қайта оралғанда, ең қиыны – соңғы қадам. Адасқан ұл үйіне келе жатты. Міне, ол үйінің қақпасына жетті. Ол сол жерде аялдады. Оның жүрегі дүрсілдеп кетті. Қазір оны үйден қандай менмендікпен кеткенін ұмытпаған қызметші әйелдер мен малайлар көреді. Иә, ал енді ол осы бейшара күйінде әкесінің алдына баруы керек. Ол кібіртіктеп қалды. Осы соңғы қадам қандай қиын еді!

Бірде мен, ашу үстінде үйінен кетіп қалған бір адам туралы оқиғаны оқыдым. Бір күндері ол үйін сағынды. Ол алыс жолға шығып, өзінің туған ауылына келді. Бірақ әкесінің үйін көргенде, жолдан бұрылды. Кешке дейін ол бейітте, анасының моласының басында отырды. Ал кеш батқанда, үйіне бармай, қайтадан кетіп қалды. Ол соңғы қадамды жасай алмады.

Осы жерде де өз Жаратушысымен сондай жағдайда тұрғандар қаншама көп! Сол себептен Құдай күнәһарға қарсы жүгіреді. Ізгі хабар – бұл – Құдай күнәһардың алдынан жүгіріп шықты деген хабар. Ол бізге Өзінің қымбатты Ұлы Исада жүгірді. Жаратқанның тарапынан, біз Оны танып-білмей тұрып, керек десеңіз біз әлі тумай жатып, біз үшін Исаның өлгені қандай жақсы! Иә, Ол бізге қарай, осы мысалда айтылғаннан әлдеқайда көп бұрын жүгіреді. Ол біздің осы дүниелік және күнәһар өміріміздің „нағыз қызған кездері“ Киелі Рухы арқылы ескертіп, шақырып, Өзіне баурап алдымыздан шығады. Ол *алдымыздан* жүгіріп шығып қана қоймайды, Ол бізді құтқару үшін *соңымыздан* да жүгіреді. „Сол себептен ол біздің жүрегіміздің есігін қайта-қайта қағады“.

Ол оны құшақтап бауырына басады

Бұл біз келтіріп отырған мысалдағы маңызды сәт. Осыны түсінген адамның Ізгі хабарды түсінгені.

„Оны құшақтап, бауырына басады“. Ойлап көріңізші, адасқан ұл қайдан келіп еді! Кедейлік пен аштықтан тарыққан ол шошқалардың қасынан бір-ақ шықты. Шошқа бағушы мұнтаздай таза киініп немесе иіс суын жағады деп ойламаймын. Иә, шошқалар лас жануар деп саналған. Шошқаның етін жеген немесе шошқа баққан адамға ғибадатханаға кіруге болмайтын. Егер әкесі: „А,

сен кеп қалдың ба? Мейлі, барып, алдымен жуын, жөні түзу киім ки. Сосын сөйлесеміз“ десе де дұрыс деп ойлайтын едім.

Дегенмен олай болмады! „Ол оны құшақтап, бауырына қысады“. Назар аударыңызшы: әкесі ұлын ол қандай болса, сол қалпында қабылдады. Ол оның барлық қарызын кешірді. Ол ұлының қандай жағдайда келгеніне қарамастан, оны ұлдық құқықтарынан айырмады. Содан кейін барып, ол: „Ең жақсы шапанды әкеліңдер...“ – деді.

Мен осы жерде көптеген адамдарды ар-ұжданы айыптайтынын білемін. Оларда жан тыныштығы жоқ, өйткені олар Ізгі хабарды түсінбейді. Бұл қалай болады? Адамның жүрегі тынышсызданып, Құдаймен жарасуды аңсайды. Ол өзін кішкене де болса күнәһармын деп мойындап, былай дейді: „Иә, осы жағдайымда мен Құтқарушыма жексұрын болып көрінемін. Мен түзелу керекпін“. Сөйтіп өзінің күнәсымен және жаман әдеттерімен күресе бастайды, бірақ ол одан сайын оларға шырмалып, тіптен түңіліп кетеді.

О, бейшара адам, бұлай күресуді доғар! Сен бұл мүшкіл халіңнен құтыла алмайсың, сен бәрібір өзіңе өзін көмектесе алмайсың. Одан да қандай болсаң, сол күйіңде Исаның құшағына кір. Сен үшін түйрелген аялы қолдарға қазір қандай болсаң, сол күйіңде беріл. Жаратқанның өзіңе рақым етуін, тек рақым етуін ғана өтін. Сонда Оның рақымы саған түседі! Осы рақым сені жаңартады, түзетеді, өзгертіп, тәрбиелейді және сені тамаша әрі рухани адам етеді.

Иса сенен Өзіне бет бұрудан артық ештеңе де талап етпейді. Бұл шынымен де солай! Осыны тағы басқаша айтайын: көп адамдар алдымен Құдай алдында тазарғылары келеді және сол арқылы ақталғысы келеді. Бұл дұрыс емес. Біз Құдайдың алдында күнәмызды Өзіне алған Иса арқылы ғана ақталамыз. Бұл мәсіхшілік өмір-

дің негізі болып қала бермек. Жаратқан бізге рақым етіп, біз Оның балалары боламыз және осы рақым бізді киелі етіп, өмірімізді күнәлардан тазартады.

...бетінен сүйеді

Сүю – бұл сүйіспеншіліктің „мөрі“, сондықтан да ол ғаламат және маңызды нәрсе болып табылады. Біздер, қадірлі жастар, онымен ойнамай, керісінше оны сол мәнінде сақтап қалуымыз қажет. Кейбір сүйісулердің бар болғанынан, болмай-ақ қойғаны жақсы еді. Өмір мені бір жас сарбазбен кездестірді. Оның өмірін бір жеңілтек қыз талқандаған еді. Ол көзінен жасын парлатып отырып: „Мені есімнен адастырған сол бір сүйісу болмағанда ғой!“ деп шағымданатын еді. Ал Яхуданың сүйгенін естеріңізге түсіріңіздерші!

Сүю – бұл сүйіспеншіліктің мөрі. Ананың немесе қосылғалы жүрген екі жастың сүйісуі, міне, осыны білдіреді.

Бірақ Иса осы жерде не айтқысы келеді? Иса солай сүйді ме? Иә! Адасқан ұлды сүйгенде әкесі оны: „Сен менің ұлымсың“ деп мөрледі. Сол сияқты Исаның құтқарушы сүйіспеншілігінің мөрі бар. Ол туралы Киелі кітапта жиі айтылады. Мысалы, ефестіктерге арналған хатта: „Сол кезде уәде етілген Киелі Рухпен мөрлендіңдер“ (1:13).

Соңында мен осы жайлы Д. Хамбергтің айтқан сөздерін келтіргім келеді: „Менің ойымша, ондай сүю көп бақытсыздықтар мен қырсықтарды және қайғы-қасіреттерді жабады. Сені өмірінде ешкім де Құтқарушыңдай қарсы ала алмайды. Адасқан ұл, үйге орал! Көптеген бақытсыз әрі бейшара адамдар Исаның қолынан құтқарылу тапқан. Бірақ Онда әлі де көп орын бар!“

ҚҰТҚАРАТЫН СӨЗ

Баласы оған: Әке, мен Құдай алдында да, сіздің алды-ңызда да күнә жасап келдім, – деді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:21

Билер кітабында (12:1-6) қызық бір оқиға әңгімеленеді. Ефремдіктер Ғалағаттың тұрғындарымен соғысып жатады. Ғалағаттықтар өздеріне Құдай таңдап берген Иеф-файдың көмегімен Ефремдіктерді жеңеді. Ал жеңілген-дер болса, Иордан өзені арқылы құтқарылмақ болып, бытырай қашады. Бірақ Ғалағаттықтар тездетіп Иор-данды басып алады. Енді не істеу керек? Киімдерін ауыстырып кию үшін, әркім өзіне киім іздеп табады және қару-жарақтарын лақтырып тастайды да залалсыз шаруалардың кейпінде өзеннен өтіп кетуге тырысады. Бірақ Ғалағаттық әскерлер бұл қулықты байқап қалады. Олар қарапайым тәсілді қолданады. Ефремдік-тердің „ш“ әрпін айта алмайтыны бәріне мәлім еді. Сол себептен Ғалағаттықтар өзеннің арғы бетіне өткісі кел-ген әркімнен: „шибболет“ деп айтуын талап етті. Егер біреу „сибболет“ десе, онда оның жау екені түсінікті болып, оны өлтіреді.

Яғни, адамның өмірі мен өлімін *бір ғана сөзге* бай-ланысты болды. Кім осы сөзді айта алса, сол үшін осы сөз құтқарушы сөз болды.

Мен де сондай құтқарушы сөзді білемін: бізді қайғы мен қасіреттен, Құдайдың қаһарынан, өлімнен, Құдай-дың соты мен тозақтан құтқаратын сөзді білемін. Бұл сөз: „Мен күнә жасап келдім“ деген сөз. Елші Пауыл Қорынттықтарға арналған 1-хатында: „Егер алдымен өзімізді өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік“ – дейді (11:31). Бұл – кім „мен күнә жасадым“ деп

айтуды үйренсе, сол Құдайдың қаһарынан құтқарылады дегенді білдіреді. Осы сөзді айтуға шешім қабылдамаған адамды Құдай соттайтын болады. Ол адам құрдымға кетпек.

Ал адасқан ұл құтқарушы сөзді айтты.

Ол осы сөзді айтқан сәт

Адасқан ұл туралы оқиғада бастан-аяқ Құдай туралы астарлап айтылған. Мен тағы да қайталағым келеді: тікелей адамдық көзқараспен қарағанда, бұл оқиға – тіптен мүмкін емес, адам сенгісіз оқиға.

Егер осы оқиға адамдар әлемінде болса, онда ол келесі түрде болған болар еді: әкесі алдымен ұлының өзіне жақындағанын тосатын еді. Сосын ұл: „Әке мен күнә жасадым“ деп айтуы керек еді, тек содан кейін ғана барып, әкесі рақым еткен болар еді.

Бірақ бұл жерде бәрі керісінше. Ұлы ештеңе деместен бұрын, ештеңе істеместен бұрын, әкесі оның алдынан құшағын жая, жүгіріп шықты және әкесі ұлына өзінің рақымды әрі жанашырлыққа толы жүрегін ашқанда ғана, *тек сосын ғана* ұл: „Әке, мен күнә жасадым“ – дейді.

Бұл құтқарылғысы келетін барлық адамдар үшін өте маңызды. Басында біздің бет бұруымыз және күнәларымызды мойындауымыз тұрған жоқ. Керісінше, алдымен Құдайдың рақымы тұр. Құдай барлық адамдарға, барлық күнәһарларға рақымдылықты уәде етеді. Ол бұны Иса Мәсіхтің Фолғотада көтерілген айқышынан дауыстап және айқын айтады.

Сонымен, сен күнәларыңды өзің білмейтін қатал, зұлым құдайға мойындап жатпайсың. Керісінше, сен „Әке, мен күнә жасадым“ деген құтқарушы сөзбен саған әлдеқашан-ақ толық кешірім мен рақымды уәде еткен Құдайға айтасың. Құтқарушы Иса күнәһарлар үшін

қанға боялған жаралы қолдарын саған созып тұр. Күннәңнің құнын Құтқарушың әлдеқашан өтеген. Саған лайықты жазаны, Ол сен үшін әлдеқашан айқышта тартқан.

Бізден озып, алдыға шыққан Құдайдың Исадағы бұл рақымы бізді шынымен де еліктірмейді ме, шынымен де Әкеге оралып: „Әке, мен күнә жасадым“ деген құтқарушы сөзді айтуға жігерлендірмей ме? Немесе мына өлең шумағында айтылатындай: „Саған осы азаптарды тартқызған мен және менің теңіз жағасындағы құм сияқты күнәларым“ дегенді айтқызбай ма? Иә, Құдай алдымен бізге Өзінің рақымы мен кешірімін ұсынады, содан кейін бізді Өзіне баурап, біздің тәубеге келіп, құтқарушы сөзді айтуымызға түрткі салады. Бір әнде солай айтылады: „Күнәһар тәубеге келу үшін, Ол рақымды уәде етті“.

Осы сөзді айтқан кездегі оның жан тебіренісі

Адасқан ұл әлі шошқа бағып жүрген кезінде: „Қой, жолға шығайын, әкеме барайын, оған: „Әке мен күнә жасадым дейін“ деп шешім қабылдады.

Ол осылай істеуге ниет етті. Бірақ бәрі қызық әрі ол ойлағаннан басқаша болды. Ол есін жиып үлгірместен әкесінің құшағында тұрды.

Сол сәтте адасқан ұл: „Тіптен жақсы. Мен күнә жасадым деп айтудың керегі не? Әкем бәрін де жуып-шайды ғой“ деп ойлай алар еді.

Егер ол солай ойлап, құтқарушы сөзді айтпаса, оған қасірет болар еді! Онда ол ешқашан да әкесінің көзіне тік қарай алмас еді. Оның бұрынғы кінәсы олардың арасында әрқашан кедергі болып тұрар еді. Олардың арасында ешқашан да толық татуластық болмас еді. Сөйтіп бұл жарым-жартылай қарым-қатынас, ақыр

соңында, әкесінің бар сүйіспеншілігіне қарамастан, ұлды үйден қудалар еді.

Ал әкесі ше? Ол ұлының жүрегіндегі шынайы өзгеріске ешқашан сене алмас еді. Өйткені: „мен күнә жасадым“ деген мойындау жүректегі шынайы өзгерістің белгісі болып табылмай ма? Әкесінің жүрегі ұлына суына беретін еді.

„Мен күнә жасадым“ деген сөздің неліктен маңызды екенін енді түсіндіңіз бе?

Құдайдың Мәсіхтегі сүйіспеншілігінен хабардар болғанымен, бірақ бәрібір жан тыныштығына ие бола алмайтын адамдар бар. Олар Құдай үйінде татуласпаған балалар болып табылады. Неліктен? Өйткені олар „мен күнә жасадым“ деген құтқарушы сөзді айтпай-ақ Құдайдың үйіне және қауымына кіргісі келеді. Олар киелі Құдайдың алдында ешқашан да тізе бүгіп, жүректері қарс айрылып: „Әке, мен Құдайдың алдында да, Сенің алдында да күнә жасап келдім“ деп мойындаған емес.

Мен сіздерден, шындықты білсеңіздер де, оған әлі бас имеген, Құдай алдында осы жарым-жартылай қалыпта өмір сүріп жүрген мына сіздерден сұрап тұрмын – неге сіздер бұлай істейсіздер? Бұған көп себептер бар. Біреулері Жаратқанмен қалай тілдесу керектігін білмейді. Басқалары тым өркөкірек. Олар өздерін біреудің күнәһар деп атағанын қаламайды. Үшінші біреулері, өздері айтқандай, аз-маз күнә жасап жүргенде тұрған ештеңе жоқ деп санайды. Төртінші біреулері бұған мүлде жеңіл көзқараспен қарап, өмірлері қалай болса, солай ретсіз болса да, бәрі ойдағыдай деп есептейді. Көптеген адамдар күнәны тастағысы келмейтіндіктен де: „мен күнә жасадым“ деп мойындағысы келмейді. Бұлар Құдайдан айрылғысы келмейді, бірақ күнәны *да* уысында ұстап қалғысы келеді. Бірақ бұл анық рухани мешел болып, құрдымға кетудің жолы.

Ізгі хабарды уағыздаушы Элиас Шренк қауымдағы

әр мәжілісте: „Құдаймен қарым-қатынастағы өмірлеріңізді ретке келтіріңіздер!“ деп өтінген. Мен де сізден осыны өтінемін.

Ол осы сөзді қалай айтты

„Әке, мен күнә жасап келдім“, – „Құдайдың алдында да, сіздің алдыңызда да“. „Сіздің алдыңызда!“ Бәрі, біздің осыны түсінген-түсінбегенімізге байланысты.

Әрине, біз көп күнә жасадық; мектепте ұстаздарымыздың алдында, бізге діни сабақ берген мұғалімнің алдында, ата-анамыздың алдында, өзіміз жамандықты бірігіп жасаған адамдардың алдында. Бірақ, егер біз өміріміз мүлдем жаңарсын десек, онда: „Ең алдымен, Құдайдың алдында күнә жасағанымызды“ түсінуіміз керек.

Дәуіт неке адалдығын бұзғанда және кісі өлтіргенде, Жаратқанның алдында тізе бүгіп: „Сенің Өзіңе қарсы күнә жасап, көз алдында зұлымдық істедім“ деп мойындады (Забура 50:6).

Біз Жаратқанның алдына бармақ түгілі, Оған көз жанарымызды көтеріп қарауға да болмайтын заманда өмір сүріп жатырмыз. Оның үстіне қазіргі заманда „күнәһар“ деген сөзді ешкім түсінбейді. Қазір адамдар „жол жүру ережесін бұзған күнәһарлар“, „салық төлемейтін күнәһарлар“ туралы айтады. Бүгінгі күні Киелі кітаптың сөздері осылайша бұрмаланып қолданылуда!

Исада бізге мол рақым уәде еткен Құдайға көз тігіңіз. Оған шын жүректен және өз аузыңызбен: „Әке, жалғыз Сенің алдында мен күнә жасадым және Сенің алдында жаман іс-әрекеттер істедім“ деп мойындаңыз. Сонда бізге рақым патшалығы өзінің құшақ жетпес бар кеңдігінде және ұлылығында ашылады.

АЙТЫЛМАҒАН СӨЙЛЕМ

Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:21

Бүгін мен айтылмай қалған бір сөйлем туралы сөйлескім келеді. Осы оқиғаны мұқият оқыған адам мына нәрсені байқайды: адасқан ұл әлі шошқалардың қасында болғанда, ол әкесіне: „...Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ деп айтпақ болған. Алайда әкесінің құшағына енгеннен кейін, „...ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін“ деген сөз ғана айтылды да, „Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ деген сөз айтылған жоқ. Неге? Бұл маңызды сұрақ.

Өйткені ұл маңызды нәрсені маңызды орынға қойды

Өткен оқиғаны еске түсірейік. Адасқан ұл шошқалар үйірін бағып жүрді. Ол өзінің еншісін ысырап қылып бітірген. Елді аштық жайлаған. Ұл шошқалар жейтін қабықтарды жеп тойынғысы келді. Бірақ оған оны да ешкім бермеді. Ол мұқтаждық көрді.

Сонда ол әкесінің берекелі үйін көз алдына елестетті. „Әкемнің соншама жалшылары нанға тойып жүргенде, мен бұл жерде аштан өлетін болдым“.

Сонда: „Қой, жолға шығайын, әкеме қайтып барып: Әке мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ деймін деп шешім қабылдады.

Былай алып қарағанда, оған әкесінен гөрі, аштығын басатын ас-су маңызды сияқты. Оған жан сақтауға қа-

жет нәрсені алу маңыздырақ. Ал әкесі болса, ол үшін екінші орында.

Шынымен тәубеге келгеніне қарамастан, ол әлі Құдайға бет бұрмаған тәни адамдар сияқты ойлайды. Ондай адам: „Алдымен сыртқы жағдайларды реттеп алайын, Құдай туралы кейін ойластырармын“ дейді. Жалған дүние: „Ең алдымен осы дүниені және оның игіліктерін іздендер. Содан кейін ғана, егер сендерде уақыт болса, Құдай Патшалығының шындығы туралы ойланыңдар“ дейді.

Өмірінді бұндай жолмен реттеу Құдайды қорлайды. Ал Иеміз Иса: „Ең бастысы, Құдайдың Патшалығына еніп, Ол сыйлайтын әділдікке ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді“ – дейді (Матай 6:33).

Адасқан ұл үйге оралғанда осыны түсінді. Енді ол өзінің сыртқы жағдайын реттейтін: жан сақтауға қатысты сөйлемді айтпай, тастап кетті. Енді ол әлдеқайда маңызды нәрсені ойлайды: мен күнәларым үшін кешірім алып, әкеммен қарым-қатынасымды ретке келтіруім керек. Сонда қалғаны өз-өзінен реттеледі. Қалғанының бәрі маған қосымша беріледі.

Өйткені ол қайыршыдан ұлға айналды

Адасқан ұл қайыршылықпен қош айтысып, өзінің әкесіне бара жатыр. Ол әкесінен белгілі бір нәрсені алғысы келеді. Оның алғысы келгені аса көп емес. Сонда да әкесі оған қамқорлық етуі керек. Оның дайын сөздері бар: „Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“. Ол әкесі толық кешіреді деп үміттенбейді де.

Осы кейіптегі адасқан ұлға көп мәсіхшілер ұқсайды. Олар құдайсыз емес. Жоқ, атай көрмеңіз! Олар, тіпті, дұға да етеді. Олар жан сырларын Құдайдың алдына

жайып салады. Бірақ бұның бәрі тек сыртқы нәрселер туралы ғана. Олар Құдайдан өзіне қажетті әр түрлі нәрселерді сұрайды. Бірақ, сүйіспеншілікке толы, адал Құтқарушымыз олар үшін екінші орында.

Бұндай қайыршылық жағдайдан шығып, адасқан ұл сияқты алға қарай қадам басу керек. Адасқан ұлда енді басқа ешбір ұсыныстар да, тілектер де жоқ. Оған әкесінің өзін сүйетіні және кешірім бергені жеткілікті. Ол әкесінен ештеңе алғысы келмейді. Оған әкесінің өзі керек.

Асаф та солай айтады: „Аспанда менің кімім бар? Сенімен бірге болсам, жер бетінде маған ешнәрсенің керекі жоқ. Жан-тәнім әлсіресе, менің мәңгілік еншім әрі жанымның таянышы Құдайым бар“ (Забур 72:25-26).

Өйткені ол толығымен әкесінің басшылығына берілді

Осыны бір мысалмен түсіндіріп кетейін. Менің велосипедімнің алдына кіші-гірім ершік орналастырылған. Онда менің қызым отырады. Бірде, қызымыз екеуміз велосипедпен келе жатқанда, ол: „Әке, рульді мен басқарып көрейін“ – деді. Мен оған рульді бердім. Бірақ ширек минутке ғана, әйтпесе жол апатына ұшыраған болар едік.

Біз де солай істейміз. Біз Құдайға: „Берші, мен басқарайын“ дейміз. Сосын өмірімізді өзіміз басқара бастаймыз. Бұл бізді апатқа ұшыратады. Өмірімізді тырмысып жүріп, әрең-әрең басқарып жүрсек те, бәрібір тозаққа түскен болар едік. Бұндай басқарушылықпен біз өзімізге осы жер бетінде-ақ мыңдаған бақытсыздықтар әкелеміз.

Адасқан ұл да солай істеп, өзін бақытсыз етті. Тіпті бет бұрғаннан кейін де, оны тастай алмады. Ол: „Мені жалшыңыздай қабылдаңыз“ деп айтуды ойлады. Яғни, ол әлі де өмірін өзі басқарғысы келді.

Алайда ол енді үйіне оралды. Ол әкесінің сүйіспеншілігіне бөленді. Дайындап келген сөйлем оның көмейінде қалып қойды. Қолдары өмір рулінен сытылып кетті. Сонда рульді әкесі өз қолына алды. Ұлы осы сөйлемді айтқан жоқ, өйткені өмірін әкесінің басқаруына сеніп тапсырды. Өйткені ол енді: „Ол мені тура жолмен жетелейді“ дегенді түсінген еді.

НАҒЫЗ МӘСІХШІНІҢ КИІМІ

Бірақ әкесі қызметшілеріне бұйырып: Тезірек ең жақсы шапанды әкеліп, балама жабыңдар, қолына мөрлі жүзік, аяғына кебіс кигізіңдер! – деді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:22

Елші Пауыл былай дейді: „Сонымен біреу Мәсіхпен тығыз байланысса, сол – жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне жаңасы пайда болды“ (2Қор. 5:17).

Адам Мәсіх арқылы жаңарады. Адамның жүрегі жақсы ниеттерінің арқасында жаңармайды. Қаншама көп жақсы ниеттерді іске асыру қолға алынып жатыр! Бірақ бәрі бұрынғы күйінде қалуда.

Адам өмірінің сыртқы жағдайлары жақсарғанда да, ол өзгеріп, жаңа адам болмайды. Мен бір төбелескіш бұзық адамды білетін едім. Дегенмен, ол өмірде үлкен табыстарға қол жеткізді. Ол сыйлы адам болды. Бірақ ол бұдан өзгерген жоқ. Ол сол баяғы қатігез күйінде қала берді.

Жоқ! Пауыл айтқандай, адам тек „Мәсіхпен тығыз байланысса“ ғана, егер ол өзінің Құтқарушысын тапса ғана, егер ол адасқан ұл сияқты үйге оралса ғана, тек сонда ғана жаңа адам болады.

Шошқаларын бағып жүргенде, адасқан ұл қандай еді, есіңізде ме? Аш-жалаңаш, өмірден түңілген! Ал енді оған қазір қарап көріңізші! Жаңа әрі сәнді жейде, қолында жалт-жұлт еткен жүзік, аяғында жап-жаңа аяқ киім. „Енді бәрі жаңа“. Жейде, жүзік және аяқ киім – бұлар рухани сыйлардың белгілері. Бұлар Мәсіхпен бірге өмір сүретін әркімде бар. Олар нағыз мәсіхшінің киімдерін көрсетеді.

Жаңа жейде – бұл жаңа әділдік

Бұл оқиға Вюртембергте демалыста болған кезімде болды. Екі жолдасыммен бірге Фалькенштайн үңгіріне бардық. Біз ең ескі деген киімдерімізді киіп, үңгірге түстік. Одан әрине әдемі болып шықпайсың. Үйге біз үстібасымыз әбден былғанып қайттық. Есік алдына келгенде, шешем: „Үйде қонақ бар. Бір кісі сенімен сөйлескісі келеді“ – деді. Сонда мен өзімді бастан-аяқ қарап шығып: „Мына түріммен онымен сөйлесу мүмкін емес“ – дедім.

Осыны рухани өмірге де қолдануға болады. Сен Құдаймен тілдескің келеді, сен Оның баласы болғың келеді. Бірақ өзіңе қарашы! Өміріндегі кінәларың мен күнәларыңа қарашы! Сонда сен мына түріммен қалай сөйлесемін деп айтуға мәжбүр боласың. Бұл шынымен де солай, сен қазіргі күйіңмен Құдайдың баласы бола алмайсың.

Осы жерде адамдардың көпшілігі үлкен қателік жасап, өздерінің былғаныш жейделерін сүрткілей бастайды. „Ой, менің күнәларым соншалықты ауыр емес қой, басқа адамдар менен де бетер жаман“ дейді олар.

Олай болмайды! Жоқ, олай болмайды! Бізге жаңа көйлек қажет.

Осыған келгенде, көбісі қайтадан тығырықтан шығудың жолын іздей бастайды. Олар алдамшы игі істердің көптеген қалдықтарынан тігілген жамау-жамау көйлекті шығарады. Киелі кітап бойынша айтқанда, бұл – өз әділдігіміздің көйлегі. Олар сонысын мақтан тұтып: „Менде бәрі бар!“ дейді. Тіпті бейіт басында да, өзі тіккен осы көйлегін көрсетіп, тағы да мақтану керек.

Иә, бұнымен сіз адамдарды алдарсыз-ау! Бірақ Құдайды алдай алмайсыз. Өз әділдігіңнің қалдықтарынан жамап тіккен көйлек сенің күнәларыңның алба-жұлбасын жаппайды ғой.

Жоқ! Бізге басқа бір нәрсе керек. Әкесі адасқан ұлға жап-жаңа көйлек сыйлады. Дәл солай Құдай да бізге жаңа көйлек бергісі келеді. Ол – Исаның күнәһарлар үшін айқышта алып берген әділдігі. Бір өлеңде: „Мәсіхтің қаны мен әділдігі – менің әшекейім және аса қымбат көйлегім“ деп айтылады. Сенім осы әділдіктің көйлегін киіп: „Жаратқан Иеге қатты қуанам, Құдайыма шаттанады жан дүнием. Мені Ол құтқарып, амандыққа бөледі, үстіме әділдікті де жауып берді!“ деп қуана жырлайды (Ишая 61:10).

Жаңа жүзік – бұл бала қылып алудың рухы

„Қолына жүзік тағындар!“ дейді әке. Көпшілік адамдар сақинаны сәндік үшін тағады. Ол бұдан басқа ешқандай мағына бермейді. Алайда басқа да сақиналар бар. Мен қолыма тағып жүрген мына сақина сияқты, адасқан ұл алған жүзіктің де мағынасы бар болатын. Бұл сәндік әшекей емес. Мен бұл сақинаны бір адаммен атастырылғанда тақтым және осы сақина: біздің бір-біріміздікі екендігіміздің белгісі. Біздің Құдайымыз Ошия пайғамбар арқылы: „Сені Өзіме мәңгіге атастырамын және сені Өзіме шындықта, сотта, ізгілік пен рақымдылықта атастырамын. Сені Өзіме адалдықта атастырамын, сонда сен Тәңірді танысың,“ – дейді (2:19-20). Осылайша, сақина – бұл әкесінің ұлымен жасаған одақтың белгісі. Ол Жаратқан Иенің адаммен рухани атастырылуының бейнесі болып табылады.

Адасқан ұлдың өз әкесін жау көргеніндей, адам да табиғатынан – Құдайдың жауы. Ол Жаратқанды жақсы көрмейді, Оның жолдарын жек көреді. „Сонымен біреу Мәсіхпен тығыз байланысса, сол – жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне жаңасы пайда болды“.

Адам Жаратқанға бет бұрып, Исаның Қаны арқылы

кешірім алды, сөйтіп айқыштың арқасында Құдаймен жауластық тоқтатылды. Киелі рух адамның жүрегін Үш-бірліктегі Құдайға еліктіреді. Ол Құдайдың жағында. Ол Онымен одақтас. Ол Оның келуіне және болатын тойға қуанатын Мәсіхтің қалыңдық-Қауымының меншігі. Міне, сақинаның мағынасы қандай!

Иә, бәлкім сақина тек одақтастықты ғана емес, одан да зор мағынаны білдіретін шығар! Бәлкім, әкесі ұлына берген сақина мөрі бар сақина болған шығар: бәлкім, онда отбасының белгісі болған шығар. Енді ол әкесінің мөрін алып, қолдануға хұқығы бар. Сонысымен ол бүкіл әлемнің алдында ұл деген „куәлікке“ ие.

Ең жаманы не екенін білесің бе? Құдайдың өзіне қалай қарайтынын білмеген жаман. Жоқ, адасқан ұл әкесінің өзіне қалай қарайтынын білетін. Ол шынымен ұл ретінде қабылдандым ба деп жүрегінде шүбәланған кездері, тек мөрі бар жүзікке қараса болды, өзінің қабыл алынғанын білетін.

Сонымен, Құдайдың шынайы баласы күмәндардың бәрін сейілтп, жоқ қылатын мөрі бар рухани жүзік тағып жүреді. Ол – Киелі Рух. Елші Пауыл: „Киелі Рух Құдайдың рухани баласы екенімізді өз рухымызға растайды“ – дейді (Рим. 8:16).

Жаңа аяқ киім – жаңа өмір салты

Осы аятты оқу кезінде, менің көзіме бір нәрсе түсті. Әкесі: „Ең жақсы шапанды әкеліңдер“ дейді. Демек, ұлының үстіндегі шапаны ескі болды. Бірақ әкесі „Жаңа аяқ киім әкеліңдер“ демейді. Ол тек: „Аяғына кебіс кигізіңдер“ дейді. Демек, ұлында аяқ киім мүлдем болмаған. Ол жалаң аяқ болған.

Жалаң аяқ болсаң, қанша абайлап жүрсең де, бәрібір аяғыңды жарақаттайсың. Тәни адамның өмірі де сон-

дай. Ол қаншалықты аяғын аңдап басып, сақ жүргенмен, бәрібір барлық жерде жарақаттанып, Құдаймен және адамдармен болған қарым-қатынасында қателіктер жасайды.

„Кім Мәсіхпен тығыз байланысса, сол – жаңа адам“. Енді оның аяғында аяқ киім бар. Енді ол нық қадам жасай алады. „Мен Тәңірдің күшімен жүріп келе жатырмын“ деген сөздер оған енді қатысты болмақ. Ол енді жолында кезігетін тастардан қорықпайды. Керісінше, оларды аяғымен таптап басып, сеніммен батыл адымдайды. Иә, Иеміз былай деп те айтады: „Айдаһар мен оқжыланды аяғыңмен таптайсың, үлкен арыстан мен абжыланды да жаншып тастайсың“ (Забур 90:13). Жаңа адам, Пауыл айтқандай: „Аяқ киімін киіп, татуласу туралы Ізгі хабарды таратуға дайын“ (Еф. 6:15).

Қысқасы, осы аяқ киім – тамаша нәрсе. Бірақ ойлап көріңіз: ұлы оны әкесінен *сый* ретінде алды. Біз Иса Мәсіх арқылы сол аяқ киімге ие боламыз. Исаға деген сенім арқылы біз жаңа өмір салтына көшеміз.

Той

Бордақыланған өгізшені әкеліп, сойыңдар, ішіп-жеп, көңіл көтерейік!

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:23

Біз адасқан ұл туралы оқиғаның Құдай туралы астарлап айтылған әңгіме екенін білуіміз керек. Адамдар арасында бұл оқиға басқаша болар еді.

Қандай да бір әке өзінің адасқан ұлын шынымен де сондай сүйіспеншілікпен, құшақ жайып қарсы алды делік. Бірақ ол көрісіп болғаннан кейін оған: „Ал енді жүр, үйге кірейік. Өзіңді лайықты ұстап, өткен іске өкінетініңді *іс жүзінде дәлелде!* Егер өзіңді жақсы тұрғыдан көрсетіп, үмітімді ақтасаң, онда туған-туыстар мен көрші-қолаңға сенің оралғаныңды хабарлаймыз“ деген болар еді. Пенде әке басқаша істей алмас еді. Ол алдымен сынақ мерзімін белгілеген болар еді.

Бірақ мына мысалда айтылған әке мүлдем басқаша істеді. Біз одан сынақ туралы бір де сөз естімейміз. Ұлы оралғаны сол-ақ екен, ол бірден тойға дайындық жүргізіп жатыр. Ән айтылып, күй тартылып, әркімге: адасқан ұл үйге оралды! деп жариялауда.

Исаның ісі осындай. Мысалдағы әке – ол Иеміз Иса емес пе? Ол адамдардың жүрек түкпірінде не жатқанын жақсы біледі. Оған ешқандай да сынақ мерзімдері керек емес. Ол адамдардың бет бұрысы шынайы ма, әлде жалған ба, бәрін көріп тұр. Егер ол жасанды болса, онда Ол: „Көктегі Әкем екпеген әрбір өсімдік түбірімен жұлынып тасталмақ!“ дейді. Ал егер адамның Құдайға бет бұруы шынайы болса, онда Ол оны Өзінің жеке еңбегі деп санайды және көктегі періштелер соған қуанады. Қәне, осы тойды қарастырып өтейік.

Сол кездегі той

„Бордақыланған өгізшені әкеліп, сойыңдар, ішіп-жеп, көңіл көтерейік!“ Егер бұны толықтай түсінгіміз келсе, Лұқа жазған Ізгі хабардың 15-тарауындағы алғашқы аяттарға қайтадан оралуымыз керек. Ол жерде де қонақасы туралы айтылады. Киелі Рух жүректерінде құтқарылу тілегін тұтатқан күнәһарлар Иеміз Исаны түскі асқа шақырды. Құтқарылуды аңсаған бұл жүректер араларында рақымы мол Исаның Өзі болғанына қандай қуанды десеңізші!

Бірақ парызшылдар өзара: „Ол күнәһарларды қабылдап, солармен бірге тамақтанады“ деп күңкілдесті. Сол жиында Иеміз Иса сөз алып, оларға күнәға батып, әбден құлдыраған адасқан ұлдың өз көкірегін ұрып: „Әке мен күнә жасадым“ деп тәубеге келгенін, әкесінің оны қалай қарсы алғанын, оған бола үлкен той жасағанын түгелдей айтып, ұзақ әңгімелеп берді.

„Қараңдаршы, – дейді Иеміз Иса, – осы тойда біз бәріміз бірге отырмыз. Міне, адасқан күнәһарлар үйге оралды, олар өздерінің Құтқарушысын тапты. Сол үшін біз ішіп-жеп, көңіл көтермейміз бе?“

Парызшылдар Исаны тек пайғамбар деп санағанмен, Оның күнәһарлармен дәмдес болғанына таңқалды. Егер Оның – „Құдай“ екенін түсінгенде, олардың таңырқауында шек болмас еді. Иә, бұл шынында да керемет! Құдай күнәһарлармен бірге ішіп-жеді. Бір әнде айтылғандай: „Аспан мен жер қуаныңдар! Құдай мен күнәһарлар бұдан былай достасты“.

Мен Киелі кітап бойынша тағы бір сондай тойды білемін. Ыбырайым Мамредегі емен орманының қасында ыстық күннен бас сауғалап, шатырының кіре берісінде демалып отырды. Ол айналасына көз тастағанда, үш ер адамды көрді. Ыбырайым: „Мырза! Рақымыңыз маған түссе, мендей құлыңыздың қасынан өте шықпаңыз“ деп

оларды дәмге шақырды. Сосын ол шатырына кіріп, Сараға: „Тез үш табақ ұн илетіп, күлше нан пісірт“, – деді. Сосын табынға жүгіріп барып, ең семіз баспақты тездетіп сойып, етін қазанға асты (Жар. баст. 18:1-15).

Осылайша Иса Ыбырайымның үйінде түстенді. Ол өз бетінше ұлы оқиға. Бірақ Ыбырайым адасқан ұл емес, ол Құдайдың таңдаулысы болды. Оның үстіне, Киелі кітапта: „Қонақтар ағаштар саясында тамақтанып жатқан кезде Ыбырайым қастарында болып, өзі қызмет етті“ делінген. Лұқа жазған Ізгі хабардағы 15-тарауда тіптен басқаша: күнәһарлар өздерінің Құдайына және Құтқарушысына сеніммен қарап, Оған жақынырақ отырып, ішіп-жеді. Бұл маған: „Мына кереметке қараңдаршы, Жаратқан Ие осы жерде бізге қалай жақын...“ деген өлең жолдарын есіме түсіреді.

Бүгінгі таңдағы той

Бұл аят бізге жақсы хабарды жариялайды. Ол өзін өзі айыптап, қиналған жандардың көңілін өзіне аударады. Бұндай тойға кімнің қатысқысы келмейді дейсіз?!

Достарым менің, сіздер сол тойға қатыса аласыздар және қатысуға тиіссіздер. Шынайы мәсіхшінің бүкіл өмірі – осындай той.

Мәсіхшілікке өте көп орынсыз сөгістер айтылды. Ол туралы: „Өздерін данамыз деп жүріп ессіз болып кетті“ деп айтуға болады. Бірақ мәсіхшілікке қатысты: «мәсіхшілік – өмірден бас тартуға итермелейтін көзқарас» деп тұжырым жасау әбден орынсыз.

Әрине, сенім рухани туылмаған адамның тәндік өмірін қабылдамайды. Сол да өмір ме? Әр түрлі құмарлықтарға, ынсапсыздыққа, тамақ пен ақша туралы уайымдарға берілетін, адамдардың құрметі мен ілтипатына ілігуге ұмтылатын, адамдар мен өлім алдында ұдайы

үрейленетін, ар-ұжданның айыптауларын өшіруге тырысатын өмірді өмір деп ойлайсыз ба? Бұл құрт-құмырсқалар сияқты жер бауырлаған, әуре-сарсаң бос өмір. Құдай сақтасын! Бұндай өмірді сенім шынымен де қабылдамайды.

Өзінің Құтқарушысын тапқан адам шынайы өмірді тапты. Киелі кітап мәсіхшінің рухани өмірін көбінесе тоймен теңестіреді. „Сен маған дастарқан жаясың, көз алдында дұшпандарымның мені құрметпен қарсы алып, тостағанды толтыра құясың“ – дейді Дәуіт (Забур 22:5). Бұл тіптен де бейшара өмір кешу емес! „Ол шөліккеген жанды тойындырады және ашыққан жанды игілікке кенелдіреді“ (Забур 106:9). Иә, Иеміздің өзі дастарқан жаяды! Өйткені Ол: „Мен қайғы тартқан әр жанды тойындырамын“ – дейді (Еремия 31:25). Онда мөлшерлеп, шақтап берілмейді. Сол себептен Сүлеймен: „Әділ адам тойынғанша ішіп-жейді“ – дейді (Нақыл сөздер 13:25). Онда рухани шарап өзен сияқты ағыл-тегіл: „Олар сенің үйіндегі таусылмайтын майға тойынады және Сен олардың шөлін рақымыңның тәтті сусынымен қандырасың“ (Забур 35:9).

Неліктен біз осындай аш, бейшара, қуыс кеуде болып қала береміз? Құдайдың Сөзі бізді тойға шақырып: „Иеміздің қандай игі екенін біліңдер!“ – дейді (Забур 33:9).

Мәңгілік өмірдегі той

Бар байлыққа қарамастан, „Егерде Мәсіхке тек бұл дүниедегі өмір үшін үміт артсақ, онда біз барлық адамдардың ішіндегі ең байғұс-бейшаралары болар едік“ деген сөздер мәсіхшілерге қатысты (1Қор. 15:19).

Дегенмен, Исаның қайта тірілгенінің арқасында бізде мәңгілік өмірге деген берік үміт бар.

Әдетте, Құдайды танымайтын осы дүниелік адам „о

дүние“ дегеніміз – бос, негізсіз, күмәнды, өмірден тыс нәрсе деп ойлайды. „Құдай жолдарының тоғысқан жері – тән“ деп Бенгель айтпақшы, Киелі кітап тәннің қайта тірілуі және әділдік пен шындық өмір сүретін жаңа әлем туралы айтады. Ол бізге жаңа әлемдегі өзендер мен қалалар, ағаштар және адамдар жайлы айтады. Иә, Иеміз Иса Өзінің бір кездері шарап ішетінін айтады. Өлімінің алдында Ол: „Сендерге айтамын: Мен Әкемнің Патшалығында сендермен бірге жаңасын ішетін күніме дейін енді қайтып мұндай жүзім шырынын ішпеймін“ – деді (Матай 26:29).

Сол жерде шынымен де: „Ішіп-жеп, көңіл көтерейік!“ деп айтатындай ұлы той болады. Ол мәңгі-бақи жалғасатын үйлену тойы болады, өйткені күйеу бала Иса Өзінің қалыңдығы – Қауыммен некеге тұрады. Мейлі, бұл жалған дүние не десе, сол десін, бірақ мен сол тойда болғым келеді!

Соңында тағы бір сөз айтқым келеді. Сенің өмірің үзілуге жақын ба? Саған осы әлемнің дәуірі аяқталатын сияқты ма? Басқалар шағымдана берсін. Ал біз болсақ:

Сионның қызы күзетшілер әнін есітіп,
Жүрегі оның шаттықтан аттай тулады,
Ұйқысы қашып, асығыс қайта тұрады.
Көктегі Досы салтанатпен барша оралып,
Әділдік, мейір, күш-қуат бойға құяды.
Жұлдызы оның нұр шашып қайта туады.
Бағалы пірім келгейсің маған тездетіп,
Жаратқан Иса, Құдайдың Ұлы – бабамыз!
Осанна!
Бәріміз бірдей қуаныш залына бас сұғып,
Шадыман кешке қатысып ләззат аламыз.

БЕТ БҰРУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өйткені менің мына ұлым өлген еді – тірілді, жоғалған еді – табылды!

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:24

Патшалықтар туралы 4-жазба кітабының 13-тарауында бізге ерекше бір қызық оқиға әңгімеленеді. Құдайдың ұлы қайраткері – Еліше пайғамбар өліп, жартастағы үңгірге жерленеді. Жерлеуден кейін көп ұзамай осы қызық оқиға болады. Сол жолмен жерлеу шеруі өтіп бара жатты. Бір адамды жерлегелі жатқан болатын. Кенет осы жерлеу барысының тәртібі бұзылды. Өйткені: „Елге жау шапты!“ деген үрейлі хабар келген еді. Сол екі арада моавтықтардың жау әскерлері жақындап та қалыпты. Елдің бәрі тым-тырақай қаша жөнелді, жол үстінде тек мәйіт жатқан табытты көтергендер ғана қалды. Олар да мәйітті Елішенің табытының қасына тастай салды да, тұра қашты. „Сонда оның денесі құлап бара жатып Елішенің сүйегіне тиіп кетіп, тіріліп кетті және аяғынан тік тұрды“.

Қандай қорқынышты, иә? Сенесіз бе, осы оқиға мен жайлы және менен басқа да мыңдаған адамдар жайлы. Абжылан күнәның уынан және Заңның бізге қарсы шығарған үкімінен біз бәрібір де өліп қалар едік. Бірақ сосын біз Құдайдың пайғамбары Исаға тиіп кеттік. Біз Оның өлімін жанап өттік. Сөйтіп тірілдік. „Осы ұлым өлген еді – тірілді, жоғалған еді – табылды!“ деп Құдай біздер жайлы айтады. Құдайға бет бұру – осындай зор өзгеріс әкеледі.

Өзіңнің үмітсіз жағдайыңды түсіну

Адасқан ұл туралы мысалда біз әкені қайырымды кісі ретінде көреміз. Күнәсы еңсесін басқан ұлы үйіне оралғанда, әкесі оған бірде-бір сөгіс сөз айтқан жоқ. Оның бар болмысы сүйіспеншілікті, жанашырлықты, қайырымдылықты көрсетіп тұрды.

Бірақ оның мейірімі сезімге берілген жұмсақтық емес. Ол туралы бізге жоғарыда келтірілген үзінді айтады. Бәрі тойлау үшін дастарқанға отырмас бұрын, әкесі шынымен болған жағдайды қаталдықпен ашып айтты: „Осы ұлым өлген еді“. Ұлы селк ете түсті. Ол басын төмен салды. Барлық қонақтар ұлға қарады және оның қазір атып тұрып: „Жоқ! Әке, сен тым асырып айтып тұрсың. Иә, мен дұрыс жолдан сәл-сәл тайдым. Бірақ өлген жоқпын“ деп айтуын күтті.

Бірақ ұл ештеңе айтқан жоқ. Менің ойымша ол тек басын изеп: „Иә, шынымен де солай“ деп сыбырлады. „Мен өлген едім! Шошқа бағатын халге жеткенде емес, өркөкіректікпен әкемнің үйінен кетіп бара жатқан кезімде-ақ өлген едім“.

Тәни адам секіріп, асыр салып, бүкіл әлемді шулатса да, бәрібір өлі. Құдайдың алдында ол өлі. Оның көр соқырлығы соншалықты, Құдайдың киелілігін де, Исаның сүйіспеншілігін де, өз-өзін де, өзінің халі шын мәнінде қандай екенін де көрмейді. Мейірімді Бақташы оны талай рет шақырып, оған рақымын ұсынғанмен, ештеңе естімейді, себебі ол керең. Ол ештеңе сезбейді: Құдай оны Өзінің сотымен қанша жазаласа да, ол немқұрайды күйінде қала береді.

Ой, бұл енді тым асыра айтылған дейді көпшілігі. Менің халім соншалықты жаман емес. Иә, дұрыс айтасың. Онша жаман емес, бірақ мүшкіл халдесің. Құдайға бет бұрмаған, рухани туылмаған адам жәй ғана өлі емес, нағыз өлінің өзі. Тәни өлген адам ештеңе істемей

қимылсыз, тыныш жатады. Ал рухани өлі адам өлімнің істерін жасайды. Ондай адам „күнәһар болмысына тәуелді болғандықтан, рухани тұрғыдан өлі“ – дейді Киелі кітап.

Пауыл: „Ескі күнәһар болмысымыздан туындайтын қылықтар белгілі, олар: жеңіл жүріс, азғындық пен ұстамсыздық; жалған тәңірлерге табынушылық пен сиқыршылық; қаскөйлік, ұрыс-керіс, қызғаныш, ашу-ыза, жеке бастың абыройын ойлау, ала ауыздық туғызу, жік салу, күншілдік, кісі өлтіру, маскүнемдік, жүгенсіздік және сол сияқтылар“, – дейді (Ғал. 5:19-21).

Осы жайлы көп айтудың қажеті бар ма? Құдайға бет бұрмаған адам: мен соншалықты жаман емеспін ғой деп, өз дегенінен бас тартпайды. Бірақ Құдайға бет бұру, Оның айтқаны дұрыс екенін, өзіміздің рухани өлі екенімізді түсініп, түнектің осы айтылған істерінен жан түршіге қорқуға әкеледі.

Жаңа жаратылған адам

„...тірілді“. Адам Құдайға бет бұрғанда болатын өзгерістерді елестетіп көрудің өзі мүмкін емес. Елші Пауыл: „Біреу Мәсіхпен тығыз байланысса, онда ол жаңадан жаратылған адам, яғни жаңа жаратылыс“, – дейді (2Қорынт. 5:17). Бұл бет бұрысты әлемнің жаратылуымен салыстыруға болады. Ол кезде айнала қаптаған түнек болған. Сонда түнектің ортасында Жаратқанның: „Жарық болсын!“ деген даусы естілді. Бұл солай болды да. Құдайға бет бұрғанда да дәл солай.

Пауыл: „Жаратылыстың басталуында қараңғылықтан нұрдың жарқырауын бұйырған Құдай жан дүниемізді жарқыратты“, – деп куәлік етеді (2Қор. 4:6).

Ғалымдар Киелі Жазбадағы Жаратылыстың басталуы кітабының бірінші тарауындағы зор үнге құлақ са-

лып, „айтты – орындалды, бұйырды – пайда болды“ деген мадақтау өлеңін тыңдаудың орнына, әлем олай жаратылды немесе бұлай жаратылды деп дауласады.

Осы жаратылыс оқиғасы адам Құдайға бет бұрып, ол туралы „...тірілді“ деп айтылған сайын қайталанады.

„Бірақ сен менің жүрегімнің есігін қақтың...“

Адасқан ұлдың оқиғасы таңқаларлық нәрселерге толы. Солардың біреуін көрсетуге рұқсат етіңіз. Басында адасқан ұлдың не істегені, оның өз кеудесін өзі ұрып, күнәларына өкініп, қалай тәубеге келгені жайлы ұзақ әрі егжей-тегжейлі әңгімеленеді. Яғни, ол іскер әрі белсенді адам сияқты бейнеленеді. Ал соңында: „Ол тірілді“ дейді. Бұл тіптен енжарлық емес пе? Демек, ол жақта онымен бірдеңе болғаны ғой.

Ал Құдайға бет бұрғанда бұл қалай болмақ? Мен бірнәрсе істеймін бе, әлде менің басымнан бірнәрсе өте ме? Құдайға бет бұрған әркім: „Маған бірнәрсе болды. Құдайдың Сөзі менің жүрегіме рухани туылудың дәні болып себілді. Құдай Әке мені Ұлына, ал Ұл Әкеге тартты. Мен өзімнің бейшара халімді және Оның құтқаруына мұқтаж екенімді түсінуім үшін, Құдай менің жүрегімді нұрландырды. Ол маған тәубе және сенім сыйлады“ дейді.

Құдайға шынайы бет бұру – өте ұлы іс, бұл тек Құдайдың ғана қолынан келетін іс. Бірақ бұл істі Құдай сенде жасағысы келеді, сол себептен Оған мойынұсын. Сонда сен Құдайдың барша баласымен бірге:

Махаббатыңа лайықсыз жанмын мен пенде:

Ізгілігіңе Сенің құлақ аспадым бағынып.

Қаншама күндер бос өтті мәнін жоғалтып,

Құтқарушым менің, Өзіңнен жырақ ағылып.

Көп жылдар бойы Өзіңсіз ғұмыр кештім мен,
Жүректі ащы арам шөп басты, жасытты.
Мейірім төккен жемістің дәнін өлтіріп,
Бұлыңғыр елес мақсатқа босқа асықтым.

Әйткенмен Сен кеп есігін қақтың жүректің,
Аштым да оны – шырадай көзім жайнады.
Адасқан ұлды қарсы алдың ешбір ренішсіз,
Күнәларымды әрі қайтадан еске алмадың, – деп
жырлайтын боласың.

ҚҰДАЙҒА БЕТ БҰРУДЫҢ КЕРЕМЕТІ

Осы ұлым жоғалған еді – табылды.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:24

Кімде-кім осыдан 5000 жыл бұрын құдіретті мысыр перғауынының керемет сарайын аралап көрсе, сөзсіз бір жас жігітті кездестірген болар еді. Әдемі киінген оның алдында елдер үлкен құрметпен бас иетін және оны мысырдың бүкіл даналығына үйретілген ең данышпан ғалымдар қоршаған еді.

Егер біреу: „Бұл дарынды жас жігіт кім?“ деп сұраса, „Бұл перғауын отбасының мүшесі Мұса“ деген жауапты естіген болар еді.

Дегенмен, кейбіреулер бұл жас жігіттің құпиясын білетін. Шындығында ол құл болып туылған, бейшара құлдың ұлы болатын. Тіпті, бұдан да төмен десе болады. Ол өлімге кесілген тайпадан еді. Оны сәби кезінде, кәрзеңкеге салып Ніл өзенінің жағасына қалдырып кеткен. Ол өлімге кесілген бала болатын.

Бірақ керемет бір жағдай болды: перғауынның қызы өзенге шомылуға шыққанда, оны көріп қалды. Осылай оның өмірінде үлкен өзгеріс болды.

Мұсаның басынан өткен оқиға – менің де басымнан өткен оқиға, сондай-ақ басқа да мыңдаған адамдардың басынан өткен оқиға. Біз де өлімге кесілген адамдар едік, өлімге бет алған шайтанның құлдары едік.

Бірақ бізді ұлы патшаның – тірі Құдайдың Ұлы дер кезінде тауып алды. Ол бізді „қорқынышты құздан, батпақты саздан“ алып шықты. Ол бізді Жаратқан Иенің балалары етті.

Құдайға бет бұрудың кереметі туралы ой толғай отырып, осыны тереңірек қарастырайық.

Құдайға бет бұрмаған адамның жағдайы

„Менің осы ұлым өлген еді“ дейді біздің мысалда әкесі.

Осы дүниелік соқыр адамдармен дауласқанды жаным сүймейді. Олар: „Жоқ, менің жағдайым соншалық жаман емес“ деп мәлімдейді. Қиямет күнгі сот олардың шын мәніндегі жағдайлары қандай екенін көрсетеді. Мен одан да уағыздаушы Дамманның пікірін ұстанайын. Өзінің алғашқы уағзын ол: „Киелі Жазбадағы жүздеген, мыңдаған сөздердің ішінде „құрдымға кеткен“ деген қысқа ғана бір сөзден басқасынан еш қорықпаймын“ – деп бастады.

Ол осыны уағыздағанда, қауымда бір жас бойжеткен отырды. Ол кейін маған әңгімесін айтты. „Маған осы сөз жеткілікті болды, – дейді ол. – Осы бір ауыз сөз менің жүрегімді қатты толғандырды. Содан кейін қанша тыңдасам да, осы „құрдымға кеткен“ деген сөз қайта-қайта ойыма келе берді. Құрдымға кеткен! Неге? Күнәсына бола. Сен де құрдымға кеткелі тұрсың!“

Біз айтып отырған мысалда қолданылған „жоғалған еді“ деген сөздің екі мағынасы бар. Мысалы, жолда келе жатқанда, қолғабың қалтаңнан түсіп қалып, жоғалуы мүмкін. Сонда ол лайға иленіп, оны адамдар таптап кетеді немесе ол бір бейтаныс адамның қолына түседі. Адам да табиғатынан сондай – „жоғалған“. Ол өзінің заңды иесі – тірі Құдайдан ажырап, „жоғалып қалған“. Біреуі күнәның батпағына батып жатыр. Басқасының жөні түзу сияқты көрінгенімен, опасыз қожайындардың: адамдардың, өзімшілдіктің, шайтанның қолында. Бірақ адам қолғап сияқты жансыз зат болмағандықтан, олжаланғанына өзі кінәлі. Адам күнәға батқаннан бері біз „жоғалған“ адамдар боп дүниеге келеміз.

Бірақ, бұл сөз „өлген“ деген мағынаға да ие. Бірде бір кеме түнде жаман сұрапыл дауылға ұшырапты. Кенет күшті толқынмен көтерілген су кемеңің үстіне дейін

шығып, бір матросты кеменің сыртына шайып алып кетті. Құтқаратын қайықты тастау мүмкін емес еді. Қараңғыға тесіле қараған капитан: „Ол қаза тапты“ – деді.

Күнәларында өліп кеткен қаншама адамдардың сонынан осылай қарауға мәжбүр болдым. Сонда жүрегім сыздап: „Ол мәңгілікке құрыды! Құдайдың қаһары оның үстінде қалмақ. Құдайдан ажырап, жоғалып қалған әркім өледі“ деп қанша мәрте шырылдады. Тәни адамның жағдайы осындай.

Құдайға бет бұрған адамның жағдайы

„Ол табылды“.

Өзіңнің заңды иең – Құдайдың қолына түсу деген сөздің мәнінің қаншалықты терең екендігін айтып жеткізу үшін сөз таппаймын-ау.

Алдымен мен бір түсінбестікті ескерткім келеді. Қандай да бір діндарлық күшті сезім „Ол табылды“ дегенді білдірмейді. Мен сондай жағдайлармен көп ұшырастым: адам бір үлкен бақытсыздыққа ұшырап жатады, себебі ол жасаған күнәларының жазасын тартуға тиіс. Ол халінің мүшкіл екенін сезіп, құтқарылуды аңсайды және ол соны алдым деп сенеді. Біраз уақыт өтеді. Өміріндегі қиыншылықтары түзеледі. Бірақ, көп ұзамай бәрі бұрынғы қалпына келеді. Ол Құдайға шыннайы бет бұрмаған, яғни түбегейлі тәубеге келмеген. Ондай адам шөл даладағы жолаушыға ұқсайды. Оның тамағы құрғап, қатты шөлдейді. Кенет ол көгалды алқапты көргендей болады әрі оған жақындағысы келеді, бірақ ол сағым болып шығады да тұмандай сейіліп жүре береді.

Тағы бір түсінбестік. Мен бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұрыста болғанда, біздің бөлімшеде құдайсыз, әжуашыл адамдар болған. Бірақ біз бірнеше апта

бойы Сомма өзенінің жағасында оқ боратып, ешбір қауқарымыз да, қорғанымыз да қалмаған кезде, солардың ішінде сиынып, Құдайға жалбарынбаған адам қалмады. Кейін көбісі: „Мен тағы да Құдайға сеніп үйрендім“ деп мойындады. Осы адамдар туралы: „Олар табылды“ деп айтуға бола ма? Әрине, жоқ. Олар өздерінің иесі – Жаратқанның қолына әлі түскен жоқ. Оларды Жаратқаннан соңғы ең биік дуал әлі бөліп тұр: бұл олардың кінәсі. Оларға Исаның Қаны арқылы күнәларының кешірілуі жетіспей тұр. „Мен Құдайға оралдым“ деп айтқан адам Құдайға бет бұрған деп саналмайды, күнәһарлардың Құтқарушысы Иса Мәсіхті қабылдаған адам ғана Құдайға бет бұрған деп саналады.

Мысалға келтірілген екі жағдайда да адамдар: „Мен таптым“ дейді. Бірақ бұл – Құдайдың қолдауымен болған бет бұру емес. Шынайы тәубеге келген адам: „Мен табылдым. Менің Ием және Құдайым мені бейшара күнәһар қалпымда тапты. Ол маған жанашырлық танытып, мені құрдымға кетіп бара жатқан жерімнен тоқтатты және рақымшылығын көрсетіп, мені Өзінің иелігіне айналдырды“ дейді.

„Ол табылды“. Қандай бақытты жағдай! Сонда елші Пауылмен бірге: „Сонымен, Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз. Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды. Енді Құдайдың рақымына бөленіп, салтанатты ұлылығын көреміз деген үмітімізге қатты шаттанамыз! Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, қатты шаттанамыз“ деп мойындайсың (Рим. 5:1-3) .

Сонда барлық әділдермен бірге: „Мен мынаған нық сенемін: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де бізді Құдай-

дың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!“ деп шаттанатын боласыз (Рим. 8:38-39).

Іздеу салушы

Біздің әңгімемізде екі әрекет туралы айтылады: „жоғалту“ және „табу“. Демек, іздейтін де біреу болу керек. Ал осы біреу – Иса. Иса айнала қарап, құрдымға кетіп бара жатқандарды іздейді. Оның үйіңе кіріп, сені іздегенін, сенің есіміңді айтып, қайта-қайта шақырғанын байқадың ба? Сол іздеу салуда мол қайырымдылық пен аса ұзақ шыдамдылық бар. Бірақ егер мен бұның аса маңызды екенін айтпай қоя салсам, сіздерге қарсы күнә жасаған болар едім. Иса көздеген мақсатына міндетті түрде жетеді. Ол құсты атып алмайынша, жаны жай таппайтын аңшыға ұқсайды. „Өйткені, міне пеш сияқты лаулап жанатын отты күн келе жатыр“ (Малахи 4:1). Сонда ол ең қырсық деген, ең сенбейтін адамды да жауапқа тартады. Құдай „Себебі бұл дүниені әділдікпен соттайтын күнін белгілеп, сотты жүргізетін Кісіні тағайындап қойды. Барлық адамзат үшін соның дәлелі болсын деп, Құдай бұл Кісіні өлімнен қайта тірілтіп алды!“ (Елш. іст. 17:31).

Кім сол күнді жеңіл ойлылықпен жүріп қарсы алғысы келеді? „Әлі уақыт бар, рақым әлі шақырып тұр ...“

Бір кездері Жүсіпті әкесі өзінің ағаларына тамақ апарып бер деп жіберген еді. Жолда оған біреу кездесті. Жүсіп оған: „Мен ағаларымды іздеп жүрмін“ – деді. Солай Иса да елді аралап: „Мен бауырларымды іздеп жүрмін!“ – дейді. Қандай рақымға толы уақыт!

ҮЛКЕН ҚУАНЫШ

Көңілді тойды бастап жіберді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:24

Маған Дәуіттің өмірінен бір оқиғаны әңгімелеп бастауға рұқсат етіңіздер. Қойшы баланы патша етіп тағайындаудан бұрын, Құдай оны үлкен бақытсыздықтардан алып өтті. Құдай Патшалығында бұндай жағдай жиі болып тұрады: „Тәжге айқыш арқылы барамыз“.

Дәуітке қаһарлы Саул патшадан көп жылдар бойы қашып жүруге тура келді. Бірде ол соншалық қорлық көріп, қиналған кезде, Філістірліктердің патшасына Ғат қаласына қашып кетті. Ол батыл жауынгерді қуана қарсы алды. Бірақ қашқын бұл жерден де тыныштық таппады. Сарай қызметкерлері Дәуіттен қорқа бастады. Сөйтіп олар патшаны арандатып, оны Дәуітке қарсы қойды. Іс насырға шауып, Дәуіттің көзін құртуға дейін барды.

Дәуіт бір қызық қулықтың арқасында аман қалды. Ол „олардың көз алдында есуас болғансып, қала қақпасының есіктерінің бетін шимайлап, сілекейін шұбыртып, ағызып жүрді“ (Патшалықтар туралы 1-жазба 21:14). Сол кезде жұртшылық оны жынданған деп ойлап қалды. Ал, шынайы Құдайды білмейтін, пұтқа табынатындар шайтанның істеріне терең құрметпен қарайтын болғандықтан, Дәуітке тиісуге қорықты. Осылайша Дәуіт өлімнен аман қалып, қашып кетті.

Байғұс Дәуіт! Дәуіт шынымен бағұс па? Қәне, 33-ші Забурды ашып қарайықшы:

„Дәуіттің Әхимәліктің алдында есуас болғансып, оның қасынан қуылған кездегі жыры: Иемді әр кез жырлаймын; Оны ұдайы мадақтаймын. Жаным Тәңірді дәріптейді; кішіпейілдер оны естіп қуанады“.

Қудалауда жүрген адам мадақтау әнін айта ма? Бұл, мәсіхшінің жағдайы – қуанышты жағдай екенін анық айтып тұрған жоқ па?

Бұл – осы дүние түсінбейтін қуаныш

Бірде мен адасқан ұл туралы мысалға кішкентай оқиға ойлап таптым. Бірде адасқан ұлдың еншісін ысырап қылуға көмектескен бұрынғы екі жолдасы кездеседі. „Достым, біздің әлгі адасқан ұл деген досымыз қайда кеткен?“ деп сұрайды біреуі өзгесінен. „Әй, – деп қарқылдап күледі екіншісі. – Ол қазір нағыз әулие болып кетіпті. Айыбын мойнына алып, өзінің қарт әкесіне барыпты, діндар болып, сандырақтап, үйінде отыр, басын төмен салып, аспанға мәлие көз тігетін болыпты“. „Ха, ха, – деп күледі біріншісі. – Бізбен олай бола қоймас! Біз өзіміздің: күліп-ойнаймыз – ішіп-жейміз – күйеміз-сүйеміз! – деген ұранымызға адал болып қалдық“. Олар осылай күлген бойы кете барады.

Бірақ құлағы жақсы еститін адам бұның жүйкеге қандай ауыр тиетін күлкі екенін бірден аңғарады. Ал көзі қырағы адам ар-ұжданнан безген осы екеуін жынның шыбықпен қалай айдап жүргенін байқайды.

Осының бәрі адасқан ұл туралы мысалда: „Көңіл көтере бастады“ деп айтылған мезетте болды.

Екі әлем!

Қуаныштың әр түрі бар. Құрдымға кетіп бара жатқан осы дүниенің қуаныштарының көпшілігі өз құмарлықтарын қанағаттандырудан тұрады: „күнәһар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы, мал-мүлікке мастануы“ деп атайды оларды Киелі кітап.

Біздің жанымызға ләззат әперетін бұдан да ізгі қуаныштар бар. Музыканы сүйетін адам бәрін ұмытып, Бетховеннің тоғызыншы симфониясын тыңдап рахаттанады;

альпинисттер болса, керемет күні таңертеңмен Қазыбек тауының шыңында тұрып, Кавказдың тауларына тамсана қарайды. Ондай кезде адамдар: „Бұл керемет, тамаша!“ дейді және өздерін бақыттың шыңына жеткендей сезінеді.

Ал мәсіхшілердің қуанышы одан әлдеқайда жоғары. Ол ең алдымен, сезімдермен емес, жан-дүниемен емес, жоқ, ар-ұжданмен байланысты! Мәңгі мазасыз ар-ұжданмен байланысты! Мәсіхшілердің ұлы қуанышы олардың күнәларының кешірілуіне байланысты. Сондықтан ол тыныштық пен татулық орнаған, азат етілген ар-ұжданға негізделеді.

Бірде мен бірнеше еркекпен сөз таластырып қалдым және солардың біріне: „Сіз шындықтан қашпаңыз“ дедім. „Қандай шындықтан“, – деді ол қызбалана. Мен: „Міне мынандай: адам бір кезде өледі, ал сосын сот“ дедім. Кейінірек біз басқа тақырыптар жөнінде сөйлесіп жатқанда, сол жас жігіт, кенет, мені жеңімнен тартып: „Сіз, Құдайдың күнәларыңызды кешіретінін нақты білесіз бе?“ – деді. „Достым, Ол менің күнәларымды Исаның Қаны арқылы әлдеқашан-ақ кешірген“ деп жауап бердім мен.

Көрдіңіз бе, мәсіхшінің зор қуанышы оның азат болған ар-ұжданына байланысты.

Бұл қуаныштың бастамасы ғана

„Көңілді тойды бастап жіберді“. Осы сөздерде бір батылсыздық бар сияқты. Оларға алдымен қуануды үйреніп алу керек сияқты.

Шынайы мәсіхшінің өмірінде де солай. Қашан мен аспандағы тамаша жұмаққа барып, жүрегім үлкен қуанышқа толады, тек сонда ғана кемелді де кірбіңсіз нағыз қуанышқа кенелемін.

Осы жер бетіндегі көз жасының алқабында тек: „Олар көңілді тойды бастап жіберді“ дейді.

Бір теңеу айтуға рұқсат етіңіз. Айтып кеткен Бетховеннің тоғызыншы симфониясының соңғы бөлімінде „Қуанышқа“ деген мадақтау бар. Осы қуанышты әуен музыканың басында-ақ естіледі. Бірақ кенеттен оларға ауыр, сұрғылт, қатқыл әрі ауыртпалыққа толы дауыстар қосылып кетеді. Ал кейбір жерлерінде қуанышты әуен естіліп қалады, бірақ оны қайғыға толы мұңды әуендер қайта-қайта өшіріп тастайды, әйтеуір ақырында, өлең соныңда қуаныш жеңіп, оның салтанатты, ағыл-тегіл әуені естіледі.

Мәсіхшінің өмірі де сондай. Құдайға бет бұрғанда ол: „Жаратқан Иеге қатты қуанам, Құдайыма шаттанады жан дүнием. Мені Ол құтқарып, амандыққа бөледі, үстіме әділдікті де жауып берді“ дейді (Ишая 61:10).

Бірақ біз Құдай балаларының өмірінде басқадай: ауыр, қиналған дауыстарды да естиміз. Біз соғыста өлген баласын жоқтап, жылаған Дәуіттің даусын естиміз: „Ұлым, ұлым менің Абессалом! Сенің орныңа мен өлсем еді!“ (Патшалықтар туралы 2-жазба 18:33). Біз ашуланған Асафтың күңкілдегенін естиміз: „Күнәһарлардың өркендеуін көріп, менмендерге қызғана қарай бердім“ (Забур 72:3). Біз Исаның шәкірттерінің ыңқылын естиміз: „Не ішіп-жейміз? Не киеміз?“ (Матай 6:31). Пауыл болса: „Жақсылық жасағым келсе де, оны жүзеге асыратын күшім жоқ ... Сорлы басым-ай!“ деп назаланады (Рим. 7:18-24). Ал Қауым: „Себебі Димас осы дүниені жақсы көріп, мені тастап кетті“ деп бір кезде елші Пауыл айтқандай талай адамдар үшін жылап жүр (2Тім. 4:10).

Иә, әрине бұл дауыстар біздің жүрегімізден де, аузымыздан да шығатын болады. Сондай-ақ біздің мәсіхшілік өміріміз әлі талай мәрте бейшара болып көрінеді. Дегенмен, қорықпаңыздар! „Сіздерді таңдап алған Құдай адал“. Уақыты келгенде нағыз мәсіхшінің жүрегінде мадақтау әні қайтадан айтыла бастайды. Өйткені „Ал Киелі Рух өмірлерінде жетілдіретін игілікті жеміс – қуаныш“ деп жазылған (Ғал. 5:22).

Соңында жеңіске жеткендер қуанышты әнді кемеліне келтіріп, асқақтата шырқайды.

Шексіз қуаныш

Бұл жерде: „Олар көңілді тойды бастап жіберді“ деп жазылған. Бірақ мен: „Олар көңіл көтеруді доғарды“ деген сөздерді еш жерден таба алмадым. „Күнәмыздың құнын төлеу үшін құрбандыққа қиылған және ақталғандығымыздың дәлелдеу үшін қайта тірілген“ (Рим. 4:25) Иеміз Исада мәңгілік қуаныш бар.

Ал бұл жалған дүниеде тіптен басқаша! Гүлдер қалай жылдам солады, әндер дереу тиылады, қуаныш та тез сарқылады. Ал оның артында өлім, мола, сот, тозақ күтіп тұрады. „Адам не ексе, соны орады“ (Ғал. 6:7).

Иса беретін қуаныштың шегі жоқ – мәңгілік.

Маған уағыздарыңның үшінші бөлімі әрдайым қысқа деп шағым айтады. Бірақ бүгін ол қысқа болу керек, өйткені шексіз қуаныш туралы мен шынымен де не айтарымды білмеймін. Киелі кітаптың айтуы бойынша: „Құдай Өзін сүйетіндерге көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді дайындап қойған болатын“ (1Қор. 2:9). Сондықтан мен келешектегі жаңа әлем туралы көп нәрсе айта алмаймын. Бірақ оны қуанышпен әрі сағына күтемін. Соған ұмтылайық!

Қонақ боп қана аттанбай,
Сүрмекпін өмір мәңгі онда.
Тәжіңмен ғажап бөлеген,
Құрметке сол бір жандарда.

Сол жерде Сені мадақтап,
Ісінді ұлы жырлаймын.
Өзімде қалған мұрада,
Құмардан күнә жүрдаймын.

ТҰҢҒЫШ ҰЛ

Ал оның тұңғыш ұлы далада жүр екен. Қайтып келе жатып, үйіне жақындағанда ол қуана ән салып жатқан дауыстарды естиді. Қызметшілердің бірін шақырып алып: – Бұл не? – деп сұрайды.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:25-16

Иерусалимдегі ғибадатханада адамдар әрқашан ығыжығы, көп болатын. Көптеген халық онда кіріп-шығып жататын. Бір күні Иса ғибадатхананың қақпасының жанында тұрып, сымбаты көз тойдыратын, мейірбан жүзді бір адамды көреді. Оның өзін-өзі ұстауына және киім киісіне қарап, өмірде үлкен табыстарға жеткен адам екенін білуге болатын еді. Оның жүзіне қарасаң-ақ болды, мұрнын шүйірген қуыс кеуде адамдардың қатарына жатпайтыны білінетін. Бұл өз көзқарастарына берік адам еді.

Керемет адам! Міне, ол ғибадатханаға кірді. Демек ол Киелі кітап: „Ақымақ адам жүрегінде: „Құдай жоқ“ деді“ (Забур 13:1) деп айтатын адам емес. Жоқ, оны Құдайға сенбейтін адам деп айтуға мүлдем болмайды! Ол Құдайға сенетін еді.

Ал енді осы адам біздің заманымызға сай қалай жақсы „орнығатынын“ көрейік: ол өзінің Құдайының алдында сол салықшы сияқты мәймөңкелеп, жыламай, керісінше басын жоғары ұстап, өзінің адамгершілігін сезініп, нық сеніммен сиындды: „О, Құдай, мен Саған өзімнің басқа адамдар сияқты емес екеніме ризашылығымды білдіремін...“ (Лұқа 18:11-12).

Тамаша адам! Егер осы адам туралы Киелі кітаптың: „Оған ең жақсы нәрсе жетіспейді. Құдай оны танымайды. Ол Құдай Патшалығынан алшақ?“ дейтінін білсек, бұл сөздер оған „соққы“ болып тиетіндей болып көрін-

бей ме? Біздің уағызымыздың бүгінгі айтқысы келетіні де дәл осы: өзінің әділдігі мен кінәратсыздығына кәміл сенімді адамға ең жақсы нәрсе жетіспейді.

Ол Иеміздегі қуанышты білмейді

Мысалға келтірілген оқиғамыздағы тұңғыш ұлға қарайық. Біз осы жерде ол туралы – парызылға айтқандай: „керемет адам!“ деп айта аламыз. Ол адасқан ұл сияқты әкесінен безіп кеткен жоқ. Інісі сияқты өз еншісін жезөкшелерге шашып, ысырап қылған жоқ. Ол өз міндеттерін адал атқарды. Осындай адамдарды тек жақсы көріп, олардың ісіне тамсана қарауға болады!

Бірақ қазір әңгіме *біздің* ой-пікірімізде емес, Құдайдың не ойлайтынында. Ал Оның ойы мынадай: тұңғыш ұл да – адасқан ұл. Иә, оның жағдайы інісінікінен де жаман.

Киелі кітап оның жағдайын келесі сөзбен суреттейді: „Тұңғыш ұлы далада еді“. Ол әкесінен кеткен жоқ, бірақ әкесінің жанында да болған жоқ. Егер біреу оған: „Әкең сенен міндеттеріңді атқарғаныңнан әлдеқайда зор нәрсені талап етеді. Ол сенен сүйіспеншілікті күтеді. Жүректерімізді бір-бірімізге ашсақ деп тілейді“, деп айтса, ол оны аса сезімге берілгіштік деп санап: „Еріккендік, маған егістікке бару керек“ деген болар еді. Солай қазіргі заманның адамдары да, біздің ән айтып, дұға етіп, Құдай Сөзін зерттегенімізді сезімге берілу деп санайды. Олар: „Одан да сол уақытта жұмыс істейік, біздің Құдайға мінәжат етуіміз сол“ дейді.

Дегенмен, қазір біз осы дүниелік адамдар туралы емес, өзіміз туралы айтып көрейікші! Арамызда кейбіреулеріміз дәл осы жағдайда болмаймыз ба: Құдайдан алыс емес, бірақ бәрібір Құдайға бөтен? Бірде мен абақтыға жабылдым. Жалғыздық еңсемді әбден басты. Маған жақын бір көрші бөлмеде бір адам болды. Мен оның

жөтелгенін, күрсінгенін еститін едім, тіпті оның ма-
засызданып ары-бері тынымсыз жүргенін де естідім.
Бірте-бірте мен сол адамды жақсы біліп алдым. Әйтсе
де, мен одан бөлінген едім. Біздің арамызда қатыгез
дуал тұрды.

Айтыңыздаршы, араларыңызда көбіңіз өз Жарату-
шысымен осылай өмір сүрмей ме? Олар Құдайдан алыс
емес, Оған сенеді және Оны таниды да. Бірақ олардың
арасында дуал бар. Бейшара адамдар! Олар Иеміздегі
қуанышты білмейді, өйткені олар тек өзіндегі қуаныш-
ты ғана біледі. Олар өздерінің кедейлігін көрмейді, өйт-
кені өздерін баймыз деп санайды. Олар шынайы өмір-
ді білмейді, өйткені жақсы өмір кешіп жатырмыз деп
ойлайды.

Ол әкенің рақымы қандай керемет екенін білмейді

Бір күні бір адам менен: „Сіз әрқашан Иса туралы айта
бересіз? Сол Иса сізге не береді?“ деп сұрады ашуға
булығып. Мен: „Сонша көп береді, тіпті таңға дейін
отырсам да, оның бәрін айтып үлгірмес едім. Бірақ ең
маңыздысын бір-ақ сөзбен білдіруге болады: Ол менің
барлық күнеларымды кешірді“ деп жауап бердім. Иә,
Ол бұны істей алады, өйткені Ол айқышта менің күнә-
ларым үшін сотталып, жазасын көтерді.

Күнелардың толық кешірілуінен және Құдаймен
толықтай жарасудан артық не бар? Егер Исаның күнә-
ларың үшін өліп, сендерді ақтау үшін қайта тірілгеніне
сенсеңдер, осы отырған әрқайсың Онымен дәл қазір жа-
раса аласың. Ғолғота айқышы сенің жүрегіңе бар дауыс-
пен: „Сенің күнеларың кешірілді!“ деп жариялайды.

Бірақ осыны жүректің ұғынуы қиын. Біз адасқан
ұлға ұқсаймыз. Үйіне қарай бет алған ол, әкесіне: „Әке,

мен Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Бұдан былай ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін: мені жалшыңыздай қабылдаңыз!“ деп айтамын деп шешті және бұл сөздерді ол үлкен қорқынышпен айтты. Өзін әкесі құшақ жая қарсы алып, үстіне жаңа жейде кигізіп, қолына жүзік таққанда, адасқан ұл қандай күйде болды десеңізші!

Исаның қаны арқылы ең жаман күнәһардың өзі толықтай кешіріледі: қуанышты хабар деп айтылатын Ізгі хабар, міне, осы!

Бірақ біз бүгін өзін еш кінәратсызбын деп санайтын адам туралы сөйлескіміз келеді. Яғни, тұңғыш ұл туралы. Ол біздің айтқандарымыздан ештеңе түсінбейді. „Рақым“ ол үшін жек көрінішті сөз. Ол бұл сөзді естігісі келмейді. Неліктен? Өйткені ол мен рақымға мұқтаж емеспін деп ойлайды.

Осы жерде мен бір маңызды нәрсені айтуым керек. Рақымды алғысы келмеген адам, оны алуға міндетті емес. Рақым ешкімге күштеп берілмейді. Дегенмен, мен неден бас тартып тұрмын деп өзіңізге есеп беруіңіз керек. Әрбір адам үшін – мүмкін өлім алдында, не болмаса өлгеннен кейін, қиямет соты кезінде, кенет: мен де күнәһармын ғой деп мойындайтын күн туады. Мен рақымнан басқа ешнәрсеге мұқтаж емеспін. Бірақ, қайтарылып тасталған рақым қайта оралмайды. Исадағы Құдайдың *рақымын* қаламайтын адам, Құдай *сотының* алдына баруға тиіс.

Бұл мына бір ертегідегі сияқты: бір адам сиқыршыдан дастарқанды сыйға алады, бірақ оны жақтырмай, лақтырып тастайды. Көп ұзамай ол, сол дастарқанды үстелге жайса, онда дәмді тағамдар мен сусындар пайда болатынын біледі. Сонда ол өзі қабылдамай қойған сыйлықты тауып алмақшы болып, тұра жүгіреді. Бірақ, таба алмайды.

Егер тұңғыш ұл қазір арамызда отырса, атып тұрып,

осы жердегі көпшіліктің атынан сөйлеп: „Бұндай бекер сөздердің не керегі бар?! Маған ешқандай да рақымның керегі жоқ, өйткені мен күнәһар емеспін“ деген болар еді. Бірақ оған қарсы жауап ретінде мен мына бір оқиғаны айтып берер едім. Орыс ханшасы Екатеринаның Потемкин деген бір министрі болыпты. Ол оған шаруашылықпен айналысатын ауылдар салуға көп ақша беріпті. Бірақ ол ақшаларды талан-таражға салып, жоқ қылады. Бір күні ханша жаңадан салынған ауылдарды көргісі келеді. Сонда әлгі министр тездетіп үлкен жолдың екі жағына ауылдардың сұлбасын салуды бұйырады. Осы жол арқылы жүріп өткен ханзада барлық жерден шатырлар мен шіркеудің қоңырауларын көреді. Бірақ мұның бәрі қатты қағаздан жасалған еді.

Өзінің кінәратсыздығына шүбә келтірмейтін адам Құдайға алдамшы игі істерінен осындай „потемкиннің ауылдарын“ салып береді. Осы игі істер жойқын соттың отынан аман қалады деп ойлайсыздар ма? „Әркім өзінің істеп жатқан ісіне қарасын, әркім өзінің қайда қалатын білсін...“ – деді кезінде ұлы ғұлама Гете. Мен өз басым рақымның Патшалығында қалғым келеді.

Күнәһарлар оралып жатқанда, ол сыртта тұрады

„Үйіне жақындағанда ол қуана ән салып жатқан дауыстарды естиді“. Онда мейрам болып жатты, өйткені адасқан ұл үйіне оралған еді. Грек түпнұсқасында „ән салып“ деген сөздің орнында „симфония“ деген сөз тұр, орысша ол: үйлесімділік, бір толқындағы әуен дегенді білдіреді. Бұл тәубеге келген күнәһарға бола аспанда періштелер шаттанатын, шынымен де ең керемет симфония және ең жағымды әуен, сонда құтқарылған күнәһардың жүрегіне мынадай жыр шумағы келеді:

Ғажайып мейірім жасалды маған ересен,
Дәл оған менің еңбегім сіңген жоқ еді.
Таңым бар маған Құдайдың төккен нұрына,
Зұлым жүреппен ренжіткен едім мен Оны.
Ендігі жерде қуаныш пен өмір үлесім,
Ол сыйлаған мейірді әспеттеп өту тілегім.

Қандай керемет симфония! Ал үлкен ағасы болса, сыртта тұрып қызметшіні шақырып алып, одан кекесінмен әрі ашулана: „Мынау не сұмдық?“ деп сұрайды. Исада рақым тапқан және үйге оралған адасқан ұлдар біздің күндерде де симфония мен гимндер айтуда. Және әлі де өз кінәратсыздығына кәміл сенімді адамдар: „Бұл не?“ деп сұрайды.

Исадан мейір тауып, үйге оралып жатқан адасқан ұлдардың аузынан қазіргі күні де дәл солай мадақтау жыры төгілуде. Сондай-ақ өздерін еш кінәратсызбын деп санайтындар да баршылық. Олар да дәл солай: „Бұл не?“ деп сұрайды.

Олар сырт көзге өте тамаша адамдар сияқты болып көрінеді! Бірақ „Жан-дүнием солардың кеңесіне қатыспасын!“ Киелі кітап дұрыс айтады: оларға ең басты нәрсе жетіспейді.

ҚҰДАЙ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

Қызметшілердің бірін шақырып алып: Бұл не? – деп сұрайды. Ініңіз қайтып келді! Әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойып, той жасап жатыр – деп жауап береді ол.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15,26-17

Киелі кітапты мұқият оқитын адам, өзі үшін қызық жаңалық ашады: біз үшін сұмдық маңызды болып көрінген нәрселер Құдайдың Сөзінде бір ұсақ-түйек, болмашы нәрселер сияқты қарастырылады. Және керісінше, осы дүние үшін онша маңызды емес болып саналатын нәрселерге Құдайдың Сөзінде үлкен мағына беріледі.

Бір мысал келтірейін. Мәсіхтің туылуына дейін Мысыр биліктің ең биік шыңына шығып еді. Сол күшті мемлекет жайлы және оның жоғары мәдениеті туралы пирамидалар, шіркеулердің алып үйінділері мен қазба жұмыстары куәлік етеді. Киелі кітап бүкіл әлемдік тарихтың осы бір маңызды кезеңін айналып өтеді. Бірақ, оның есесіне, осы әлем үшін болмашы оқиға – сол заманда Амрам және Иохабедә деген ерлі-зайыптылардың перғауынның қуғындауынан өздерінің баласы Мұсаны қалай жасырғанын егжей-тегжейлі әңгімелейді.

Немесе басқа бір мысал. Август патшаның басқаруымен ірі рим мемлекетінің құрылуы қандай маңызды жәйт. Бірақ Киелі кітап Август туралы ат үсті, сөз арасында ғана айта кетеді. Сөйте тұрып ол, осы әлем мүлде байқамаған дерек – мал қорада туылған Иса атты нәресте жайлы хабарға бүкіл бір тарауды арнайды.

Сонда осы әлемді толғандырып, жүректерді тебірендетін жәйттер Құдай үшін айтуға тұрмайтын оқиғалар

болса, керісінше, осы әлем назар аудармайтын оқиғалар, аспан әлемінде зор мәнге ие.

Осы жәйт мені: Аспан әлемінде не нәрсе маңызды болып саналады? деген сұрақтың төңірегінде ойлануға қатты итермеледі.

Бұл әңгімеден өзіміз қандай жауап аламыз?

Осының бәрі қалай болғанын көз алдымызға елестетіп көрейік. Тұңғыш ұлы егістіктен келді. Ол болып жатқан жағдайлардан бейхабар еді. Үйге жақындағанда ол көңілді тойдың у-шуын, ән-күйлер айтылып жатқанын естіді. Ол абдырап тұр: бұл не? Не қылған шу? Неге жұрттың бәрі абыр-сабыр болып жатыр? Не болып қалды екен? Мүмкін әкемді қала бастығы етіп сайлаған шығар? Әлде біз үлкен мұраға ие болдық па екен? Бәлкім, бізге ел басының өзі қонаққа келген болар? Соншама әбігершілік болатындай әкемнің үйінде не болып қалды екен?

Ол қызметшіні шақырып, одан не болғанын сұрады және өзі күтпеген жауап алды: „Сенің інің оралды және әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойды“.

Ә, әкемнің үйінің қуаныштан „есі шығып“ жатқаны осы себептен екен ғой: адасқан ұл үйге оралыпты.

Бұл – мысал әңгіме. Енді оны талқылап көрейік: әкенің үйі – бұл Жаратқанның барша қызметшілері, күштері, бас періштелері және басқа да періштелері, ең алдымен үшбірліктегі Құдайдың аспан әлемі. Міне, біз үлкен ұлмен бірге: аспан әлемін сондай қуанышқа бөлеген бұл не жағдай? Аспан әлемінде не нәрсе ең маңызды болып саналады? деп сұраймыз. Жауап: жоғалған баланың үйге оралуы. Бұл жерде өзіміз қарастырып отырған дәл осы тарауда Иса бізге екі мәрте жауап береді,

дәлірек айтсақ: „Сендерге шын айтамын, Құдайдың періштелері теріс жолдан қайтқан бір күнәкар үшін де дәл солай қуанады!“ (Лұқа 15:7-10).

Әлемде үлкен-үлкен оқиғалар толып жатыр. Бірақ олардың мәні өткінші. Олар уақыт ағымында өз маңыздылығын жоғалтады. Мәңгілікте бір ғана нәрсе маңызды: адам:

сүйіспеншіліктің отанына,
қаңыраған қуыс кеуделіктен – кемелдікке,
алдамшы сағым ойлардан – нақтылыққа,
жалғаннан – шындыққа,
түнектен – айқындыққа,
өлімнен – өмірге,
әлемнен – аспан Патшалығына оралар ма екен?

Бір ғана жанның болса да үйге оралуы аспанда сондай маңызды болғандықтан, осыған егжей-тегжейлі тоқталып, мынадай сұрақты талқылайық:

„Үйге оралу“ деген нені білдіреді?

Осыны бірнеше тұрғыдан түсіндірейін. Егер орта ғасырларда біреу бөтен елге кетсе, ол туралы: „Ол бақытсыздыққа ұшырау үшін кетті“ дейтін болған, „бақытсыздық“ деген сөздің екі мәні болған: „бөтен ел“ және „қайғы-қасіретке, қайыршылыққа ұшырау“. „бөтен ел“ деген сөз бен „бақытсыздық“ деген сөз бір мағынаны білдіретін.

Адам Исадан алыс өмір сүргенде, бөтен елде өмір сүреді. Ол „бақытсыздықта“. Сен осы дүниеде жоғары сатыға көтеріліп, байлық пен мансапқа қол жеткізе аласың, бірақ бақытсыздықтасың. Бәлкім, сен өз міндетімді қайтсем де адал атқарамын деп қалжырап жүрген

шығарсың; иә, сен заманыңа сай адамсың, жұмыс істеп жүрсің – бірақ бәрібір бақытсыздықтасың. Бәлкім, адамдар сені мақтайтын болар, кейде өзінді бақытты сияқты сезінетін кездерің болады, өмірге қанағат ететін сияқтысың – бірақ бәрібір бақытсыздықтасың. Сондай-ақ сен „үйінді“ аңсап сағынатын ар-ұжданыңды басу үшін бар күшінді салып, әлек болып, бір күнәдан соң, басқа күнә жасауға мәжбүрсің.

Күнделікті тіршіліктің қамымен діңкелері құрып, шаршаған адамдар бар. Олар: „Мен өмірдің қайнар көзі – Құдайға бет бұрғым келеді“ – дейді. Иә, дұрыс. Бірақ Құдай қайда? Құдай Исада. Соған келіңіздер! Адам: „Құтқарушым, мені көтеріп, бауырыңа басшы...!“ дейтін күн бақытты. Оның жанында мәңгі қалуға болады. Сол себептен ол – біздің Отанымыз. Онда барлық қиыншылықтар мен бақытсыздықтарға нүкте қойылады.

Енді мен сіздерге үйге оралудың не екенін тағы басқа жағынан көрсеткім келеді. Қызметші: „Әкеңіз бордақыланған өгізшені сойды!“ – деді. Иә, семіз өгізшені сойған! Біз ондайды естисек, сілекейіміз ағады. Ал ашыққан адасқан ұл қандай күй кешті екен! Ол шошқаларға беретін қабықтарды жеуді аңсады емес пе, бірақ оған оны да бермеген еді. Ал қазір оның құрметіне бордақыланған өгізшені сойғалы жатыр! Ол аштық жайлаған ортадан келіп, мол берекеге тап болды.

Исадан алыс өмір сүрген адам рухани аштықтан қиналады. Газеттер, кинотеатрлар, радио, теледидар, күнделікті жаңалықтар... Бірақ, егер адамның жаны тек осылармен ғана өмір сүрсе, ол қалжырайды. Кинотеатрлардың алдында „жаңа“ фильм іздегендер мен басқа да „жаңалықтар“ іздеген адамдарды көргенде, өзімді солардың жандары аштықтан шыңғырып жатқанын еститіндей сезінемін. Дүниедегі ең ғажап нәрсе – „бордақыланған өгізше“ емес, ең жақсысы – сұйық сылдыр су көже.

Достарым менің! Иеміз Исаға келіп, Оның Сөзін

жүрегіне қабылдаған әркім рухани тіріледі: „Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім“ (Жохан 10:10). Дәл осылай, Ол бізді пайғамбар арқылы да шақырады: „Нәрсіз тамақ үшін неге ақша төлейсіңдер? Өздеріңді қанағат қылмайтын нәрселер үшін неге еңбек етесіңдер? Мені мұқият тыңдап, рухани нәрді қабылдаңдар, ағыл-тегіл жақсылықтан жан рақатын табыңдар“ (Ишая 55:2).

Оралудың не екенін тағы үшінші тұстан көрсетейін. Қызметші үлкен ағасына: „Әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойды“ – деді. Бұл адасқан ұл өзінің жасаған қателіктері мен адасуларынан ешбір мұқалмай аман-есен шықты дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл: адасқан ұлдың хал үстінде екенін білдіреді. Бірақ енді ол әкесінің сүйіспеншілігінің арқасында айығып кетті.

Сонымен, Исасыз адам ауру. Бұл ауру өлімге душар етеді. Мұндай аурумен ауырған адамның өмірі – безгек сандырағы. Оның ыстығы көтеріліп, сандырақ пен мастық қалыпта өмір кешеді. Оның өзі туралы да, өлім жайлы да, Құдай және Оның соты жөніндегі ойлары да құры сандырақ. Ал соңында оны мәңгі өлім күтіп тұр.

Адасқан ұл сауықты. Енді ол өзін және өзінің құрдымға кеткелі тұрған жағдайын; жалған дүниенің шын мәнінде қандай екенін және ең бастысы әкесінің сүйіспеншілігін анық және байыппен көріп тұрды. Иеміз Исаға бет бұрған адам да солай, өзінің өлімші ауруынан айығады. „Оның жараларының арқасында біз сауықтық“ (Ишая 53:2). Бұл шипалы дәрі: „күнелардың кешірілуі“ деп аталады.

Енді тақырыпқа қайта оралайық!

Мәңгілік аспан әлемінде тек бір ғана нәрсе маңызды: адам өзінің бақытсыздықтары мен қайыршылығынан әкесінің үйіне, аштықтан – молшылыққа, аурудан – шы-

найы өмірге оралды ма? Сол себептен де мен соңында былай деп сұрағым келеді:

Осы нәрсе сен үшін де маңызды ма?

Осы нәрсе, басқаларды айтпағанда, ең алдымен сенің өзіңе маңызды ма? Өткен соғыста мен адам есеңгіретерлік бір оқиғаны бастан кештім. Мен шығыс жақтағы майданнан демалысқа шыққан бір жауынгермен таныстым. Оның үш наградасы болды. Соның ішінде, бірінші дәрежелі Құрмет белгісі де бар еді. Ол көп нәрсені бастан кешіріп, құлақ естімеген ерліктер жасады. Мен оның қолын қысып: „Сені жоғары наградамен құттықтаймын!“ – дедім. Бұған ол бәсең дауыспен: „Менің жүрегімде әр күнде, әр сағатта тек Исаның есімі мен Оның айқышы ғана жарқырайды. Сол себептен мен қуана аламын“ деген өлең шумағымен жауап берді. Көрдіңіз бе, оның өмірі мағыналы болды, оның Аспан Патшалығына деген үміті болды. „Үйге оралу“ мен құтқарылу оған барлығынан да маңызды болды. Біз де осындай бағытты ұстанамыз ба? Егер солай болса, онда біз Құдайдың ой-пікіріне жақынбыз. Иеміз Иса осылай ойлаған. Шәкірттері Оған өздерінің табыстары туралы айтып бергенде, Ол: „Дегенмен жындардың өздеріңе бағынғандығына емес, есімдеріңнің көктегі кітапқа тіркелгеніне қуаныңдар“ – деді (Лұқа 10:20).

Біз басқа адамдарға қатысты осындай бағытты ұстанамыз ба? Күнәһарлардың құтқарылуы біздер үшін ең маңызды нәрсе болып санала ма? О, Исаның Қауымы! Ұсақ-түйек нәрсеге күшінді жұмсама! Келіңіздер, мына өлең шумағының авторы сияқты әрекет етейік:

Махаббатыңды Сенің, ауыртар жанды жараңды,
Әкелген бізге құтқару мәңгі адақтап.

Біздерді ойлап сиынған ізгі жүректі,
Бар жерде ылғи өтеміз біздер мадақтап.
Күнәһарларға көрсетіп айқыш белгіңді
Өтеміз, жандар алғанша Сені жүрекке.
Сенетін жан ғой пенде дегенің өзінің
Күнәсіздігіне, ойланбас ешбір желөкпе.

ӨЗІНІҢ КІНӘРАТСЫЗДЫҒЫНА КӘМІЛ СЕНІМДІ АДАМ

Үлкен ұл ашуланып, үйге кіргісі келмейді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:28

Иеміз Иса „адасқан ұл“ туралы мысалды әңгімелегенде, Оны шығыстың кең киімдерін киген адамдар қаумалап тұрған. Бұл адамдар радиоқабылдағыштар немесе ұшақтар жайлы әлі ештеңе білмейтін. Олар үшін қозғалтқыш (двигатель) Макс Планктің квант теориясы сияқты бейтаныс еді.

Иеміз Иса соларға осы оқиғаны айтып берген уақыттан бері заман қаншама өзгерді! Осы „адасқан ұл“ туралы көне мысалды қарастырудың керегі бар ма? Ол біздің уақытымызға қолдануға сай келе ме? Иә! Әбден сай келеді! Киелі кітап ешқашан көнермейді. Өйткені ол қай заманда болса да ешқашан өзгермейтін екі мәселені қарастырады емес пе, дәлірек айтсақ: тірі Құдай және адамның жүрегі. Адамдардың жүрегі керемет техникалық өркендеулерге қарамастан, дәл сол Исаның заманындағыдай қалпында қалды.

Сондай-ақ „адасқан ұлдар“ бүгінгі күні де әлі бар. Үйіне, рақымның Патшалығына оралып жатқан „адасқан ұлдар“ да бар. Өз кінәратсыздығына сенімді „тұңғыш ұлдар“ да жеткілікті. Ол туралы біз қазір тағы да сөйлесеміз.

Құдайдың рақымы оны ашуландырады

„Тұңғыш ұлы далада еді“. Бұл – ынталы, өзіне сенімді, мұқалмайтын адамның бейнесі. Ол үйге жақындап, у-шу мен мәре-сәре болып жатқан адамдардың қуанышты

дауыстарын естігенде, қызметшілердің бірін шақырып, не болғанын сұрады. Ол рақым туралы хабарды естіді.

Ол осы хабарға қуанды деп ойлауға болар еді. Егер ол ең болмағанда: „Әкемнің не істеп жүргенінде шаруам жоқ“ десе де түсінуге болады. Жоқ, бірақ „ол ашуланды“.

Не үшін ашуланғанын білмеймін. Бірақ, әйтеуір ашуланғанын анық білемін. Иә, бұл осы күнге дейін солай, рақым туралы хабар өз ісінің дұрыстығы мен кінәратсыздығына сенімді адамдарды ашуландырады. Дәл біздің заманымызда осы рақым туралы „жүрегіңді баурайтын ілім“ жұрттың ашуын шақырады. Кітаптар мен журналдардан, мақалалар мен арнау сөздерден: „Таяқ жегізіп, өш алатын біреу“ болу керек деген „тұңғыш ұлдың“ ашуын көреміз. Олар біздің Құтқарушымыздың тартқан азабын осындай теорияға жатқызғысы келеді.

Мүмкін, сенің жүрегің де тұңғыш ұлдың бағытын ұстанып, аспан Патшалығына тек кешірім алған, тәубе етуге даяр күнәһар ғана кіреді деген хабарға қарсы шығар?!

Тұңғыш ұлдың ашуы рақым мейрамының шуына шыдамады. Өзіне өзі сенген сорлы пенде! Сен жаралы жүректердің тәубеге келіп, Құтқарушының қайырымды қолдарында құтқарылу табуына кедергі жасай алмайсың.

Енді ол Құдайдың жауына айналды

Тәни адам өзінің кінәратсыздығына сенімді. Бұндай сенімділік бізде де бар. Біз өзіміздің игі істеріміз бен еңбектерімізді мақтан тұтамыз. Біз өзімізді өзіміз көтермелеп, осы қасиеттерімізбен Құдайға әлбетте ұнаймыз деп ойлаймыз.

Тұңғыш ұл да кейін әкесіне: „Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, ешуақытта сізге қарсы шыққан емеспін“ – деді. Біздің заманымызда

болса, ол: „Менің ар-ұжданым таза, сондықтан мен ешкімнен қорықпаймын“ деген болар еді.

Осы жерде мен оны тоқтатып, былай дегім келеді: „Дұрыс! Сен жақсы адамсың! Бірақ сен неге ашуланып, сыртта тұрсың? Енді өзің де әкеңе кезінде жалған өмірдің жетегіне ілесіп кеткен інің сияқты, тіпті, одан да бетер жаман жау болып тұрғаныңды байқамайсың ба?

Енді өзің де әкеңе жау болып тұрсың, сондықтан інің сияқты сен де рақымға мұқтажсың“.

Біждағатты, өзіне өзі сенімді адам да, барып тұрған имансыз және түзелмейтін күнәһар сияқты Құдайдың жауы. Жоғарыда мысалға келтірілген аяттың бар күшін салып біздің „миымызға кіргізгісі“ келетіні де, міне, осы. Біз кім болсақ та, елші Пауылдың мына сөздері бізге қатысты: „Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды“ (Рим. 3:23).

Маған бір теңеу келтіруге рұқсат етіңіздер. Ресейде соғысқа қатысып, демалысқа босатылған бір жауынгер маған қызық оқиға айтып берді. Бір немістер тобы жоғарғы штабқа телефон линиясын жүргізді. Ол линия ну орман арқылы өтті. Түнде партизандар келіп, линияны білдіртпей кесіп, немісше сөйлейтін орыс адамы отырған басқа линияға жалғап кетті. Енді топ қалай қимылдау туралы нұсқауларды өз жауынан алып отырды. Жау ол туралы ештеңе білмеді, тіпті, қаперіне де кіріп шықпады. Осы жайт адамның күнәға батудан бергі жағдайына ұқсамай ма? Күнә жасағанда ар-ұжданы айыптайтын күнәһар: өзін көне жау – сұм шайтанның басқаратынын біледі. Ал өзінің кінәратсыздығына сенімді адам оны білмейді. Ол өзін қас жауы басқарып отырғанын білмейді. Ол: менде бәрі ойдағыдай деп ойлайды. Бірақ ол бәрібір шайтанның билігінде.

Егер біз рақымның шекарасына кірсек қана; егер Құдай Ұлы „өлімнен жанымызды аман қалдырып“, „рақымы мен мейірімін сыйласа“ ғана бәрі ойдағыдай болады (Забур 102:4).

Ол рақымның Патшалығына кіргісі келмейді

„Үйге кіргісі келмейді“. Міне, ол есіктің алдында тұр. Үйдің ішінде көңілді ән айтылып, күмбірлеп күй тартылып, шат-шадыман қуанышты мейрам болып жатыр. Ал ол болса ақымақ адам сияқты сыртта тұр. Оны бүйірінен итеріп: „Үйге кірсеңші!“ дегің-ақ келеді. Кейбір адамдарды итеріп: „Үйге кірсеңші! Құтқарушың сені күтіп тұр. Құдайдың Исадағы сүйіспеншілігі сені тосып тұр. Шынайы өмірге, қуанышқа, рақымның Патшалығына кірсеңші!“ дегім келеді.

„Бірақ ол *кіргісі келмеді!*“ Әттең, адамның осы зұлым еркін-ай! Біреу: „Мен Киелі кітапта жазылғанға сене алмаймын“ десе, басқасы: „Менің сенуіме ғылыми білім жол бермейді“ дейді. Ал үшінші біреуі болса: „Менің мамандығым мен қоғамдағы орным бұған төзбейді“ дейді. Адам осы „мен қаламаймын!“ деген ниеттерін бүркемелеу үшін қаншама себептер табады.

Міне, Иса таудың басында тұр. Оның алдында күннің нұрына бөленіп Иерусалим жатыр. Құдайдың Ұлы: „Ей, Иерусалим, Иерусалим...! Балапандарын қанатының астына алған құс сияқты Мен де халқыңды қанша рет жинамақшы болдым, бірақ сендер одан бас тарттыңдар“ – деп жылады (Матай 23:27).

Сен Исаның өзің үшін жылағанын қалайсың ба? Жоқ? Онда өзіңнің бөлмеңе кіріп дұға ет:

Әкетайым, жақындат мені Ұлың Мәсікке,
Ал Ұлың мені тартатын болсын Өзіңе.
Жүректе Сенің Рухыңа орын болсын да,
Сезім мен ойды басқарсын салып тезіне.
Лираның сазы жүрекке жағып бал емін,
Таниын, сезіп Құдайдың берген тынышын!

ӘКЕНІҢ ШАҚЫРУЫ

Әкесінің өзі шығып, оны шақырды.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:28

Хорив тауының бөктеріндегі шөлейтте – Киелі кітап бізге солай әңгімелейді – бір жалғыз қойшы өзінің отарын бағып отырды. Бұл қойшының аты Мұса еді. Кезінде ол ұлы патшалармен байланысы бар, алдына ғаламат жоспарларды мақсат етіп қойған күшті адам болған. Бірақ Оның барлық жоспарлары күйреді, оған өзінің керемет өмірін тастап, жат елге қашуға тура келді. Енді ол жалғыз қалды және осы тынық дала оның сүйікті жеріне айналды.

Кенет, оны бір нәрсе құлақ тігуге мәжбүр етті: ол бұтаның от боп жалындап тұрғанымен, өртеніп кетпегенін көрді. Сонда Мұса: „Мынау қызық көрініс екен, сол жерге жақынырақ барып, бұтаның неліктен өртеніп кетпей жатқанын қарайын“ деп ойлады.

Бірақ ол жақынырақ келгенде, Жаратқанның онымен осы жерде кездескісі келетіні түсінікті болды. Сол кезде Жаратқан Ие:

– Мұса! Мұса! – деп дауыстады.

– Тыңдап тұрмын, – деп жауап берді ол. Құдай: Мұнда жақындама, аяқ киіміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі, – деп бұйырды“ (Мыс. шығу 3:2-5).

Бүгінгі аятты талқылауға дайындалған кезімде, осы менің ойымнан кетпеді. Біз мысалға алған аятта да: „Бұл киелі жер!“ деп айтуға болады. Өзіміз өте ұзақ уақыт бойы қарастырып келе жатқан бұл оқиға осы жерде шырқау шегіне жетеді. Бұл жерде біз Құдайдың Исадағы сүйіспеншілігінің толықтай ашылғанын көреміз. Құдайдың *жараланған* жүректерді сүйетіндігін біз адасқан

ұл туралы мысал әңгімеден көрдік әрі соған қатты қайран қаламыз. Ал бүгін біз одан да оғаш нәрсені естиміз, дәлірек айтсақ, Құдайдың өзіне өзі сенген менмен әрі қатігез жандарды да сүйетіні туралы естиміз.

Үзіліп қалған салтанатты мереке

Адасқан ұл тіптен аянышты және қайыршы болып оралды. Әкесі оны зор сүйіспеншілікпен қарсы алды. Ол, тіпті, оның құрметіне той жасады. Кенет бөлмеге қызметші кірді. Ол әкенің құлағына бірдеңе деп сыбырлады. Ол қандай хабар әкелді? „Далада үлкен ұлыңыз тұр: ол сізге де, інісіне де ренішті және үйге кіргісі келмейді“. Сонда әкесі орнынан тұрды ...

Иеміз Иса осы мысал әңгімені айтып жатқанда, ол жерде де солай болды. Оның тыңдармандары кімдер еді? Тарауымыздың басына қайта оралайық. Онда: „Салықшылар мен өзге де күнәһарлар Исаны тыңдау үшін көптеп қасына жиналатын. Бірақ парызшылдар мен дін мұғалімдері мұны көріп: Мына кісі күнәһарларды қабылдап, солармен тіпті дастарқандас болады, – деп күңкілдесті“ (Лұқа 15:1-2). Онда Құтқарушының айналасына адасқан ұлдар жиналған еді. Иеміз Исада олар: „Шаршап-шалдыққан бейшара жүрекке тыныштық бар“ екенін түсінді.

Бірақ осы салтанатты жиынды парызшылдардың күңкілі бұзды. Сонда Иеміз Иса оларға осы мысалды айтып берді. Ол бақытсыздық пен қайыршылыққа ұшыраған адасқан ұл туралы айтып берді. Салықшылар: „Ол бізді айтып тұр“ деп ойлады. Иса адасқан ұлдың үйіне оралып: „Мен күнә жасап келдім“ деп мойындағанын айтып жалғастыра берді. „Иә, ол солай болған! деп ойлады Исаның айналасында тұрған күнәһарлар. – Бізге де мойындау керек еді“. Иса әкенің айқара ашылған

құшағы туралы айтып берді. „Ол *Сенің* құшағың“ деп ойлады күнәһарлар Құтқарушыларына жымыңдаса қарап. Енді Иеміз тұңғыш ұл туралы айта бастады. „Иә, ол біз болғанымыз“ деп ойлады сонда парызшылдар. Иса үлкен ұлдың ашуланғаны туралы айтты. „*Біз* де!“ деп ойлады іштерінен парызшылдар. Сосын Ол бұл хабардың әкесіне қалай жеткенін айтты. „Сонда әкесі орнынан тұрды. Ән-күй тоқтатылды. Бәрі демдерін ішіне тартып, тына қалды. Әке бөлмеден шығып...“ „баласына ұрысты, – деп қосты парызшылдар іштей. – Қазір ол бізге қарсы бірдеңе дейді“. Бірақ Иеміз Иса: „Әкесінің өзі шығып, оны *шақырды*“ деп жалғастырды. Сонда Иса Өзінің жауларына қарады. Енді олар түсінді: қазір Ол бізді рақымның Патшалығына кіруге шақырып тұр. Ол бізді, Өзінің жауларын шақырып тұр. Осы сөздер олардың жүректерін неліктен тебіrentпеді екен?

Осы салтанатты тойдың үзілу жағдайы барлық мәсіхшілерге таныс. Олар өздерінің құтқарылғандығын мейрамдағысы келеді. Бірақ олардың қуанышы кемелді емес, өйткені бауырластары әлі де далада – рақым Патшалығының сыртында тұр. Сол кезде Құтқарушыға далаға шығуға тура келеді; сондай-ақ олардың өздері де далаға шығып: „Құтқарушыға кел...“ деп өтініп, шақыруға тиіс.

Жалғанда мына бейбіт күн ешбір болмайды,
Мәсіхтік сүю жеңбесе барша қасты да.
Жер шары түгел жатпаса және Құтқарушы
Аяғының келіп оралып тура астында.

Әкесінің өзі тысқа шықты

„Әкесінің өзі шығып...“.

Жер бетінде қаншама көп діндер бар! Олардың көптігі соншалық, тіпті санап шығу мүмкін емес. Егер біреу

ашуланып: „Солардың қайсысы дұрыс! Мен еш ажырата алмаймын және бұдан былай солардың біріне де сенбеймін!“ десе, мен оны жақсы түсінемін.

Мен саған айтайын: олардың біреуі де дұрыс емес. Бірде-біреуі! Барлық діндерде адам Құдайды іздегенімен, „ешкім жақындай алмайтын нұрда тұратын“ Оны (1Тим. 6:16) таба алмайды.

Адам Құдайды іздей алмайды. Бірақ Құдай Иеміз Иса Мәсіх арқылы *адамды* Өзі іздейді. Шындық пен Ізгі хабардың мәні осында жатыр. Барша діндарлық ізденістерді доғаратын, Киелі кітаптағы ешкім естімеген хабар мынау: „Құрдымға кеткен адам, сені Құдай іздеп жүр!“

„Оның әкесі тысқа шықты“. Осы жерде Иеміз Иса Өзі туралы айтады. Иә, Ол тысқа шықты. Ол аспан Патшалығын қалдырып, шайтан билік құрған – өлім, жек көрушілік, азғындық, өтірік жайлаған осы суық, қатыгез дүниеге келді. Ол Өзінің салтанатты ұлылығын тастап, бейшара адам кейпіне енді.

Жаратқан Иенің ғажап төмендеуіне қарашы!

Қарашы, қандай сүйіспеншілік, –

Әлемде одан артық шынайы сүйіспеншілік жоқ:

Ол Көктен нәресте боп келіп,

күнәларды көтеріп, Ғолғотадағы айқышқа апарды...

Осы мысал әңгімеде әке далаға екі мәрте шығады, бірінші мәрте, бұзылған ұлын қарсы алу үшін; екінші мәрте, жақсы ұлын үйге кіруге көндіру үшін. Құтқарушымыздың зұлымдармен және мейірімділермен, күнәкарлармен және әділдермен, жараланғандармен және өзіне сенген менмендермен, түңілгендермен және өркөкіректермен әуресі қаншама десеңізші!

Иеміз Иса адамдарды рақым Патшалығына шақыру үшін әлі де „тысқа шығуда“. Әлемдегі құпия алаңдаушылықтың себебі осында: Иеміз Иса адамдарға тыныш-

тық бермейді. Ол адасқандарды іздеуде. Ол оларды іздеп жүріп тауып алуда. Ол адамдарды бауырына тартып, Өзіне шақырып жүр. Неге? Өйткені Ол тозаққа кетудің қандай жаман екенін бізден жақсы біледі.

Шақыру

„ ... шақырды“ (басқа аудармада: өтінді).

Иеміз Исаның айтқан бұл айрықша сөзін ақымақ сөздерді көп айтатын осы былғаныш аузыммен, өзім күнделікті өмірде қолданатын сөздермен айтып түсіндіре аламын ба? Міне, парызшылдар тұр. Олар дін туралы аздап болса да түсінеді және олар адам өз Құдайына әр түрлі өтініштер жасай алатынын біледі. Бірақ осы жерде Құдай Ұлы: Жаратқан Иенің адамға өтініш жасап тұрғаны туралы ұлы хабарды жариялайды. Жаратушы жаратқанынан өтініп тұр. Киелі Құдай күнәһар пендеден өтініп тұр. Әке өзінің қиқар әрі өзімшіл ұлынан өтінеді. Құтқарушы сенен өтінеді! Сенің күнәларың үшін айқышта ілініп тұрған: періште атаулының бәрі қорқатын Кісі бізден өтініп тұр.

Нені өтінеді?

Грек түпнұсқасында қолданылған сөз „өтініп“ дегенді ғана білдірмейді, „ескертіп“, аялай отырып, байыппен „көндіру“ дегенді білдіреді. Сол сөзді біз Жаңа Өсиеттен де кездестіреміз: „біз арқылы Тәңірдің Өзі адамдарға ескертеді. Мәсіхтің атынан: „Құдаймен татуласыңдар!“ – деп өтінеміз“ (2Қор. 5:20).

Бүгінгі күндері мен: „Айналамызда сондай сұмдық нәрселер болып жатыр. Ал Құдай болса үндемейді!“ деген сөздерді жиі естимін. Жоқ, олай емес! Ол тіптен де үндемей тұрған жоқ! Ол біздің алдымыздан шығып: „Құдаймен жарасыңдар!“ деп өтінуде.

РУХАНИ ТУЫЛМАҒАН АДАМНЫҢ СӨЗІ

Бірақ ол әкесіне былай деп жауап қатады: Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, бұйырғаныңды екі еткен емеспін. Бірақ сіз маған достарыммен бірге отырып көңіл көтеруім үшін, тым болмаса, лақ та берген емессіз!

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:29

Бұл түн жарымында болған оқиға еді. Айнала терең ұйқыға кеткен. Кенет, Иса Мәсіх қонып жатқан үйдің есігін біреу қақты, есікті ашқанда, Ол Никөдім атты аса белгілі оқымысты әрі діндар адамның тұрғанын көрді. Ол осы күмәнды дейтін Исаға күндіз келуге қорықты. Бірақ оның әуестігі де жанына тыныштық бермеді. Ол Иеміз Исадан жаңа танымдар алғысы келді.

Мен үшін Иеміздің: „Қымбатты Никөдім, күндіз келіңізі!“ демегені маңызды. Керісінше, оны қабылдап, сонысымен Оған әрқашан да келуге болатынын дәлелдеді. Иә, Ол Никөдімді есеңгіреткен сөздер айтты. Ол: „Никөдім, сен жаңа танымдарға емес, жоғарыдан туылуға, рухани туылуға мұқтажсың“, – деді.

Никөдімге бұл сөздер оғаш естілді. Расында да, ол кейінірек рухани туылды.

Осы жағдай бізде қалай? Көп адам осы мысалдағы рухани туылмаған адамның бейнесі – тұңғыш ұлға ұқсайды ма деп қорқамын. Адамды сөйлеген сөзінен білесің. Сол сияқты рухани туылмаған адамды да, оның сөйлеген сөзінен білуге болады. Бүгін біз тұңғыш ұлдың қысқаша айтқан сөздерін естідік. Рухани туылмаған бүгінгі адам да дәл солай сөйлейді. Оның сөзін егжей-тегжейлі қарастырайық.

„Мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын...“

Осы аятты тағы да оқып шығайық: „Бірақ ол әкесіне былай деп жауап қатады: Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын ...“ Осы жерде бір сөздің жетіспей тұрғанын байқайсыз ба? Ол әкесіне сөйлегенде „әке“ деген сөзді айтқан жоқ. Рухани туылмаған адам Құдайды „әке“ деп айтпайды. Ол „Құдай Тағала“, „Жаратушы“, „тағдыр“ туралы айтады, бірақ „әке“ деп айта алмайды. Әрине, бұл әбден түсінікті! „Әке“ деп тек „Құдайдың рухани балалары“ ғана айта алады. Кімді Иса Әкеге тартса, кім Құдай Сөзінен сусындап, Құдайдың Рухынан туылса, сол адам ғана Құдайды „менің Әкем“ деп айта алады.

Енді үлкен ұлдың не айтқанын тыңдап көрейік. Ол: „Мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын...“ деді. Иә, рухани туылмаған адам осылай айтады. Ол өзінің Жаратушысына есеп айырысу қағазын ұсынуы мүмкін және сол есеп айырысу қағазында өзінің барлық ізгі істерін, еңбексүйгіштігін, жақсы жақтарын, қайырымды істерін тізіп шығады. Құтқарылуын ол өзінің қазіргі істеп жатқан істері мен болашақта істейтін істеріне негіздейді. Бірақ шындығында онымен бір адамның түсінде болған жағдайдай болады. Ол адам да әр қайырымды іс – жерден аспанға апаратын баспалдақтың басқыштары сияқты деп ойлады. Бірде ол түс көреді. Түсінде өліп қалған екен дейді. Сонда ол өзінің игі істерінің баспалдағымен аспанға көтерілгісі келді. Бірақ ең жоғарғы басқышқа жеткенде, аспанның әлі ұшы-қиырсыз алыс екенін көріп, шошып кетеді де, басы айналып, төменге құлап түседі – сөйтіп оянып кетеді.

„Мен саған қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын“. Рухани туылмаған адам осылай дейді. Рухани туылған адам басқаша сөйлейді. Оның не дейтінін білесіз бе? Ол өзінің Құтқарушысына: „Сен соншама жыл

маған қызмет етіп келесің!“ дейді. Рухани туылған адам өз құтқарылуын істеген игі істеріне емес, керісінше *Иеміздің* өзіне істегендеріне негіздейді. Біз Өзі туралы мына сөзді айтқан Құтқарушыға иеміз: „Құдай тағайындаған Билеуші бола тұра Өзіме қызмет еткізуге емес, Өзім қызмет етіп, көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеу үшін жанымды қиюға келдім“ (Матай 20:28). Біздің Құтқарушымыз шәкірттеріне Өзі қызмет етіп, олардың аяғын жуған. Менің Құтқарушымның маған қандай қызметі өтті! Ол мені Өзінің киелі қанымен жуып тазалады. Ол мені қыранның қанатының астында алып жүрді. Ол, Менің Ием, маған түрлі-түрлі тәсілдермен қызмет етіп келеді.

Сонымен, рухани туылмаған адам: „Мен саған қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын“ десе, ал рухани туылған адам: „Сен маған өмір бойы қызмет етіп келесің“ дейді.

„Бұйырғаныңды екі еткен емеспін“

Иә, ол шынымен солай айтты және соны айтып тұрғанда ұялған да, қызарған да жоқ. Демек, ол өзінің айтып тұрғанына шүбәсіз сенді. Бұл өмірде өз әкесіне: „Бұйырғаныңды екі етпейтін едім“ деп айта алатын ұл бар дегенге сене аласыз ба? Мен бұған сенбеймін.

Бірақ рухани туылмаған адам өз Құдайымен осылай сөйлеседі. „Ешқашан бұйырғаныңды екі еткен емеспін“ деген осы сөйлемнің түрліше айтылуы бүгінде бәрімізге таныс. Бүгін адамдар: „Маған ешкім ешқандай айып тағып, сөге алмайды“. Немесе: „Менің ұраным: мені арұжданым айыптамайды, сондықтан ешкімнен де қорықпаймын“. Немесе: „Өзімнің істегеніме Құдай алдында өзім жауап беремін“.

Өз-өзімізді алдаудың ең сорақысы – осындай сөздер

екенін білесіз бе? Жоғарыда мен Иеміз Иса осы мысалды айтқан уақыттан бері заманның қаншама өзгеріп кеткенін айттым. Одан бері әлемнің қаншама құпиялары ашылды! Табиғаттың қаншама құпиялары ашылды! Техника, биология, медицина саласында қаншама жаңалықтар ашылды! Адам тек бір-ақ нәрседе: өз жүрегін танып-білуде ілгерілемеді. Тура Исаның заманындағыдай ол қазір де өзін және Құдайды алдайды: „Мен айтқаныңды екі еткен емеспін“.

Ал рухани туылған адам тіптен басқаша айтады! Дәуіт: „Сенің алдында күнә жасап, көз алдында зұлымдық істедім“ (Забур 50:6), Мұса: „Сен күнәларымызды қойдың алдыға, нұрында айқын құпияларымыз да“ (Забур 89:8), Пауыл: „Күнәһарлардың ішіндегі нағыз күнәһары мен едім“ (1Тим. 1:15) Жохан: „Егер күнәсызбыз десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны“ – дейді (1Жохан 1:8).

Мен бұдан көп жылдар бұрын жасы сексенге таяп қалған бір ақсақалдың халін білуге барған едім. „Әй, қайтейін, халім соншалық мүшкіл, денемнің барлық жері ауырады. Тыныштықпен о дүниеге кететін жасқа келдім ғой“, – деді ол. „Тоқтаңыз! Тыныштықпен өлуге бола ма, болмай ма, ол адамның жасына емес, Құдаймен тату болған-болмағанына байланысты“ – дедім. „Ол жағынан қам жеменіз, менде бәрі ойдағыдай. Өмірімде ешкімнің ала жібін аттаған емеспін. Ешқашан Құдайдың өсиеттерін бұзған жоқпын. Құдай алдындағы борышты адал атқардым...“ – деді шал. Мен оған: „Сізге жақсы екен. Ал мен сіздің жарты жасыңыздамын. Бірақ ар-ұжданым мені көп жағдайда айыптайды. Сол себептен мен өзімнің Құтқарушым бар екеніне қуанамын“ – дедім. Сонда шал ойланып қалды да: „Иә, егер жақсылап ойлап қарасам, менің өмірімде де дұрыс емес болған нәрселер көп-ақ“ – деді кінәсын мойындап. Содан кейін ол күнәларына өкініп, тәубеге келді. Ол да өзінің Құтқарушысы болғанын қалады және Оны тапты да.

Сонымен, рухани туылмаған адам: „Айтқаныңды екі еткен емеспін“ десе, ал рухани туылған адам: „Мен күнәһармын. Бірақ рақым етілген күнәһармын“ дейді.

„Сіз маған тым болмаса лақ та берген емессіз“

Бұл адам әкесіне рақмет айтуды қажет деп таппайды. Ол бәріне тек өз күшімнің арқасында ғана қол жеткіздім деп ойлайды. Иә, бұл тәни адамның сөздері. Ол ешнәрсе үшін Құдайына алғыс айтпайды. Егер оның дені-қарны сау болса, оны өзімнің күшті организмімнің арқасы дейді. Дастарқанға ас ішуге отырғанда, одан Құдайға дұға етіп, осы тамақ үшін алғыс айттың ба деп сұрасаң, ол күліп жіберген болар еді. Егер оның істері жақсы жүріп жатса, бұл өзімнің іскерлігімнің арқасы деп мақтанады. Бірақ, егер жағдайы нашарласа, Құдай қалай ғана бұндайға жол береді деп таңырқай сұрайды. Жоқ, оның Құдайға алғыс айтатын жөні жоқ.

Ал рухани туылған адамда тіптен басқаша! Ол Жаратқанға үздіксіз алғыс айтумен болады. Ол өзінің өмірі үшін, ішкен тамағы мен киген киімі үшін көктегі Әкесіне қарыздар екенін біледі. Сондықтан ол алғыс айтады. Ол күннің жарық нұры үшін, жауып жатқан жаңбыр үшін алғыс айтады. Ол қайғы-қасірет үшін де алғыс айтады (Рим. 5:3), өйткені оның өзіне пайдасы бар екенін біледі. Ең бастысы, ол Құдайдың адамзатқа Өзінің Ұлын бергені үшін алғыс айтады. Өйткені Ол бізге Исамен бірге бәрін: тіршілік, мәңгілік өмір, жан тыныштығы, кешірім, үміт, қуаныш, жұбаныш, күш береді емес пе?

Рухани туылмаған адам: „Сен маған тым болмаса лақ та бермедің...“ десе, рухани туылған адам: „Сен маған Исада барлық нәрсені бердің“ дейді.

Ал біз не дейміз?

ЖҮРЕКТЕРДІҢ АШЫЛУЫ

Алайда бұзылған әйелдермен бірге болып, мал-мүлкіңізді шашып-төккен мына балаңыз қайтып келгенде, сіз оған арнап бордақыланған өгізшені сойып, той жасап жатырсыз!

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:30

Бірде қарт мәсіхші бір жас адаммен кездеседі. Жас адам тұрмыс жағдайының өте нашар екенін айтып, қатты шағымданады. Айтуына қарағанда, оның тұрмыс жағдайы адам төзгісіз. Қарт одан: „Сен Құдайдан өзіңді сол қиыншылықтардан шығарсын деп дұға еттің бе?“ деп сұрайды. „Жоқ, әлі олай еткенім жоқ“ деп жауап береді ол. „Онда солай деп дұға ет!“

Бірнеше айдан соң олар тағы кездеседі. Жас жігіт мүлде өзгерген. Қарт одан: „Не болды, қиыншылықтарыңнан құтылдың ба?“ деп сұрайды. „Жоқ, – деп жауап береді жас жігіт. – Тұрмыс жағдайым өзгерген жоқ. Бірақ бәрібір бұрынғыдай емес, жеңілденіп қалдым. Мен қазір өз жүрегімді және Құтқарушымының жүрегін танып-білдім“.

Қызық жауап! Бірақ мен сіздерге бұл өте жақсы жауап дегім келеді. Сіздер қандай жағдайда болсаңыздар да, өздеріңізді қандай мұқтаждықтар қыспаққа алып тұрса да, қаншама қатты ауырсаңыздар да, біз үшін тек бір ғана шын көмек бар: біз өз жүрегімізді және Құтқарушымыздың жүрегін білуге міндеттіміз. Бұны жете түсінуге бүгінгі талқылайтын аятымыз көмектеседі.

Үлкен ұлдың жүрегі

Нені көздеп тұрғанымды бірден айтайын. Мен сіздерге адамның зұлымдық пен күнәға сатылған жүрегін көрсеткім келеді. „Адамдағы қайырымдылыққа сене білу керек“ дегенді жиі естимін. Бірақ бұл туралы Құдай Сөзі ешнәрсе демейді. Керісінше: „Сенің жүрегің зұлым және бұзылған екенін түсін, өзіңнің жаман және құрдымға кеткелі тұрған жағдайыңды көріп, тәубеге келсеңші!“ дейді.

Бұдан көп жыл бұрын, қауым мүшелерінің үйлерін аралап жүріп, бір қызбалау жас жігітпен сөзге келісіп қалдық. Мені көргенде ол: „Жоғалт көзіңді бұл жерден!“ – деп айғайлады. „Неге?“ – деп сұрадым мен. Ол: „Мен адамзатқа деген сенімді жоғалттым. Оны қайтару сіздің де қолыңыздан келмейді“, – деді. „Тамаша! – дедім мен. – Біз бір-бірімізге ұқсайды екенбіз! Мен де адам баласына деген сенімді баяғыда жоғалтқанмын“, – дедім. „Қалайша? Сіз сенімді қолдауыңыз керек емес пе?!“ „Жоқ!“ Сонда біз жайғасып отырып, мен оған Киелі кітап адамның құрдымға кетіп бара жатқан, бейшара халін ашып көрсетіп, оны айыптайтынын және соны түсінген адам өзіне деген сенімді жоғалтып, оның орнына Иеміз Исаға деген ең жақсы сенімді табатынын айтып жеткіздім.

Мысалдағы үлкен ұлға қарайық. Өзіне қатысты жағдайда ол қандай көр соқыр! Ол сондай астамшылықпен: „Міне, қанша жыл бойы мен саған қызмет етіп келемін және ешқашан айтқаныңды екі еткен емеспін“ – дейді. Ол өзін солай көреді. Ал әкесі оны қандай түрде көреді?

Ең бастысы, әкесі оны өте қатыгез адам деп көреді. Үлкен ұлы: „Ал мына ұлың келгенде...“ – „Ал мына ұлың...!“ дейді. Қандай суық сөздер! Әй, сол ұл сенің інің емес пе? Дегенмен, сол үлкен ұлдан біздің қай жеріміз артық? Адам осындай тасжүрек, қатыгез, суық.

Ары қарай одан да жаман. Мына үлкен ұл қалай-қалай сөйлейді? „Алайда бұзылған әйелдермен бірге болып, мал-мүлкіңізді шашып-төккен...“ Адамның ұлдың күнәсі туралы айтылатын бүкіл оқиға желісінде мұншалықты бетіне басып, қатал көрсетілмеген еді. Ол туралы ылғи ымдап айтылды. Ал өзінің кінәсін білмейтін мына көрсоқыр адам болса, оны сыртқа „суырып алып шығарады“.

Иә, біз сондаймыз! Біз өзіміздің барып тұрған сорақы күнәларымызды көргіміз келмейді. Бірақ басқалардың кінәсін жұртқа рахаттана жариялаймыз. Осылайша біз басқаларды соттаймыз, бұл айыптаушы рухтың жетегіне ілесіп кеткендігіміздің белгісі!

Ал енді мына сараңдыққа қараңыз! Үлкен ағасы адасқан ұлдың алтыншы өсиетті бұзғанын кешірсе де болатын еді. Бірақ, оның жанын жегідей жеп бара жатқаны, інісінің ақшаны желге шашқаны. Мәңгілік игіліктерге немкетті қарап, құтқарылуды өзіміз өлгенде бәрібір қалдырып кететін нәрселерден іздейтін осы ой бізді де әбден баурап алады!

Тасжүректік, соттау рухы, пендешілік – бұның бәрі күнәһар адамға тән қасиеттер. Бірақ ең қайғылысы әлі аталған жоқ, дәлірек айтсақ, ол: өзімізді бірден-бір құтқаратын нәрсені – Исадағы Құдайдың рақымын жек көру. Үлкен ұл жеккөрінішпен: „Осы азғын балаңа сен бордақыланған өгізшені сойдың“ деді. Осыны айтып тұрып, Иса жүздерінде: „Ол күнәкарларды қабылдап, олармен дастарқандас болады“ деген мысқыл тұрған парызшылдарға қарады.

Тәни адам рақымды қызықсыз деп қана емес, жек көруге де лайықты деп санайды.

Адам өзінің күнәларын көріп, Құдайдың рақымын аңсаудан бұрын, оның жүрегінде қандай өзгерістер болуы керек!

Кіші ұлдың жүрегі

Ол туралы айтудың өзі ыңғайсыз. Бірақ шынайы деректерді өзгерте алмайсың: кіші ұлдың жүрегі осы жерде айдай анық болып тұр: „мал-мүлкінді бұзылған әйелдермен шашып-төккен“. Осы жерде жасты да, кәріні де басқаратын буырқасын күш: азғындықты байқауға болады. Иә, қазіргі заманда бұл мәселеде Исаның мысалындағыдан әлдеқайда озып кеткен. Бұл екі ұл азғындықтың күнә екенін жақсы білді. Біздің заман оны білмейді. Бұл мәселе жөнінде бүгінгі күні „еркіндік“ берілген. Сондықтан Құдай Сөзін уағыздаушы ретінде мен Құдайдың Заңын да уағыздауым керек. Жыныстық қатынасқа тек некеде ғана орын берілген. Некеден тыс және некеге дейінгі жыныстық қатынастарды Киелі кітап неке адалдығын бұзу деп атайды. Құдайдың Сөзі бізге: „Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдай сотына түспек“ деп өте салмақты түрде ескертеді (Евр. 13:4). Менің ойымша, Құдай көптеген жас мәсіхшілерді де соттайтын болады. Әттең, осы мәселе жөнінде адамдардың жүректері өзгерсе ғой!

Иеміз Иса: „Әйелінен ажырасып, басқаны алған әркім неке адалдығын бұзады. Сондай-ақ күйеуінен ажырасқан әйелді алған да неке адалдығын бұзады“ дейді (Лұқа 16:18). Сондықтан мен де қайталап айтамын: „Азғындар мен неке адалдығын бұзғандар Құдай сотына түспек“.

Кіші ұл барлық шек қоюлардан аттап, өз құмарлықтарына берілді. Соның салдарынан ол үлкен бақытсыздыққа ұшырады. Бүгінгі күні де дәл солай, осы күнә адамдарды үлкен бақытсыздықтарға душар етеді. Бірақ бұл әлі жүректің өзгеруіне әкелмейді.

Адасқан ұлдың жүрегі, ол: „Мен күнә жасадым“ деп түсінгенде барып өзгерді. Және ол бұны әкесінің алдында мойындады.

Дәл осы тұста біздің заман үлкен күнә жасауда және Бағалдың осы күнәсы Құдайдың халқын да жайлады. Біздің үйге оралғымыз келмей ме?

Үйге орал! Жаңа өмірдің мейірін,
Сіміргейсің сүюімен Тәңірдің.
Төзімі мол Ол кешірер өзіңді,
Қажет көрсе құзырымен әмірдің.
Жүрегіне келгін Оның бел буып,
Барша дертке шипа табар емші Ол.
Сауықтырар бар жарадан жұбатып,
Жан дауасы, білгін, тағы және Сол.

Әкенің жүрегі

Адамның жүрегіне үңілу қандай қорқынышты! Ал егер кімде-кім өз жүрегінің шынымен қандай екенін танып-білсе, қатты түңілер еді. Бірақ Исаның жүрегіне үңілген қандай керемет! Үлкен ұл әкесін сөккісі келді. Бірақ оның сөгісі қандай рақым туралы айтып тұр. „Сенің ұлың қайтып келді және сен бордақыланған өгізшені сойдың“. Тараудың басында парызышылдар да Құтқарушыны: „Ол күнәкарларды қабылдайды“ деп сөкті. Иә, Ол солай істейді! Құдайға шүкір! Ол күнәһарларды қабылдап қана қоймай, олардың бүкіл қарыздарын төледі, олар үшін айқышта жаза да тартты. Ол оларды күнәдан тазалап, рухани азаттық алып берді және Өзінің мәңгілік қуаныш тойына шақырды.

Қараңызшы, біздің Құтқарушымыздың жүрегі қандай! Оның бізді жақсы білетіні сонша, бізден сүйіспеншілікке лайықты ештеңе таппайды. Соған қарамастан, Ол біз келмес пе екен деп, жүрегі тебірене күтеді.

Қорытындылай келе, тағы бір ескерту айтайын. Құдайдың соты туралы ескерту алған бір арсыз күнәһар:

„Құдай кешіруі керек, Оның жұмысы сол“ деп мазақ етіп күліпті. Жоқ, олай емес! Ол тіптен де кешіруге *тиіс емес*. Исадағы Құдайдың рақымы Оны қастерлеп, Одан қорқатындар мен шындыққа сай өмір сүріп, тәубеге келгендер үшін ғана ашық. Солар үшін бұл рақым шексіз.

ТАҢДАУ ЕРКІ АДАМНЫҢ ӨЗІНДЕ

Әкесі оған: Ұлым, сен әрқашан менімен біргесің. Барлық меншігім сенікі ғой, – деді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:31

Осы жерде Киелі кітап бізге керемет суретті көрсетеді.

Бір жағынан, кіші ұл бақытсыздыққа ұшыраған кең дүние: сол екіжүзді, азғырушы, өтірік пен бақытсыздыққа толы күйінде қалған. Екінші жағынан, әкенің үйі де сол қалпында. Онда ән айтылып, күй тартылуда, өйткені адасқан ұл үйге оралды. Бұл Иса Мәсіхтің Қауымы айтатын ән.

Осы екі алаңның ортасында бір адам тұр. Ол тұңғыш ұл.

Осыған дейін оның әкесінің үйінде екені айтпаса да түсінікті еді. Ал қазір кенеттен бір өзгеріс пайда болды. Әкенің үйі оған енді ұнамайды. Міне, ол қиқарланып, өзімен-өзі томаға тұйық болып, әлі де толқып тұр. Оның жүрегінде бір дауыс: „Әкеңнен кетіп қал! Сен не, оның қасында әлі де қалғың келіп тұр ма?!“ десе, басқа дауыс абай бол деп ескертеді.

Адамның таңдау еркі өзінде! Осы үлкен ұлға қаншама көп адамдар ұқсайды! Кейбіреу басынан өте ауыр жағдайларды өткереді. Сонда ол: „Егер Құдай менімен осылай істейтін болса, онда Онымен байланыста болғым келмейді“ дейді. Басқасы жалған дүниенің қызықтарына құмартып: „Неге мен басқалар сияқты өмір сүрмеймін? Олар Құдайдың ережелерін баяғыда-ақ ұмытқан“ дейді.

Осылайша адам үлкен ұл сияқты таңдау алдында тұр. Бірақ дәл осы кезде оған әкесі жақындайды. Әке бұл жерде Иеміз Исаны білдіреді және Оның осы жерде

айтқаны Өзін тастап кеткісі келетіндердің бәріне айтқаны.

„ҰЛЫМ...“

Осы сөзбен Иеміз Иса негізінде біздің кімнің иелігінде екенімізді есімізге салады. „Ұлым“. Иә, Иеміздің бізді ұлым деп атауға хұқы бар. Өйткені біз Оның меншігіндеміз. Одан кеткен адам осы құқықтан айырылып, бейшара өмір кешеді.

Иса Мәсіхтің бізге деген хұқығы екі жақты. Біріншіден, Ол бізді жаратып, өмір және дем берді. Сондықтан да біз Оның меншігіміз. Екіншіден, Ол бізді ақтап алды. Иеміз Иса біз үшін ең жоғары құн төледі: Ол біз үшін киелі қанын төкті. „Иеміз сендерді үлкен құн төлеп, сатып алды“, – дейді Құдай Сөзі. Сол себептен жалғыз Иса ғана бізге: „Сен Менікісің“ деп айта алады.

Балаларға арналған қысқаша бір өлеңде: балалардың „өз бетінше“ өмір сүруге тырысып, ата-анасынан қашатыны қандай күлкілі әрі ақымақтық екені туралы айтылады: „кішкентай Ваня жалғыз өзі үлкен әлемге қашып кетті...“. Өздерінің Құтқарушысынан қашатын сондай „Ванялар“ бүгін де қаншама көп.

Бірақ бұл күлкілі емес, керісінше өте қайғылы жағдай. Ишая пайғамбардың: „Әр өгіз өз қожайынын таниды, есек те иесінің жем салатын астауын біледі. Бірақ Исраил Мені танымайды: меншікті халқым Менің кім екенімді ұқпайды!“ деген шағымына мен де қосыламын (Ишая 1:3). Бұл жерде Құдай Сөзі: өзінің Иесі Исадан бас тартқан адам өгіз бен есектен де топас дейді.

Өз қожайынынан қашып кеткен есек, көп ұзамай жаңа қожайын табады. Сол сияқты Исадан кеткен адам да басқа қожайын табады. Бұл туралы көп айтуға бола-

ды. Дегенмен, айналаңызға қарап көрсеңіз, бұндай көрнекті материал әбден жеткілікті.

„Ұлым“ дейді әкесі. Грек түпнұсқасында осы жерде сөзбе-сөз айтқанда, „балам менің“ дегенді білдіретін өте жұмсақ сөз жазылған. Иеміз Иса қатыгез қожайын емес. Ол толқып, екі-ойлы болып жүрген адамның үстіне Өзінің түйрелген қолын қойып: „Сен Менің баламсың және оны жоққа шығара алмайсың. Сол себептен маған қуанышпен: „ИӘ, МЕН СЕНІҢ БАЛАҢМЫН! десейші“ дейді.

„Сен әрқашан менімен біргесің“

Осы жерде әкесі үлкен ұлының есіне өткен өмірді салды. Ол бұнысымен: „Қарашы, сенің інің әрқашан менімен бірге болған жоқ. Сол себептен де ол осындай бейшара, бақытсыз, айыпты болды. Ал сен болсаң, әрқашан менімен бірге болдың“ дегендей болды. Осылай ол ұлының есіне әке үйінде өткізген бақытты күндерді салды. Онда қаншама қуаныш пен тыныштық болды!

Иеміз Исаны қалдырып кеткісі келетін адам, өзінің неден бас тартып тұрғанына есеп беруі керек. Мүмкін сенің анаң құдайшыл адам болған шығар. Ол сенімен бірге: „Мен Исаның тоқтысымын, сондықтан әрқашан жақсы бақташым бар екеніне қуанамын...“ деп ән салғанда, жүрегің әжептеуір тынышталып қалатыны есінде ме? Ал қазір сол „жақсы бақташыны“ тастап, өз бетіңше „жайылым“ іздегің келе ме? Олай болса, сен осы дүниенің шөлейтінде қалжырап, құрдымға кетесің.

Жас кезінде кезінде өзіңнің: „Мен Сенімен бірге қалғым келеді Иса... Ием, Иса Мәсіх, Сенен басқа қай жерде тыныштық бар?“ деп ән салғаның есінде ме? Сонда жас жүрегің қалай лүпілдеуші еді. Сонда сенің ниеттерің өте таза болатын. Ал енді бәрін ұмытқың келе ме?

Егер сен өзіңнің сол ұраныңды лақтырып тастасаң, ар-ұжданың сені қалай сақтандырмақ!

Бәлкім, сен мәсіхші жастардың үйірмесіне қатысқан шығарсың. Бәрің бірге Иса туралы әндер айтқан кездерің қандай тамаша еді! Сол кездері сен жастық шақты қуанышқа толтырып, жарқын ету тек Исаның ғана қолынан келетінін сезінуші едің.

Сен бақытсыздыққа ұшырадың. Жүрегің уайымға толып, мұңайдың. Бірақ қайда баруға болатынын білдің. „Көмек көрсетудің Шеберін“ сен білуші едің. Соған жетуге асыққанда, қалай жеңілдеп қалушы едің!

Біз өміріміздегі ең бақытты сағаттар – Исамен бірге өткізген сағаттар екенін мойындауға мәжбүр емеспіз бе?

„Балам, сен әрқашан менімен біргесің“, – деді әкесі. Және: „...сонда осының бәрін қалдырып кеткің келе ме? Осының бәрінің мәнсіз болып қалғаны ма? Осының бәрін не нәрсеге айырбастайтыныңды өзің білесің бе?“ деп қосқандай болды.

Иә, Исаны не нәрсеге айырбастайды? Мен сіздерге айтып бере аламын, Иеміз: „Енді сен мәңгі-бақи *Менсіз* боласың“ деп айтатындай нәрсеге айырбастайды. Мәңгілікте Исасыз қалады! Одан мәңгі-бақи алыстайды! Мәңгі жалғыз қалдырылған және Құдай шеттеткен! Ол – тозақ!

Әттең, Исадан бас тартқысы келетін әркім, құтқарылу мен тозақ екеуінің тек біреуін ғана таңдай алатынына есеп берсе ғой. Осыны түсінген адам Асафпен бірге: „Алайда, әрдайым қасыңда боламын; Сен мені оң қолымнан ұстап қолдайсың“ дейді (Забур 72:23).

„Барлық меншігім сенікі ғой“

Әкесі үлкен ұлының алдында тұр. Ұлы қашып кеткісі келеді. Сонда әкесі: „Сен қашуға емес, керісінше *шын ниетіңмен* үйге кіруге тиіссің. Сен достарыммен көңіл

көтеру үшін маған лақ та бермеді деп шағымданасың. Әттең, ұлым-ай, ол өзіңе байланысты ғой. Сен шын мәнінде үйде болған жоқсың. Соны сұрамай-ақ ала беруіңе болмас па еді. Өйткені барлық меншігім сенікі ғой“ деді.

Көп адамдар Исадан кетіп қалады, себебі олар: бізге Ол ештеңе бермеді деп ойлайды. Егер бізде де солай болып жатса, онда бұған өзіміз кінәліміз. Демек, біз ешқашан да Исаның алдына *шын мәнінде* бармағанбыз.

Сіз Құдай Ұлының бізге не ұсынып тұрғанына қараңызшы: „Барлық меншігім сенікі ғой“. Бұл сөз Киелі кітаптың тағы бір жерінде кездеседі. Онда Иса Құдайға айтады: „Менікінің бәрі Сенікі, Сенікінің бәрі де Менікі“ (Жохан 17:10). Сонымен, Құдайдың бар байлығы Құдай Ұлының меншігінде. Енді Ол бізге: „Барлық меншігім сенікі ғой“ дейді.

Кім осыны сеніммен қабылдаса, ол Құдайдан мұра алады деп айтуға болады. Изгі хабар дегеніміз осы. Киелі кітап біздің Иса арқылы Құдайдың балалары әрі мұрагерлері болатынымыз туралы жиі айтады.

Біздің қандай бай болатынымыз туралы көп әңгіме-легім-ақ келеді. Бірақ бұл өте ұзаққа созылады. Тек бір айтып кеткім келетіні, азапталғандардың Құдай балалары ретіндегі мәңгілік байлықтарынан бас тартудан гөрі, өлуді таңдағандарында үлкен мән бар-ау, сірә.

Кім не қаласа, соны сүйсін, ал мен Исаны сүйемін. Менің мақсатым – Иса.

ҚУАНЫШҚА ШАҚЫРУ

Қуанып, көңіл көтеруіміз керек қой.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:32

Мысырдан шығу кітабында Құдайдың Исраилге он өсиет бергені туралы қалай бейнелеп жазылғанын оқыдыңыз ба? Көне Өсиеттік қауым Синай тауының бөктеріне жиналды. Олардың осы жыралармен тілімделген, өзінің алып жалғыздығымен керемет әсер қалдыратын жартасты тауға қарап отырғандарына көп күн болды. Ал бүгін ол одан мың есе қорқынышты. Тау басын қалың бұлт басып, түгелдей түтін жапты, бұлттардың арасынан күн күркіреп, найзағай жарқылдады. Бүкіл тау қатты шайқалып тұрды. Содан соң ғаламат қатты керней даусы естілді. Киелі кітап былай дейді: „...өйткені Тәңір Ие тау басына от жалынына оранып түсті“ (Мыс. шығу 19:18). Халықтың бәрі де қорыққаннан дірілдеп қоя берді және артқа қарай шегініп, алысырақ барып тұрды. Ал Мұса қараңғылыққа қарай аяқ басты. Сонда Тәңір Өзінің өсиеттерін берді! „Мынаны істе... мынаны істеме...“

Сол сияқты бүгінгі аятта бізге не істеу керектігі туралы нұсқау беріледі. Бірақ Жаңа Өсиеттегі осы „қуанып, көңіл көтеруің керек!“ деген нұсқау қандай жұмсақ әрі жағымды естіледі. „Сен қуанып, көңіл көтеруің керек“. Осыны ізгі ниетті өсиет деп айтуға болмай ма? Келіңіз, оны жақынырақ қарастырайық.

Біздің Құдайымыз Өзінің жүрегін ашады

Біздің Жаратушымыз бізге тек жақсылық қана тілейді. Ол біздің қуанышты және сергек болғанымызды қалай-

ды. Ал егер біз қуанып, көңіл көтермесек, онда бұған Құдай кінәлі емес.

Біздің Тәңіріміз бізге тек жақсылықты ғана тілейді. Киелі кітап – бұл қуаныш туралы кітап. Құдай адамдарды жаратып, оларға ғажап бақты берді. Оның адамдарға алғашқы айтқаны: „Бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады...“ деген өсиет болды (Жар. баст. 2:16). Ол адамдарға қуаныш пен аман-есендік берді.

Адамның күнәға батқанына; адамның Құдайдан ажырағанына: шайтанның адамдарға ықпал етуге қол жеткізгеніне; күнә мен қайғы-қасіреттің және өлімнің пайда болғанына Құдай кінәлі емес. Жоқ, бұл Құдайдың кінәсы емес. Ол бізге тек жақсылық қана тілейді.

Ол бүгін де Өзінен ажырап қалған осы дүниелік балалары – біздерге жақсылық тілейді. Жаратқан Иенің мақсаты – бізді қуанышты әрі сергек ету. Бұған Оның Киелі Жазбадағы әрбір сөзі дәлел.

Осы дүниелік адамдар бұған сенбейді. Олар біздің Құдайымызды түсі суық, көмескі деп ойлайды. Ал Оның балаларын „білім, ғылым атаулының қас жауы“ деп санайды. Оның Ізгі хабарын еңсені езетін, өмірдің қуаныштарынан айыратын ауыр әрі қиын нәрсе деп санайды.

Олар Киелі кітапты қаншалықты нашар біледі десеңізші! Көне Өсиеттің өзінде-ақ: „Тәңірім, Сен саңын көбейтіп халқыңның, оған үлкен қуаныш та сыйлайсың. Адамдар өнім жинау маусымында, не жау олжасын бөлісіп алғанда қатты қуанатыны сияқты, халқың шаттанады Сенің алдыңда“ деп жазылса (Ишая 9:3), Жаңа Өсиеттен періштелердің шаттық хоры мен елші Пауылдың: „Әрдайым Иемізбен байланыстарыңа қуаныңдар!“ деп шаттанған үндеуін естиміз (Фил. 4:4). Бізге Құдай „барлық көз жастарымызды сүртіп тастап жұбатады“ деген жаңа әлем ашылады (Аян 21:4). Киелі кітап – бұл қуаныш туралы кітап.

Бірақ бұл қуаныш осы дүниелік адамдардың қалайтынындай, үстірт, арзан қуаныш емес, керісінше көмулі жатқан қазына сияқты. Ол қазып алуды қажет етеді. Адамдар киноға кіру үшін сатып алынған билет сияқты оңай қуанышты қалайды. Бірақ ондай қуаныш бағасына сай болады.

Құдайдың бізге белгілеген қуанышы мүлдем басқа. Шәкірттер қайта тірілу қуанышына жұма күнгі болған қайғылы оқиғадан кейін ие болды. Иеміздегі қуанышты және тыныштық пен үмітті шынайы тәубеге келіп, Мәсіхпен бірге „өлген“ адам ғана иеленеді. Болашақ өмірдегі қуанышқа апаратын жол көп қайғы мен қасірет арқылы өтеді. „Көз жасын көл қылып жүріп екендер, қуанышпен жинайды“ (Забур 125:5). Бірақ, Құдайдың бізге қатысты ниеттері қуаныш пен шаттыққа бағытталған.

Неліктен біз қуанып, шаттанбаймыз?

Үлкен ұл әкесінің алдында тұр. Ол жабырқаулы. Ол қуанып, шаттанып тұрған жоқ. Неге? Өйткені ол әкесінің еркі мен ниетіне қарсы. Сол сияқты біздердің арамызда да көпшілігі қуанып, шаттанбайды. Неге? Өйткені олар Әкенің еркі мен ниеттеріне қарсы.

Сіздерге, көп адамдарды жарылқаған фин баронының әйелі Матильда Вреде туралы кішігірім бір оқиғаны айтып берейін. Бір күні біреу оның есігінің қоңырауын шалыпты. Есікті ашқанда, қызмет көрсетуді ұсынған цыған әйелін көреді. Ол келешекті болжай аладымыс. Вреде оны үйіне кіргізіп, дәм ұсынды. Сосын ол: „Сіз маған бал ашу үшін келдіңіз бе? Дегенмен, алдымен мен сізге бал ашайын“ деді де сөзін әрі қарай жалғастырды: „Байқаймын, сіз жақсы және ынталы адам болу үшін жаралғансыз, сіз болашағы бар адамсыз.

Бірақ сіз өз өміріңізді өзіңіз талқандап келесіз. Сіз адамдарды алдайсыз, тонайсыз, өтірік айтасыз. Бірақ өзіңізге көңіліңіз толмайды және бойыңызды әрдайым үрей билеп жүреді. Солай емес пе?“ Сол кезде бойжеткен: „Иә“ деп жылап жіберді. Сонда М. Вреде оған Құдайға бет бұрудың жолын көрсетті.

Мен де М. Вреде сияқты бал аша аламын. Біздің арамызда зұлым жолдармен жүріп, Құдайдың алдында лайықсыз істер істейтіндер аз емес. Олар өз ар-ұждандарын зақымдап, тұншықтырады. Бірақ ар-ұжданың тыныш болмаса, қайдағы қуаныш пен шаттық?

Арамызда Құдай қиын жолдармен алып келе жатқан адамдар да бар. Солардың жүрегі қазір Жаратқан Ие мен Оның жетегіне қарсы шығуда. Бұндай жағдайда қуанып, көңілдену мүмкін емес.

Осы жерде үлкен ұл сияқты адамдар да бар. Киелі Рух оларды рақымның Патшалығына, Құтқарушыға баяғыдан бері шақыруда. Бірақ олар қасарысып, көнбей жүр. Олар өздерінің кінәратсыздығына сенімді болғылары келеді. Бірақ Киелі Рухтың даусына қарсыласатын адам қуанып, көңілдене алмайды.

Қалайша қуанышты әрі көңілді бола аламыз?

Біз мысалға келтіріп отырған әңгіме бұған айқын әрі дәл жауап береді: адам Құдайдың күнәһарларға Иса арқылы көрсетілген рақымында ғана қуанышты әрі көңілді бола алады.

Осы аят: „Қуанып, көңіл көтеруіміз керек“ дейді. Неге? Өйткені адасқан ұл үйіне оралды.

Құдайдың Исадағы рақымы құрдымға кетіп бара жатқан күнәһарды қабыл алып, оның өмірін өзгертіп жатқанын көргенде қуанып, көңілдену керек.

Сол рақымды өзің танып-білгенде, одан да бетер

қуанып, көңілдену керек. Жасым егделеген сайын, мен осы дүниенің өткінші нәрселері де, борышымызды адал атқару да бізді шынымен қуанышты ете алмайтынын байқаймын. Хиллер өзінің мына бір өлең жолдарында жазып кеткен нәрселер ғана бізге мәңгілік қуаныш береді:

Ғажайып мейірім жасалды маған ересен,
Дәл оған менің еңбегім сіңген жоқ еді.
Таңым бар маған Құдайдың төккен нұрына,
Зұлым жүрекпен ренжіткен едім мен Оны.
Ендігі жерде қуаныш пен өмір үлесім,
Ол сыйлаған мейірді әспеттеп өту тілегім.

Осы қуаныш ең қиын кездерде, тіпті ажал алдында да жоғалмайды.

Өткен соғыста менің бір танысым қаза болғанда, бастығымыз оның соңғы айтқаны: „Өлу қорқынышты емес. Өміріңді Исамен бірге өткізіп, Оның қасында болу ғажап“ деген сөздер болды деп жазды. Құдайдың Исадағы рақымын танып-білген адамға өлім алдында да қуанып, көңілденуге мұрсат беріледі.

ДҰРЫС КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАП ҮЙРЕНУ

Ал мына інің болса, өлген еді – тірілді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:32

Иеміз Иса Бетсайда қаласына келді. Онда Оны тағы да халық қаумалап алды, олардың ішінде: әуесқойлар, көмек іздеп келгендер, құтқарылуды аңсағандар және тағы басқа да әр түрлі адамдар бар еді. Кенет: „Иеміз, мына кісіні сауықтыршы!“ дегендей, Оның алдына топтың арасынан бір соқыр адамды итеріп шығарды. Жұрт мойындарын созып, дуалдардың басына шықты. Бәрі де бір керемет көргісі келгендей. Олар үшін бұл – сиқыршының „тегін қойылымы“ сияқты еді.

Бірақ Құтқарушы зағип адамды қолынан жетелеп, ауыл сыртына алып шықты. Жұрт олардың соңынан таңырқай қараған күйі тұрып қалды. Даңқтың Иесі бейшара пендені қолынан жетелеп, оңаша жерге алып барды.

Сосын Иеміз Иса екі қолын бірдей зағиптың көздеріне қойды да: „Бірдеңе көресің бе?“ – деп сұрады. Зағип көзін ашты. Оның жүзі нұрланып кетті. Өйткені оның көзіне жарық түсті. Ол мүлгіп жатқан жолды көрді. Жолдың аяқ жағына бір топ адам жиналыпты. Бірақ, ол анық көре алмады. „Адамдарды көріп тұрмын! Олар жүріп бара жатқан ағаш діндеріне ұқсайды“, – деп жауап қатты ол Исаның сұрағына. Бірақ Тәңір үшін бұл жеткіліксіз. Адам анық көруі қажет! Оның еркі осындай. Құтқарушы қолдарын зағиптың көздеріне қайтадан қойды. Енді ол алыстағы адамдарды да, алдында тұрған, өзіне көмектескен адамды да анық көрді. (Марқа 8:22-26).

Біз де шынымен көруіміз қажет. Ауыспалы мағынада әрине. Бүгінгі аят бізді дұрыс көруге үйретеді.

Інісін дұрыс көру

Осы сөздер айтылған жағдайды тағы бір рет көз алдымызға елестетейік. Әке ауласының қақпаларының алдында үлкен ұл тұрды. Оның жүзі түнеріп, тұнжырап кеткен. Ал жүрегі інісін жек көрушілік пен ашуға толған: „Неменеге ол әрқашан әбігер туғызады? Басында ол үйден кетіп қалды! Сосын ақшаны түгел ысырап қылды! Енді бейшара, қайыршы сияқты келіп тұр! Ал шал болса оған той жасап беріп жатыр!“

Ашуға булыққан ұлының алдында әкесі тұр. Ол оның ренішті ойларын бөліп: „Балам! Сөзіме құлақ асшы, – дейді. – Бұл сенің інің ғой! Сен, тіпті, оның қандай бақытсыздыққа ұшырағанын білмейсің де. Ол өлген еді. Енді не болғанын білесің бе? Ол тірілді“.

Құтқарушы бізге адамдарды дұрыс көруге үйреткісі келеді. Біз оларды: „Адамдарды көріп тұрмын! Олар жүріп бара жатқан ағаш діндеріне ұқсайды“ деп айтқан зағип сияқты көреміз ғой. Біз адамдарды, жерлестерімізді, жолдастарымызды, көршілерімізді, достарымызды, қарсыластарымызды көреміз. „Әттең, – дейді Иса, – сен олардан өзіңнің бауырларың мен қарындастарыңды көруің керек еді ғой. Сен олардың өлімге апаратын өмір кешіп жатқанын көргенде, жылап, ал олар өмірге оралғанда шаттануың керек еді“.

Қабыл: „Мен інімнің күзетшісі ме едім?“ – деді. Біз де сол сияқтымыз. Біз бәріміз сол Қабыл емеспіз бе? Бірде мен бір қарт кісіні кездестіріп, аман-саулық сұрастым. Ол: „Мен сондай жалғызсырап жүрмін“ – деді. Сонда ол шамамен елу шақты адам тұратын үйде тұрып жатқан еді. Сол үйде жалғыз бауыр тұратынын ешкім байқамаған.

Мен біздің бір-бірімізге қаншалық аз көңіл аударатынымызды бір жас жігіт өз-өзін өлтіргенде, шын мәнінде байқадым. Сол жігіттің неге солай істегенін ешкім білмеді. Оның ата-анасы да, достары да, діни ұстазы да бар емес пе еді? Сонда оның жүрегін бір нәрсе азаптағанын ешкімнің сезбегені ме? Жоқ! Себебі олардың бәрі өз бастарымен әлек болды. Адамды дұрыс көре білу! Әттең, біз соны үйренсек қой! Мүмкін, Мәсіхтің ашынған қарсыласы, шын мәнісінде, үйге баратын жолды таппай жүрген адасқан ұл шығар. Мүмкін сенің ұрысқақ көршің сүйіспеншілікке мұқтаж шығар, мүмкін ол өмірден талай рет көңілі қалған біреу шығар.

„Бұл сенің інің“, – деді әкесі мысалда. – Егерде сен оны сүйсең, сен оның бейшаралықпен өткен өмірін және қазіргі құтқарылуын көрген болар едің“. „Егерде сен оны сүйсең...“ Тек шынымен сүйетін адам ғана басқа адамды шынымен байқай алады.

Кім бізді толықтай түсініп, шексіз сүйетінін және бүге-шігемізге дейін толық білетінін мен білемін. Ол – Құдай Ұлы – Иса. Ол бізді, тіпті, бауырларым деп те атайды.

Әлемді дұрыс көре білу

Кезінде адасқан жалған ұл жалған дүниеге кетіп қалды. Әлем қандай керемет еді десеңші! Әлбетте, ол бұл жерде Құдай әлемін емес, жасанды әлемді меңзеп тұр. Оған кеш батқанда, миллиондаған шық тамшыларындай шағылысатын күннің сұлулығы мәнді болған жоқ. Оны мүлгіген орман мен тоғайлар немесе үстінде бозторғайлар ән салған піскен егіс алқаптары қызықтырған жоқ. О не дегеніңіз! Адасқан ұлды тіптен басқа нәрселер: бізді қоршаған әлем, үлкен қала, эротика, мейрамханалар, әр түрлі құмарлықтар, кинотеатрлар,

адамдар, жаңалықтар, кафелер еліктірді. Жалған дүние өзінің осындай түрлі бояуларымен қандай әсем болып көрінеді! Оған әлем қандай әсем болып көрінді десеңізші!

Ол әкесінен, сіз әлем туралы не ойлайсыз деп ешқашан сұраған емес. Енді ол, егер құлақ асып жатса, бұл дүниенің қандай ала-құла және рухани өлі адамдардың көрі сияқты екенін ешкімнен сұрамай-ақ түсінді. „Сенің інің өлген еді“, – деді оған әкесі. Ал біз өзіміз бұл дүниенің қандай екенін аңғарып үлгердік пе?

Адамдар өздерінің жаңалықтарымен сондай маңғаз болып көрінеді. Соңғы сән! Қазір *осындай* шаш сәнді! Және жастар *осы* әуенді тыңдайды, осы киноны қызықтайды! Сол жақта әр түрлі қызықты жағдайлар болып жатыр! Иә, сол жақта бір-бірін аңдыған халық! Атақ-даңқ іздеген жұрт! Әркім бедел-билігі бар адамдармен таныс болғысы келеді! Одан қала берсе, құрсақтың қамын ойлайды! Сонымен қатар әрқайсының бұрыннан бітпей келе жатқан даулары бар! Олар ұйқыға да уақыт таппайды, олардың тіршілігі өте қызу. Сондықтан өлімнен қайта тірілу туралы сөз болуы мүмкін емес!

Шынында, осы дүние қызу тіршілікке толы емес пе? Міне, Құдайдың Сөзі келіп, бұның бәрін ысырып тастап: „Олар Құдайдың заңын бұзып, күнә жасай бергендіктен, рухани өлі адамдар. Рухани өлі адамдар Құдай үшін өлі, оларды өлімге алып баратын істері алдына салып айдап жүреді“ дейді. „Сенің осы інің өлген еді“.

Киелі кітап: „Осы күнәкар дүниені және ондағы ешнәрсені сүймендер!“ – дейді (1Жохан 2:15). Адамдар болса: „Бұл дүниені жоққа шығаратын қандай кітап!“ деп ашуланады. Оларға не деп жауап берерсің? Байғұс жалған дүние! Сені мәсіхшілердей ешкім шынайы сүймейді. Біз, тіпті, Құдайдың алдында сені қорғаштап, сөз де сөйлейміз. Бірақ сенің мінез-құлқың бізге ұнамайды. Иеміз Иса жалған дүниені дұрыс көре біліндер

деп үйретеді. Дұрыс көре білуді үйренген адам: „Осы күнәкар дүниені және ондағы ешнәрсені сүймеңдер!“ деген сөзді дұрыс түсіне алады. Шынайы өмірдің бар екенін біле тұра, өлімді және оның бар екенін қалай сүйе аласың! Шынайы өмір бар және ол бізді Құдаймен жарастырған Ұлда.

Құдайдың күшін дұрыс түсіну

Біз мысалға келтіріп отырған әке адасқан ұлда болған өзгерісті тамаша сөздермен суреттейді: „Ол өлген еді – тірілді“.

Міне, Құдайдың Исадағы рақымы туралы Ізгі хабар қандай кереметтер жасайды: ол өлілерді тірілтеді.

Егер біз Киелі кітаптың тілін түсінгіміз келсе, онда басқаша ойлауды үйренуіміз керек. Біз өлім деп, біреудің жүрек соғысының тоқталуын айтамыз. Жоқ, бұл өлім маңызды емес қой дейді Киелі кітап бізге. Осы дүниелік адамның өлгенінде тұрған ешнәрсе жоқ. Өйткені Құдай үшін ол баяғыда-ақ өлі еді ғой. Бұл өлім оның тек қиямет күнге қарай басқан соңғы қадамы ғана. Ал егер Құдайдың Өзімен жарасқан баласы өлсе, ол да маңызды емес. Себебі, енді ол толығымен мәңгілік өмірге ие болады. Киелі кітаптық мәндегі „өлім“ нені білдіреді? Өлім – бұл Құдайға бет бұрмаған адамның кәдуілгі қалпы.

Біз тумысымыздан рухани өліміз, сол себепті Құдайдың өсиеттерін бұзып, саналы түрде күнә жасай береміз.

Дегенмен, осы аят Құдайдың Исадағы рақымы туралы Ізгі хабар арқылы қайта тіріле алатынымызды айтады. Бұл Ізгі хабар – ең құдіретті күш. Пауыл бірде: „Мен Ізгі хабар үшін еш ұялмаймын, ол – Мәсіхке сенген барлық адамдарды, алдымен яһудилерді, сондай-ақ басқа ұлт адамдарын да құтқаратын Құдайдың құдіреті!“ –

деді (Рим. 1:16). Грекше түпнұсқасында: „Ол Құдайдың динамиті“ деп жазылған. Бұл Інжілде тау қопаратындай зор күш дегенді білдіреді. Жалған дүниенің өлтіретін динамиті бар. Ал *бізде* адамды тірілтетін динамит бар.

Шіркін, егер біз Ізгі хабарды дұрыс көре білсек қой! Бәлкім, біздің үйіміздегі кітап сөресінде қара тыспен қапталған, сыртына алтынмен жалатып жазған әдемі Киелі кітап тұрған шығар. Біз оны біраз көнергенімен, аса құрметті кітап, балалар үшін діни, ал қарттар үшін жұбатушы кітап деп ойлаймыз. Қандай қателік! Ол – тасжүрек, өлі жүректерді тірілте алатын динамит, сонда олар барлық киелілермен бірге:

Иса менің – өмірім тұнық,
Бәрінен қымбат сыбағам.
Өле-өлгенше көзді жұмып,
Мадақтау Оны сын маған, – деп жырлайтын болады.

НАҒЫЗ БАҚЫТСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ НАҒЫЗ ЖӘРДЕМ

Ол жоғалған еді – табылды.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:32

Киелі кітапта Сауыл патша туралы қызық оқиға әңгімеленеді. Осы адамды Дәуіт деген бір қойшы тағымды тартып алғысы келіп жүр деген ой мазалайды. Сөйтіп оның бүкіл өмірі сұмдық азапқа айналады. Ол Дәуітті тауып, ұстап алу үшін, әскери ауыр жорықтарға шығып, үңгірлер мен елсіз, бос даланы шарлайды. Егер біреу одан: „Саул, жүзің күреңітіп, күйгелектеніп тұрсың ғой. Не болды?“ деп сұраса, ол: „Менің бақытсыздығымның аты – Дәуіт“ деп жауап берген болар еді.

Осы қызық әңгімедегі таңқаларлық нәрсе мынау: Дәуіт Саулға ешқандай жамандық ойлаған жоқ. Саулдың бақытсыздығының себебі мүлде басқа, әлдеқайда тереңде жатыр: Құдай одан бас тартқан еді. Саул тірі Құдайдағы өзінің отанын жоғалтты. Бірақ өзінің осы нағыз бақытсыздығын ол көрмеді.

Саулға көп адамдар ұқсайды емес пе? Олар ананымынаны айтып күрсінеді. Олар түрлі қиыншылықтарды айтып шағымданады. Бірақ нағыз қиыншылық өз бастарында екенін көрмейді және нағыз көмекті де білмейді.

Нағыз бақытсыздық: пенденің бас паналар жерінің жоқтығы

Өзіміз талқылап отырған аятта әкесі адасқан ұлдың үйден алыста өткен бүкіл өмірін *бір-ақ* сөйлеммен сипаттайды: „Ол жоғалған еді – табылды“.

Алдымен осы оқиғаның бірінші бөлігін қарастырайық: „Ол жоғалған еді...“.

Адасқан ұл әкесінен көңілді у-шумен және „сән-салтанатпен“ кеткенде, бұның соңы не боларын, енді өзінің үйсіз-күйсіз, отансыз екенін әлі түсінбеген еді. Алғашында ол соны байқаған да жоқ. Өйткені ол әкесінен әжептеуір ақша алып кетті ғой. Ақшасы болып тұрғанда, өзінің шынайы жағдайының қандай екенін көрмей, алданған еді.

Бірақ уақыт өте мал-мүлік ысырап болды. Сол кезде барып оған үйінің жоқ екені түсінікті болды. Кеш батып, түн болды. Бәрі үйлеріне асықты. Құстар ұяларына тығылды. Тек адасқан ұл ғана жалғызсырап, жол үстінде қала берді: „Мен үйіме бара алмаймын, енді менің отаным жоқ“.

Сосын қыс түсті. Суық жел тұрды. Адамдар өздерінің жылы үйлерінде отқа жылынып отырды. Ал адасқан ұл болса, далада қалып қойып, тоңып „Қарғалар қарқылдап, топтанып қалаға ұшып барады. Демек қар жауады. Отаны жоқ адамға қасірет!“ деген өлең жолдарында айтылатындай күйді басынан кешті.

Бұл отанынан айырылған жанның суреті. Біздің жан-дүниеміз Құдаймен жарасқанда ғана отанға ие болады. Ал Онымен тек Иеміз Иса арқылы ғана татуласамыз, өйткені Ол Өзінің өлімімен бізге кешірім береді және Құдайдың алдында ақтайды. Сондықтан, жанның нағыз отаны тек Құтқарушыда деуге болады. Ал егер кім Исаны Ием және Құтқарушым дей алмаса, онда оның жаны шынымен де панасыз.

Ізгі хабардан бас тартқан халықтарда жан-дүниенің панасыздығы өте сұмдық. Олар адасқан ұл сияқты өмір сүреді. Басында олар ештеңені байқамайды, өйткені оларда әке үйінен алған мал-мүліктің белгілі бір мөлшері, Жаратушы туралы және Оның сүйіспеншілігі туралы әлі де біраз естеліктер бар. Құдайдың өсиеттері әлі

ұмытылған жоқ, мәсіхшілердің отбасылық өмірі туралы, мәсіхшіл өмір салты туралы қандай да бір түсініктері әлі де бар. Бірақ осы құндылықтардың бәрі бара-бара мәнін жоғалтады. Сонда жан-дүниенің панасыздығы анық байқалады.

Сондай панасыз жандар (адамның жаны) қаншама көп! Ондайлар біздің арамызда да бар. Исасыз адамдар ішкі жан сарайдың панасыздығының билігінде болады. „Мен үйге бара алмаймын...“ Дұрысын айтқанда, біздің бақытсыздығымыз осы.

Нағыз көмек: үйге оралу

Сіздің шын бақытты адамды көргеніңіз бар ма? Ондай адамды тым ұзақ уақыт іздеуге тура келеді, солай емес пе? Әркімнің өз қиыншылығы бар және әркім бір жерден көмек іздейді.

Біреу: „Ақшам көп болғанда, маған жақсы болар еді“ десе, өзгесі: „Егер еш жерім ауырмағанда, маған жақсы болар еді“, ал үшіншісі: „Егер басқа жұмысым болғанда, маған жақсы болар еді“ деп ойлайды. Осылайша жалғасып кете береді!

Сіз шынымен де осы тілектердің орындалуы бізді бақытты ете алады деп ойлайсыз ба? Жоқ! Бір қиыншылықтан шықсақ, екінші жақтан басқа мәселелер мен мұқтаждықтар және тілектер пайда болып жатады.

Бізге керекті *бір* ғана нағыз көмек бар: ол – мекенсіз жанымыздың үйге оралуы. „Ол жоғалған еді – табылды“. Ұлының жағдайын әкесі осылай суреттеді. „Ол табылды“. Демек, мекенсіз жанның үйге оралу мүмкіндігі бар.

Бірде мен бір жас сарбаздан жан тебіренерлік хат алдым. Онда ол өзінің 1938 жылы күнәға тәуелді бақытсыз адам болып маған келгенін есіме салады. Ары қарай былай деп жалғастырады: „Содан жан дүниемдегі

бір жарым жылға созылған арпалыстан кейін, 1939 жылы құтқарылу мейрамы күні Құтқарушым Иса Мәсіхті таптым, дұрысын айтқанда, Ол мені тапты және мен Оның иелігіне өттім. Содан бастап: „Бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңісті сыйлайтын Құдайға мәңгі шүкірлік етілсін!“ дегеннің мәнісін түсіндім“.

1931 жылы мен Американы аралап, саяхаттадым. Саяхат – ұнамды шаруа. Мен көптеген қызық нәрселерді көрдім. Бірақ, өз отаныма оралып, Бремерхафеннен Бремерменге кірген кезім әлі жақсы есімде. Поезда адамдар көп әрі іші өте қапырық болды. Бірақ мен оны елемедім: өйткені бұл менің отаным! Әрбір тал және әрбір бау-бақша жүрегімді қуаныш пен бақытқа бөледі. Ал ана тілім ше! Барлық адамдар өзім түсінетін және сүйетін тілде сөйлеп жүр.

Үйге оралу тамаша. Ол туралы соғыстан үйлеріне оралған біздің жауынгерлер айтып бере алады. Ал, мекені жоқ жан үйіне, Иеміз Исаға, Құтқарушысына оралса, одан да бетер қуанышты болмай ма?! Мұндай қуанышты бізге бүкіл әлем бойынша ешкім де ұсына алмайды. „Маған есіктің артында қалудың қажеті жоқ, Иса мені Өзі кіргізді“.

Нағыз көмекші: Иса

Дегенмен, мен аятты кішкене басқаша түрде айттым. Киелі кітапта: „Ол жоғалып кетті және үйге оралды“ деп жазылмаған, „Ол жоғалған еді – табылды“ деп жазылған. Бұл осы мәселені шынайы әрі терең мағынасын ашып көрсетеді.

Біздің панасыз қалып, жағдайымыздың нашарлағаны соншалықты, ешқайсымыз да өздігімізден бет бұрып, әкеміздің үйін іздей алмаймыз. Біздің бұл жағдайымыз жоғарыда былай айтылды: тәни адам „өлі“.

Бірақ Құдай Иса арқылы біздің қамымызды ойлайды. Ол біздің ізімізге түсіп, бізді іздейді және қайырымдылықпен Өзіне қабылдайды.

„Ол жоғалған еді – табылды“ – бұл осы оқиғаны айтып берген Кісі – Құдайдың Ұлы Иса жер бетіне келген заманнан бері мүмкін. Ол айқышта күнәкарлар үшін өліп және қайтадан тірілген күннен бастап, бізге де соны бастан кешіру мүмкіндігі бар, сонда біз туралы „Ол жоғалған еді – табылды“ дегенді айтуға болады.

СОҢЫ ЖОҚ ОҚИҒА

Әкесі оған: Ал мына інің болса, өлген еді – тірілді, жоғалған еді – табылды. Сондықтан қуанып, көңіл көтеруіміз керек қой! – деді.

Лұқа жазған Ізгі хабар 15:32

Менің бір танысым әсерлі оқиғалы әңгімелерді оқығанды жақсы көреді. Бірақ оның бір қызық әдеті бар: алғашқы он бетін оқып шыққан соң, оқиғаның немен аяқталатынын біліп алу үшін, әңгіменің соңын оқиды. Егер соңы жақсы болып, кейіпкер аман қалса немесе ғашықтар үйленсе, сонда ол тынышталып, басынан бастап оқуды жалғастырады.

Сондай оқырманның қолына „адасқан ұл туралы“ әңгіме түссе, онымен не болатынын біліп тұрмын. Ол қатты таң қалар еді! Оған соңы немен бітті екен деп ұзақ іздеуге тура келер еді. Оның ізденісі бекер әурешілік болады, өйткені бұл оқиғаның соңы жоқ. Біз ұзақ уақыт бойы, әр жексенбі сайын осы оқиғаны зерттеп келе жатырмыз. Біз одан көп оғаш және қызық нәрселерді аштық. Бірақ, менің ойымша, ең қызығы осы оқиғаның соңының жоқтығы шығар. Иеміз Иса оқиғаны неліктен аяғына дейін айтып бермеді? Осы оқиғаның соңының жоқ болуы нені білдіреді?

Бұл парызшылдарға сұрақ қойды дегенді білдіреді

Иса туралы адамдар басын көп қатырды. Әдетте, олардың бұл бас қатыруының бәрі сәтсіз болды. Исаның кім екенін тек белгілі адамдар тобы ғана түсіне алады: олар –

ар-ұждандары оянған және күнәларына кешірім алып, Құдаймен жарасқысы келетін адамдар. Немесе, егер басқаша айтсақ: құтқарылғысы келетін күнәкарлар. Олар Исаның күнәһарлардың Құтқарушысы екенін түсінеді.

Бұл өзіміз қарастырып отырған Лұқа жазған Ізгі хабардың 15-тарауында ерекше анықтап айтылады. Ол былай басталады: „Салықшылар мен өзге де күнәкарлар Исаны тыңдау үшін көптеп қасына жиналды“.

Күнә, тәубе және кешірім туралы хабар тәубеге келгісі келмейтін, өзінің кінәратсыздығына сенімді адамдарды әрқашан да ашуландырған. Олар қазіргі күндері қалай ашуланса, бұрынғы заманда да дәл солай ашуланған. Сол сияқты біз мысалға келтіріп отырған әңгімеде де парызшылдар пайда болып: „Ол күнәкарларды қабылдап, солармен дастарқандас болады“ деп күңкілдейді.

Жауап ретінде Иеміз Иса: „Сендерге бір мысалды айтып берейін“ деді де екі ұлы болған әке туралы айтып берді. Кіші ұлы өзіне еншісін беруін талап етті, сосын әкесін қалдырып алыс елге кетіп қалды. Сол жақта ол өз еншісін ысырап қылып, қайыршы күйге жетті. Оның үстіне сол елде аштық басталды. Жас жігіт шошқа бағушы болып жалданды. Бірақ өзін қысқан мұқтаждық пен қайыршылықтан әбден қиналған ол кінәсын мойындап, үйіне оралды. Әкесі оны құшақ жайып қарсы алды. Иса осы оқиғаны айтып тұрғанда, салықшылар мен күнәкарлар Оны елітіп тыңдады. Олар бір-біріне: „Бұл оқиға біз туралы! Иә! Бізді қабыл алды!“ десті.

Бірақ Иеміз Иса: онда тағы үлкен ұл бар деп жалғастырды әңгімесін. Ол егістен келіп, той-думан болып жатқанын естігенде, қызметшіні шақырып: „Бұл не?“ деп сұрайды. Інісі үйге оралғанын естігенде ол ашуланып, үйге кіргісі келмейді. Сонда әкесі оған барып: „Мына інің өлген еді – тірілді, сен қуанып, көңіл көтеру керексің...“ – деді.

Осы жерде Иеміз Иса әңгімесін доғарды. Парызшыл-

дар онысын жақсы түсінді. Олар үлкен ұл деп өздерін меңзеп тұрғанын түсінді. Сондай-ақ олар әңгіменің соңын *біз* жазып бітіруіміз керек деп түсінді. Енді сұрақ бізге қойылады: біз де рақым Патшалығына кіргіміз келе ме, жоқ әлде тыста қалғымыз келе ме? Олар сұрақты жауапсыз қалдырып кетіп қалды.

Осы сұрақ бізге де қойылады

Суретшілер адасқан ұл оқиғасын бейнелеп көптеген суреттер салып, сызбалар жасаған болатын. Дюрердің жан тебіренерлік екі суреті бар: онда адасқан ұлдың шошқалардың арасында, өз көкірегі өзін ұрып тұрғаны бейнеленген. Француз суретшісі Бюрнан үйіне келе жатқан ұлды салған. Ол ұлының жолына қарап, сарыла тосып тұрған әкені бейнелеген тағы бір суретті салды. Ал Рембрандта осы мысал әңгімені бейнелейтін бірнеше тамаша суреттер бар. Бір қызығы, менің білуімше, үлкен ұлды бейнелейтін бірде-бір сурет жоқ. Егер мен суретші болсам, мынадай суретті салар едім: суреттің алдыңғы жағында өзін тәкаппар ұстаған, өзінің кінәратсыздығына сенімді, мызғымас үлкен ұл тұр. Оның жүзінен рақым билік етіп, сүйіспеншілік салтанат құратын әкесінің үйіне деген қарсылық білінеді. Оның алдында жүрегі ұлына деген шексіз сүйіспеншілікке толы әкесі тұр. Ол оның кетпеуін өтініп, үйге шақырады.

Біз осы суретті көз алдымызға елестете аламыз ба? Сонда біз неге оны ешбір суретші жазғысы келмегенін түсінеміз. Оған үлкен ұлдың келбетінде өзін салуға тура келер еді.

Өйткені осы жерде айтылған әңгіме Ізгі хабармен танысқан әр жанның басында бар. Инжілде мейірім патшалығы – жұмаққа кіретін есік, әкенің үйіне апаратын тар қақпа бар. Онда Киелі Рух арқылы жан тыныштығы

мен қуаныш патшалық құрған. Сол жерде Құтқарушы бізді Өзіне шақырып тұр. Ал Киелі Рух болса, жүрекке ықпал етіп: „Сен де енді сөз жүзіндегі мәсіхшілікті тастап, Құтқарушының соңынан біржолата еруге тиіссің! Сен де Жаратушыға толықтай бет бұрып, өзіңнің құтқарылғаныңа нық сенімді болуың керек!“ деп тұр. Бірақ қатуланған жүрек: „Мен онсыз да жақсымын. Оның үстіне ондай „толық берілудің“ ақыры қандай болатынын кім білсін?!“ деп қарсыласады.

Қаншама адамдар ашық тұрған есіктің алдында осылай абдырап, соңғы қадамды жасай алмай тұр.

Сондықтан Иеміз Иса оқиғаны аяғына дейін айтқан жоқ: оның соңын сен өз өміріңмен жазып бітіруің керек. Осылайша Иеміз Иса әрқайсымыздан: „Сен енді не істейсің? Әкенің үйіне қадам басасың ба, әлде жоқ па?“ сұрайды.

Оқиғаның бәрібір де соңына жеткені туралы

Осы оқиғаның қашан аяқталғанын білесіз бе? Бұл оқиға парызшылдар Көне Өсиеттің барлық халқымен Понти Пилаттың сарайының алдында тұрған кезде бітті. Тас көпір Ғабатаның үстінде оларға осы оқиғаны айтып берген, оқиғада өзін әке деп бейнелеген адам – Иса Мәсіх тұрды. Ол басына тікенді тәж киген, әбден таяқ жеп, денесі жарадар болған.

Сол кезде парызшылдар оқиғаның соңын: „Оны айқышқа кер!“ деген айқаймен бітірді. Оның соңы: үлкен ұл әкені айқышқа керді. Ол әкесін өлтірді. Бұл сұмдық! Осыдан кейін әлемге және адамзатқа әлі де сенетін адам ақымақ.

Алайда, осы жерде тағы бір үлкен „БІРАҚ“ бар: тірі Құдай Өзінің Патшалығын құруда адамдардың зұлым табиғатын да қолданады. Осылайша, Исаның айқышы –

„соңғы аккорд“ емес, керісінше (маған солай айтуға рұқсат болса), бастапқы аккорд. Иса Мәсіх дәл сол Өзінің өлімінің арқасында, біздің мысалдағы әке, адасқан ұлдарды қабылдайтын әке болды. Өйткені Ол адасқан ұлдардың айыбын алып кетті. Қазір Иса оларға әділдіктің жаңа киімін әперді. Ал тірілгеннен бастап, Ол Өзінің түйрелген қолдарын құтқарылғысы келетін күнәкарларға үздіксіз созып тұр.

Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе сұрақтарыңыз болса, мына мекен-жайға хабарласыңыз:

480031 Алматы қаласы
п/ж 68
Шығыс сәулесі

© «Шығыс сәулесі» баспасы
Кітап тегін таратылады